

ҚҰПИЯЛЫ КОНТРАКТИЛЕР:

кен өндіруші салалар мәмілелерінің құпиялығының аяқталуы



Құпиялы контрактілер:
кен өндіруші салалар
мәмілелерінің құпиялығының
аяқталуы

авторлары: Питер Розенблюм және Сюзан Мэйплс

Авторлық құқығы © 2009 жыл «Revenue Watch» Институты.
Барлық құқығы қорғалған.
ISBN: 978-0-9823566-1-6

«Revenue Watch» Институты рұқсатымен 2010 жылы
Қазақстанда қазақ тіліне аударылған.



SOROS.KZ

Сорос-Қазақстан Қоры
Қазақстан Республикасы
Алматы қ, Желтоқсан көшесі, 111А
Тел.: +7 727 250 3811
www.soros.kz

Осы басылымның мазмұны авторлардың жеке көзқарасы болып табылады және ол
Сорос-Қазақстан Қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Аудармашы: Т. Тілеуханов

Конгресс кітапханасы; Деректер (КВИ) басылымдарында тіркелген.
КВИ тізбесіндегі жазбалар осы кітапқа қатысты талаптарға сәйкес жүргізілуі мүмкін.

«Revenue Watch» Институты тарапынан жарияланған.

1700 Broadway, 17th Floor
New York, NY 10019 USA
Телефон: +1 646 2929 9750
www.revenuewatch.org

Көркемдеу және версткалау: Джудит Ковач («Createch Ltd.» компаниясы)
Венгрияда басылып шығарылған.

Мұқабадағы фотосурет: Кевин Круфф («Getty Images» компаниясы)



Мазмұны

Авторлар	7
Алғыс	9
Қысқартулар тізбесі	11
Қысқаша анықтама	13
Бірінші тарау	
Контрактілердің ашықтығы не үшін керек?	17
Екінші тарау	
Кен орындарын игеру салаларында жасалған контрактілердің құпиялығын қорғау жөніндегі баптарда шын мәнінде не айтылады?	25
Үшінші тарау	
Коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат және қоғамдық қызығушылық	37
Төртінші тарау	
Саяси дәлелдер және қарсы талаптар	47
Бесінші тарау	
Контрактілер жариялылығы тәжірибесінің халықаралық саясат тұрғысындағы қатынасы	55
Қорытынды және ұсыныстар	69
А ҚОСЫМШАСЫ: «Озық тәжірибеде» кездесетін құпиялылықты сақтау туралы мақалалар	77
Б. ҚОСЫМШАСЫ: Құпиялықты сақтау туралы мақалаларды ғаламдық зерттеу	79
В. ҚОСЫМШАСЫ: Ақпарат еркіндігі бойынша заңды қабылдаған мемлекеттер	129
Сілтемелер	133
Алфавиттік көрсеткіш	151



«Revenue Watch» институты

«Revenue Watch» институты (www.revenuewatch.org) – мұнай, газ және минералдық қорларды басқарудағы жауапкершілікті қоғамның игілігі үшін өркендету мәселелері саясатын анықтайтын және гранттар бөлумен айналысатын коммерциялық емес ұйым. Тиімді басқарудың нәтижесінде, азаматтардың қатысуы және мемлекет тарапынан нақты жауапкершілік болғанда ғана, табиғи қорлар ұлттық әл-ауқаттың дамуына және өсуіне ықпал жасайды. «Revenue Watch» институты табиғи байлықтары бар мемлекеттердің артықшылықтарын пайдалану арқылы құралдармен және техникалық көмекпен қамтамасыз етуге және экспорттауға көмек ұсынады.

Адам құқықтары институты – Колумбия университетінің заң факультеті

Институт 1998 жылы құрылған. Адам құқықтары институты, Колумбия университетінің заң факультетінің аясында, мемлекеттік нормаларға сай стипендиялар және тәжірибеде адам құқықтары бойынша білім беру орталығы болып табылады. Институт адам құқықтары саласында оқытудың кешенді бағдарламасын дайындау және теория мен тәжірибе, юриспруденция және басқа да пәндер, адам құқықтарының мемлекеттік нормаларға сай Конституциялық құқығы, сонымен қатар Колумбия университеті, заң факультетінің адам құқықтары бойынша әлемдік қозғалысымен байланысын орнықтыру істерімен айналысады.



Авторлар

Питер Розенблюм

Питер Розенблюм «Lieff, Cabraser, Heimann & Bernstein» ЖШС заң фирмасының мамандандырылған «Адам құқықтары туралы заң» мәселелері бойынша Колумбия университетінің оқытушысы, сонымен қатар Адам құқығы институты оқытушылар құрамының заң фирмасы тарапынан оқытушысы әрі директоры болып табылады.

Осы уақытта жұмыстарының үлкен бөлігін Розенблюм, адам құқықтарын саудалық және инвестициялық режимдерге қарсы арнауға. Ол, Женевада орналасқан БҰҰ адам құқығы Жоғарғы комиссариатының алда болып кеткен ұйымының адам құқықтары жөніндегі маманы, адам құқықтарының халықаралық нормалары бойынша заң тобы бағдарламасының директоры және «Адам құқықтары мәселелері бойынша мониторинг» және адам құқықтары бойынша заңгерлер комитеті ұйымдарының жұмыстарына зерттеулер жүргізуде. Колумбия университетіне келгенге дейін Розенблюм Гарвард университетінің заң факультетінде адам құқықтары мәселелері Бағдарламасы директорының орынбасары қызметінде болған. Ол (Колумбия университеті), өнер бакалавры дәрежесінің иесі, (Колумбия университеті, заң факультетінің), құқылы магистрі, (Солтүстік-батыс университетінің) заң ғылымдары докторы, сонымен қатар (Париж университетінің) тереңдетілген білімі бар дипломның иегері.

Сюзан Мэйплс

Сюзан Мэйплс Адам құқықтары институты жанындағы Колумбия университетінің заң факультетінің заң ғылымдары докторы дәрежесін алған ғылыми қызметкері және «Revenue Watch» институтының заң мәселелері бойынша маманы. Оның зерттеу жұмыстары негізінен кен өндіру салалары контрактілерін талдау және адам құқықтарын заңдық режиммен салыстыру арқылы жүргізіледі. Сюзан өз қызметін Колумбия университеті жанындағы Жер мәселелері институтымен және Европалық комиссиямен ұштастыра отырып, Либерия Үкіметінің контрактілерді зерттеу және олардың шарттарын қайта қарау жұмыстарына көмектеседі. Осыдан аз-ақ уақыт бұрын ол, Картер атындағы орталық команданың Конго Демократиялық Республикасы тау-кен өндірісі министрлігі ұсынған қызметтеріне тәуелсіз сараптама жүргізу және техникалық көмек көрсету мүшесі болған.

Мэйплс жобалар бойынша Әзірбайжан, Камерун, Конго Демократиялық Республикасы, Грузия, Гана, Либерия, Нигерия, Перу және Оңтүстік Африкада эксперименттік зерттеулер, тренингтер жүргізді. Ол (Джорджия штаты университетінің) философия өнері бойынша бакалавр дәрежесінің және (Колумбия университеті заң факультетінің) заң ғылымдары докторы дәрежесінің иегері.





АЛҒЫС

Құпиялар туралы айту оңай емес. Не үкімет, не инвесторлар олардан құпия сақталатын ақпараттар түрлерін тізімдеп айтып беруді, олардың соншалықты құпиялығының сыры неде екенін сұрасаң олар ондай мағлұматтарды айтуды, бөлісуді ұнатпайды. Дегенмен де, кен орындарын игеруде жасалатын контрактілер ашықтығын білуде бөгеттердің болуын түсінуге өте қажетті сауал-ақ.

Сол себептен де біз инженерлермен, заңгерлермен, банкирлермен, үкімет қызметкерлерімен және белгілі бір саладағы талдаушы-мамандармен кездесіп, олардың барлығынан – кім де кім коммерциялық даму үрдісі және кен өндіру бойынша құпиялықтан қаншалықты хабардар екенін білу үшін сөйлестік. Көптеген адамдар бізбен сөйлесті, бірақта әңгіме ресми емес сипатта болды. Мұндай пікірсайыстар, мейлі ресми, немесе ресми емес сипатта өтсін, қаралған мәселе бойынша алынған ақпараттар бағалы деуге тұрарлық. Кейбір респонденттер өздерінің ойларымен, тіпті күрделі сұрақ: үкімет пен компаниялар қандай ақпараттарды құпиялық режимде сақтауды көздейді және қайсы ақпараттар тиісті құпиялық режимде сақталады? Олардың ашықтығы төтенше құнды болғаны олардың біздің зерттеулеріміз төңірегінде қойған сұрақтарға берген жауаптарында еді, сол себептен де біз оларға шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Мүмкін, осы көздер алдағы уақытта кен орындарын игеру саласында жасалатын контрактілердің ашықтығы бойынша талқылаудың басында тұратын болар.

Осы саладағы өздерінің тәжірибесі мен білімдерін ұсынғандардан басқа да, біздің зерттеулерімізге қатысқан және қолдау көрсеткен адамдар болды. Колумбия университетінің көптеген студенттері баға жетпес көмек жасады.

«Төлемдерінді жарияла» (Publish What You Pay) бірлестігі мүшелері, бізге байланысты ақпараттар қажет болған уақыттарда, кеңес беруде де, басқа да мәтінді редакциялауда да үнемі көмек көрсетуге әзір болды. Атап айтқанда, «Global Witness» ұйымының мүшелері, «Oxfam America», «Pacific Environment» банктер және ұйымдар туралы ақпараттар орталығы біздің зерттеулер жүргізудегі және есеп берудегі маңызды серіктестеріміз болды. Қоғамдық ұйымдар арасында, өз уақыттарында және өздеріндегі ақпараттармен бөлісуге ниет білдірмегендер: «Green Alternative/Bankwatch», Мемлекеттік қаржы мониторинг орталығы, «FAR» орталығы, «Экономикалық бастамаларға көмек» ұйымы, Грузияның жас заңгерлері ассоциациясы, «Grupo Propuesta Ciudadana» ұйымы, «Asociación Pro Derechos Humanos» (APRODEH) ассоциациясы, «Derechos, Ambiente y Recursos Naturales» (DAR) ұйымы, «Cooperación» ұйымы, (CENTRO DE ESTUDIOS Y PROMOCION DEL DESARROLLO (DESCO) зерттеуге және дамуға әрекет жасау орталығы, (Green Advocates) «Жасыл қорғаушылар» ұйымы тұрақты даму институты, «Платформа» (Platform) ұйымы, құқықтық сақтандыру орталығы және Қауіпсіздік мәселелерін зерттеу институты.

Біз, БҰҰ арнайы өкілдігінің құқық мәселелері, бизнес мәселелері және адам құқықтары бойынша сарапшысы Андрее Шембергке шексіз ризамыз, себебі контрактілерді қарауда тұжырымдама жасаудың жаңа аймағын ашты. Оның ұсыныстары осы есепті жасау барысында айрықша пайдалы болды. Хайке Майнхардт-Гиббс, банктер бойынша ақпарат орталығының өкілі де контрактілердің ашықтығы мәселелері бойынша тамаша жұмыс жүргізді. Осы есеп беруде біз оның зерттеулерінің қорытындысына



сүйенеміз. Сонымен қатар, біз өзіміздің айрықша ризашылығымызды Аиша Уиверге зерттеу жұмыстарын жүргізудегі, сонымен қатар осы есепті дайындаудағы және редакциялаудағы оның баға жетпес көмегіне айрықша ризашылығымызды білдіреміз.

«Barrows Company» компаниясының жинақталған материалдарына қол жеткізбесек және Колумбия университетінің заң факультеті жанындағы Артур У. Даймонд атындағы Заң кітапханасының кітапханашыларының көрсеткен көмегі болмағанда осы есепті жариялау мүмкіншілігі болмас еді. Солардың қажырлы еңбектерінің арқасында біз жоғарыда көрсетілген материалдарға қол жеткіздік. Сонымен қатар біз Гордон Барроусуға да он-лайн режиміндегі жинақталған материалдарды тауып ұсынғанына ризамыз.

Сонымен, «Revenue Watch» институты басшылығы, оның коллективі, аймақтық координаторлары және басқарушылары тарапынан болған көмек өздерінің қызмет міндеттерінен әріге кетеді. Әрине, әдеттегі кәсіби біліктілікті бұзып, институттың тамаша қызметкерлері туралы, олардың біздің жұмысымызға қосқан үлестері туралы қызыл сөздің тиегін ағытуға болар еді. Сөйтсе де, осы есеп беру олардың демеуінсіз және кеңестерінсіз шығуы мүмкін болмас еді. Сонымен, кеткен барлық қателер мен дәлме-дәлдік еместігі – тек қана авторлардың ісі.



Қысқартулар тізбесі

PWYP	Publish What You Pay («Төлемдерінді жарияла»)
RWI	«Revenue Watch» институты
ЭММҚ	Әзірбайжанның мемлекеттік мұнай қоры
ЭРММҚ	Әзірбайжан Республикасындағы мемлекеттік мұнай компаниясы
АБ	Ақпарат бостандығы
АБЗ	Ақпарат бостандығы туралы заң
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
ББҮТ	Бүкіләлемдік банк ұйымының тобы
БиПи	Бритиш Петролеум
БК	Бірлескен кәсіпорын
БТД	Баку-Тбилиси-Джейхан
БҮҮ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДМҚЖ	Даму мәселелері бойынша құқық және жауапкершілік
ЕО	Евроодақ
ЖМБ	Жер мәселелерін басқару бойынша бюро
ИККА	Инвестициялар кепілдігі бойынша көпқырлы агенттік
ҚААТТЗ	Қоғамдық ақпараттардың ашықтығы және түсініктілігі туралы түбегейлі заңы
ҚДР	Конго Демократиялық Республикасы
ҚҚБК	Құнды қағаздар және биржа бойынша комиссия
ҚҚҚСТ	Қоғамдық қатынастар қатысуына қойылатын стратегиялық талап
ҚМЖК	Қабылдаушы мемлекетпен жасалған келісім
КСАБ	Кен өндіру салаларының ашықтығы бастамасы
КСДАЗ	Кен өндіруші салалардың деректерін ашу туралы заң
КФЛ	Кинросс-Форрест Лимитед
МҚИК	Минералдық қорларды игеру туралы келісім
ӨБК	Өнімдерді бөлу туралы келісім
ӨБК	Өнімдерді бөлу туралы контракт
ТФМ	Тенке Фунгуруме Майнинг
ТДИ	Тұрақты даму институты
ҮК	Үкіметаралық келісімдер
ҮЕҮ	Үкіметтік емес ұйымдар
ХҚҚДБ	Халықаралық қайта құру және даму банкі
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ХҚИ	Халықаралық қаржы институттары
ХҚК	Халықаралық қаржы корпорациясы
ХДА	Халықаралық даму ассоциациясы
ШТИ	Шетелдік тура инвестициялар
ЭБМКБ	Экономиканы басқару мәселелеріне көмек көрсету бағдарламасы
ЭКА	Экспорттық несие агентігі



Қысқаша анықтама

Контрактілер және халықаралық коммерциялық қатынастарға қатысты заңдарға сәйкес бизнесті пайда табу мақсатында өзара жүргізетін акционерлер алдында жауапкершілікте болатын екі заңды тұлғаны елестетеміз. Бұл жердегі түсінік былай, егерде екі жақта мемлекет тарапынан болмаса, онда олар өз азаматтарының алдында жауапкершілікте болады. Үкімет өзі іске асыратын бизнес бойынша олардың міндеттері мен қызығушылығы қомақты көлемде пайда табу мақсатын көздейді. Шын мәнінде, екіжақты келісім жасаушылар арасындағы құпиялылық мұндай контрактілерде көрсетілмейді. Үкімет жасалатын барлық контрактілердің, атап айтқанда ол, жол жасауға немесе тауар алуға жасалған контракт болсын жауапкершілігін өз құзырына алуы керек. Ал, мынадай жағдайларда контракт құралы – қайта қалпына келтірілмейтін көздерден болса, онда олардың байыпты тексерілуі қажеттігі туындайды. Осыған байланысты, тау-кен және мұнай-газ салаларына жасалатын контрактілерге деген бүкіләлем азаматтарының қызығушылығы ойландырмай қоймайды. Көптеген секторларда контракт жасау барысында олардың ашықтығын қамтамасыз ету талаптары жиі көтеріледі. Мемлекет пен инвесторлар арасында жасалған контрактілер арасында мұндай талаптар (қайта қалпына келтірілмейтін көздерге қарағанда) өткір және тез арада болмаса да бар. Мемлекеттік сыбайлас жемқорлық және кен өндіру салаларын басқарудағы адалдықтың сақталмауы, сонымен қатар қоршаған орта жағдайының нашарлауы, тұрғындардың орын ауыстыруы, адам құқықтарының бұзылуы, шиеленіскен жанжалдардың болуы, дұрыс басшының болуын және жауапкершілік деңгейінің жоғары болуын талап ету-кен игеру салаларында бұрын-соңды болмаған еді. Осы есеп беруді жасаудағы негізгі мақсаттардың бірі-кен өндіру өндірісі салалары мен үкіметтермен (қабылдаушы мемлекеттер сияқты компанияға иелік жасаушы мемлекеттер де) инвесторлармен, банктермен және қоғамдық ұйымдармен кен игеру саласындағы контрактілердің деректері мен құпиялығын ашу жөнінде маңызды пікір алмасуға жағдай жасауға негізделген. Осы есепте контрактілер бойынша деректерді ашу қатынастары барысында үкімет және компаниялар жағынан да қарсылықтарға тап болғанын көрсеттік, олардың құқықтық және саяси көзқарастары бойынша, шындығында, заң негізінде контрактілердің ашықтығын көрсетуге мүмкіншілік бар екеніне талдау жасалды. Біздің міндетіміз – қандай ақпараттар заңды және қандай негіздерде құпиялығының сақталуы мүмкіншілігі бар және қандай жағдайда Азаматтық қоғам институттары осы мәселені шешуде қандай жағдайда ықпал ете алады. Біз эксперттер мен сарапшылардан интервью арқылы алған деректерімізді пайдаландық.

Тиісті құжаттарды мұқият зерттеу және жеке тәжірибесі негізінде жүргізілді: солай бола тұра, біз өзіміздің зерттеулеріміз статистикалық тәжірибеде маңызды деп талап қоя алмаймыз. Алайда, осы есептегі ең маңызды қорытынды дәлелдері мәселелердің шешімін қамтамасыз етуде қорларды және салалардағы контрактілердің тұрақтылығын, әсіресе контрактілер шарттары бірнеше рет қаралатын жағдайларда олардың тұрақтылығын айрықша адал басқаруды қамтамасыз ету. Уақыттың ағымына сай, Үкімет айрықша адал мәмілелер жасауға қол жеткізді, себебі үкімет пен компаниялар арасындағы ақпараттық асимметрия жоғалады. Өте жақын болашақта мемлекеттік ведомстволар контрактілердің ашықтығына жауап беруге, контрактілерді басқару және олардың орындалуын қамтамасыз етуге, (ал ондайлар көп) қосарлана жұмыс атқарады. Контрактілердің шарттарын үкімет қызметкерлеріне үлкен ауқымда жария етуге берілуі, жосықсыз мәміле жасауға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, төмен біліктілікті және басқа да жағдайларды болдырмауға үлкен ықпал етеді. Азаматтар кен игеру салаларында жасалатын шарттардың, егер ол шарттар көпшілікке тараған болса, со-

нымен қатар келісім жасаған тараптар шарттарын түсіндірсе, оның күрделі сипаттарын жақсы түсінер еді. Мемлекет пен компаниялар бәлкім айрықша ештеңені де жасырмауы мүмкін, дегенмен, контрактілердің ашылуын реттеу жоққа тән, ал, алдарынан өткен материалдар жасырын істердің бар екені туралы ойға жетелеп, көңілге қорқыныш ұялатады, осыларды қабылдау демагогтар мен саясаткерлерге негіз беріп, олардың контрактілерді ол жерде оның қажеті шамалы болса да, қайта қарауды ұсынып, ұрандатып әкетулеріне жол береді. Контрактілердің ашықтығы тұрақты және ұзақ мерзімдік контрактілерді жасауға әкеледі. Мұндай жағдайлар тұрғылықты халық тарапынан болатын күдікті сейілтеді, сонымен қатар үкімет пен компанияның адал контрактілер, жасауына ынталылығы артады. Қысқаша айтқанда, контрактілердің ашықтығы табиғи байлықтарды басқарудағы жауапкершілікті және экономиканың дамуына жағдай туғызу мақсатын қамтамасыз етеді. Алынған контрактілердің көптеген артықшылықтарына қарамастан кен өндіру салаларындағы контрактілерге жүйелі түрде қол жеткізуді қамтамасыз етуге тосқауылдар әлі сақталған. Кейбір жағдайларда, бұл дұрыс түсінбеушіліктен (немесе қате қабылдаудан), яғни контрактілер негізі ұсынады және оның мазмұны қандай деген сұрақтарға жетелейді. Контрактілердің қажеттілігі мемлекет міндеттемелерінің ерекшеліктерін және кен игеру жобаларын жүргізетін компаниялардың немесе компания консорциумын егжей-тегжейлі қамтамасыз етуге байланысты. Бөлшектердің қарапайым болуы мүмкін, солар туралы бірнеше жазба жолдарын стандартты шартқа тіркесе болды, немесе күрделі инвестициялар, салық салу және қоршаған ортаны қорғау бойынша заңдар жиынтығы болуы мүмкін. Әр шарт бөлшектерін тексерудің маңыздылығы нақтылы жағдайларға тәуелді. Мысалы, келісім шарттың үлкен бөлігі мемлекеттік заңдардан тұруы мүмкін, сонымен қатар шарттар мен ережелерге қатысты жағдайларда оларға шектеулер қойылады, сол уақытта жарияланған «стандартты контракт» оларды маңыздылығы жағынан анағұрлым артық қамтамасыз ете алады. Бір жағынан алғанда, контракт біздегі бүгінгі таңдағы деректер болуы әбден мүмкін, осы саладағы көптеген контрактілер осысымен ерекшеленеді – салықтық, инвестициялық және табиғатты қорғау ережелерімен маңыздылығы жағынан мемлекетке келіп тіреледі. Ешкім де осы саладағы халықаралық келісімдердің, заңдар мен нормативтік актілердің жария болу қажеттілігіне ешкім де дауласпайды, солай бола тұра контрактілер көрсетілген қызмет түрлерін орындайды, олардың ашық болуы ережеге жатпайды.

Кен игеру салаларындағы құпиялылықтың шын мәнінде айрықша тарап кеткендігі соншалық жуық араға дейінгі уақытта не мемлекет, не компаниялар осы болған жағдайларды қорғауға тұратын дәлелдемелерді дайындамаған. Мемлекетпен компаниялар осы құпия «тозаң» жапқан келісімдер үшін бір-бірін айыптайды. Ережедегідей, анықталған шағымдар, сату құпиялары немесе коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттар құпталмайды және де қатысушылардың ешқайсысы да, ашық түрде жемқорлық, биліктің даму үрдісі немесе құзыретсіздікті ашық талқыламайды, мұның бәрі контрактілерді ашуда белгілі болды.

Әдетте құпиялықты сақтау дәлелдемелерінің жиі кездесетінінің түп тамыры коммерциялық тәжірибеде қолдау тапқан, ал, контракт жасаушы тараптар шарт деректерін заң шегінде ғана айқындайды. Бұл дәлелдемелердің маңыздылығы жеткілікті, алайда олар ақпараттарға үкіметтің айрықша міндеттемелерінің және демократиялық құқығы бар екенін есепке алмайды. Бүкіләлем бойынша мұнай-газ және таукен салаларын игеруге жасалған контрактілердің құпиялығы сақталуы бойынша 150-астам мақалаларды осы есепті жасау барысында зерттедік. Зерттеу барысында біз тек қана бір ғана контрактіде қоғамның ақпараттарға деген қызығушылығы компанияның құпиялығын сақтаудан да жоғары тұруы қажет екеніне көз жеткіздік. 2005 жылы Данияда қабылданған типтік лицензияда көмірсутекті кен орындарын барлау және табу жұмыстарын жүргізу туралы:

«[Ақпараттың ашылуы мүмкін, егер] ешқандай заңдылық қызығушылық Лицензиаттан ешқандай ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етуді талап етпейді; құпиялықты сақтауда қоғамдық көзқарастың мүддесі лицензиаттың мүддесінен сөзсіз жоғары тұрады; жалпы сипаттағы ақпараттар қоғамдық пікірлерді жария жасау арқылы ұсынады [...]».²

Сонымен қатар, жеке тұлғалар арасында жасалған жалпыға бірдей және заңды контрактілердің құпиялығын қорғау жөніндегі баптары ақпараттардың қоғамдық топтардың қолына түспеулері мақсатында пайдаланылады, ал тәжірибеде жеке тұлғалар арасында жасалған контрактілердің құпия болуы салыстырмалы түрде ғана. Салаларда құпия контрактілердің сатылуы да, сатып алынуы да, сонымен қатар, тіпті маңыздылығы санатының талданылуы да мүмкін. Кейбір контрактілердің немесе олардың маңызды бөліктерінің шарттары инвесторлар арқылы құнды қағаздарға жасалатын мәмілелер ережесінің талаптарына сай реттеледі. Басқа контрактіде жазылған деректер, жасалған тізбеге сәйкес әріптестердің электрондық пошталарына жіберіледі. Ал, үлкен жобаларға келсек, әдетте, бәсекелестер бір контракті жағынан шығып деректерге қолжетімділігін дәлелдеп береді. Ақпараттардың мұндай асимметриясы үкіметке қарағанда, компаниялардың контрактілердің ашықтығын қамтамасыз етуге құлықсыздығының бір салдары болуы әбден мүмкін. Компанияның өзінің әріптесіне қарағанда мұндай артықшылығының болуы қисынға сәйкес, әрине, пайдалы мәміле жасауға әкеледі.

Екінші тарауда көрсетілгендей, салаларда өте жиі пайдалынатын ағымдағы құпиялықты сақтау туралы баптар, көп жағдайда деректердің ашылып кетуіне, кейбір компаниялар мен мемлекеттің талаптарының орындалуына толықтай тосқауыл қоя алмайды. Солай бола тұра, мемлекет те, жеке сектор да осы көзқарастан ауытқымауды, демократиялық жауапкершіліктің құндылықтарына қайшы келсе де осы баптармен белгіленген мақсатқа қызмет көрсетуін қалайды. Бұл халықаралық теория құқығына, әсіресе келісімдердің ашықтығын қолдауға, бүкіләлем мемлекеттеріндегі ақпарат бостандығы заңдарына, сонымен қатар, мемлекеттік құжаттарды жалпы жариялыққа беруден бастау алуына ақпарат алу құқығына айрықша кереғарлықты көрсетеді. Осы екі бағыт та халықаралық заңнамада және мемлекеттің ішкі заңдарында деректердің ашылуына қарсы дәлелдемелерді, тосқауылдарды және басқа да құқықтық мүдде тепе-теңдігінің қосарлы сақталуын негізгі құрал ретінде жою болатын.

Айрықша құпиялыққа байланысты құқықтық дәлелдемелерге қатысты инвесторды коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттың қорғалуына жағдай туғызу және «болар-болмас жеңілдік жасау» мақсатында жүтіретін үкіметтің алдын алу. Компаниялар белгілі бір жабық ақпараттарды ашуға, егер де олардың бәсекелестігіне нұқсан келетін болса міндетті болмауы керек; мемлекеттің тартымсыз мәмілелерді теңестіруге мәжбірлеуіне болмайды. Бүгінгі күнмен салыстыратын болсақ, ең дәлелді деңгейдегі құпиялықтың өзі сенімді ақтай алмайды. Шын мәнінде, бұл контрактілердің ашықтығына байланысты тарамауы да мүмкін, – үшінші тарауда кейбір коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттар қорғалуды қажет етпейді, себебі оның көп бөлімдері басқа заң талаптарына сәйкес ашылуға жатады, биржаларда арнайы тіркелген корпорациялар туралы заңда және келісім-шарттарда да тәжірибеде де ештеңе ашылмайды.

Мемлекет үшін «адал емес мәмілелерді» ашу әрине қолайсыз, бірақ мұнда тұрған ештеңе жоқ. Осындай орын алушылық соңғы уақыттарда ашылу деректері бойынша бейтарап та, немесе өзіндік бағдарымен тиімді.³ Соған қарамастан, контракт бойынша базадағы деректер жүйелі түрде басылмаса да, ара-тұра шығып кеткен және ашылған деректер бойынша ақпараттар компанияларға да, оларды қабылдаған мемлекеттерге де соншалықты зиян келтіре қойған жоқ. Істегі халықаралық саясат және контрактілер

ашықтығының тәжірибедегі қатынастары туралы бесінші тарауда толықтай қарастырылған.

Мемлекет те және жеке сектордың өкілдері де, жоғарыда келтірілген дәлелдерге қарсы қатысты айрықша пікірлерді ұсынбады, сонда олар контрактілердің ашықтығына неге қарсы бола береді. Мұның бір себебі, жемқорлық болуы мүмкін. Сонымен қатар, олардың құзыреттіліктеріндегі деректердің ашылуы жеткілікті түрде қарамаудан немесе ымырашылдық жағдайлардың болғандығынан, ол туралы айтқылары келмегендіктен деп есептеуге болады. Үкімет пен компаниялар деректердің ашылуы алда қабылданған шешімдердің дұрыстығына немесе контракт шарттары талаптарын қайта қарауға әкеле ме деп қорқуларына болады. Келісімдердің әсер ету ауқымын есепке алсақ, осындай субъектілердің табылып қалуы, әсіресе келісімнің кейбір шарттары оларды қанағаттандырмауы мүмкін, бұл әсіресе, тараптардың бірі мемлекет болып тұрған жағдайда. Бұл контексте компания да және мемлекет те деректердің ашылуына жол бермеуге тырысады, бұл дегеніңіз ары қарай дауласуға қосымша негіз береді. Төртінші тарауда контрактілердің ашықтығына қарсы әртүрлі саяси дәлелдемелер және де мұндай қателіктің себептері негізсіздігі қарастырылған.

Осы контексте деректерді ашуға деген қарсылық істі одан әрі ушықтырып жіберуі мүмкін. Контрактілердің кво-мәртебе құпиялығы жуық арада компаниялар мен үкімет үшін қауыпты соқпақ болады. Бұл мәселенің қарсылықтарға қарамастан, ондаған жылдар бойы сақталуы, контрактілердің құпиялығы қатысушы тараптарға ешқандай артықшылық бермейді. Контрактілердің ашықтығын қолдауды дәлелдеу негізді, ал қолдамайтын дәлелдерді жіті тексеріп қарағанда нашар екені көрініп тұрады.

■ ■ ■ БІРІНШІ ТАРАУ

Контрактілердің ашықтығы не үшін керек?

Қазіргі кезде контракт жасау үрдісінің жариялылығы турасында мәселелер көбейіп, осы бастаманы әртүрлі ұйымдар мен институттардың қолдау көрсетуі үздіксіз артып келеді. «Revenue Watch» (RWI) институты сияқты қоғамдық ұйымдар мен «Төлемдеріңді жарияла» (PWYP), атты бірлестіктер де жариялыққа үндеген өзге ұйымдармен қатар бірдей үн қосады. Контрактілердің жариялылығына Бүкіләлемдік банктер, ХВҚ және ХҚК сияқты қаржылық институттар да үн қосады. Бұл қозғалысқа үн қосатын Қаржылық институттар арасындағы ең белсенді өкілі – ХВҚ болып есептеледі. ХВҚ – осы қозғалыстар арасындағы үлгі-өнегелік көрсету тұрғысында кен игерушілер саласы бойынша ең алғашқы болып жариялылықтың үлгісін көрсетті.⁴ Көптеген елдердің үкіметі мұнайгаз, таукен өндірісі саласы бойынша Парламентте жалпықоғамдық дауыс берушілік жөніндегі контракт жасау барысын жариялылықты талап етіп қойды. Ал, көптеген мемлекеттер, оның ішінде: Шығыс Тимор, Перу, Эквадор сияқты елдер Парламенттегі мұндай жариялықтың жетіспейтіндігін білдіріп, кен игеру саласындағы контракт түрлерін жұртшылыққа жария етті. Ал, кейбір елдер, мысалы Либерия өзінің ӨӨАБ заңындағы; кейінгі кезде ғана құрылым тауып, қарқынды өсе бастаған кен игеру орындарында кен қорыту саласын негізгі мүдде деп есептеп контракт жасаудағы жариялылықты толық құптай қолдайды. Төменде, контракт жасаудағы жариялылықтың жиі кездесетін тиімділігін негізге алып, мысалдар келтірілді.

Контракт жасау келісімдерінің жариялылығы табиғи кен қоймаларының меңгерушілерінің жауапкершілігіне міндет жүктейтін және экономикалық дамуы мен мүмкіндігінің өсуін қамтамасыз етуге түрткі беретін жатымды құбылыс болып есептеледі. Контракт жасаудың жариялылығы үкімет орындарына да, азаматтарға да, инвесторларға да үлкен пайдасын тигізеді. Егер үкімет өз контрактілерінен басқадай контрактілермен танысуға жол таба білсе, келісімдерде өз мүдделерін көздейтін контракт жасауларына мүмкіндік туады. Ондай бастамалар өндіріс орындарында баршылық. Мемлекеттік ведомствалардың жүзеге асырулары мен басқару істеріндегі үйлесімділік контракт арқылы жүрсе, тиімді болатыны белгілі. Бұл жағдай, өз кезегінде, екіжақты контракт жасау қайта қараудың туындауларын азайтып, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасау жағдайларын арттырады.

Азаматтар өздерінің үкіметтері олардың кен игеру қорларын сатудағы жағдайлармен еркін таныса алады.⁵ Әлемдегі көпшілік елдерде жер қыртысындағы минералдық заттар, мұнай мен газ жеке біреулердің билігіндегі меншігі емес, халықтың меншігі болып есептелінеді.⁶ Мұндай жағдайларды түбегейлі жіктеу барысы тұрғындардың меншігіндегі дүниелерді талдау ісінде жай немқұрайды іске жатпайтыны анық. Алайда, минералды заттар мен көмірсутектілік қорлары бар кендерден салалық аймақтардың, жергілікті тұрғындардың және мемлекеттің пайдалануына тиесілі кен байлығын пайдалануларында қайшылықтар болулары әбден мүмкін. Сондықтан, мұнай, газ, минералдық қор көздері сияқты кен орындарымен жасалған контрактілер жоғарыдағы кен орындары туралы хабар-ошарларды ашық жариялаулары керек, жұртшылық ондай мағлұматтармен танысулары қажет. Өйткені, олар да жаңағы кен орындарының иесіне жатады. Контрактілердің «құндық бағасы» тек сан мөлшерімен ғана бағаланбайды. Жасалынған контрактілер, көбінесе қаражаттық жағдайларды, қауіп-қатерге қарай бөліністерді еске-

ру – келісімге отырудағы түсетін пайда мен қауіп-қатер істерінің басты көрсеткіші болып есептеледі. Контракт жасасудың басты бөлігі болып саналатын қаржылық мәселелерімен бірге, контрактінің тағы басқа да көптеген жағдайлары туындауы мүмкін. Ондай жағдайлардың ішінде азаматтарға тікелей қатысы бар: қоршаған ортаға келтіретін әсерін азайту, табиғатты қорғау шаралары, жерді пайдалану бөліктері мен жерді бөлісу құқығы, сонымен бірге, жергілікті тұрғындардың қоныс ауыстырушылығына еріктілігі мәселелері де келісім жасауға кіреді.

Мұндай контрактілерді жасырын ұстау бұқарашылдыққа жатпайды. Контрактілердің негізгі мәні, қоғамдық кен орындарын игерудің заңдық көрінісі болып саналады, ал құқықтық негіздердің басты көрінісі – заң мөлшерлері жұртшылыққа жариялы түрде болулары керек. Ал, кен игеру орындарындағы көпшілік жобалардың мөлшері мен мазмұны соншалықты үлкен болғандықтан, оларға жұмсалатын қаржы өте үлкен көлемді жұртты қамтып, солардың тым көп іс-әрекеттерін қажет қылады. Мұндай жобаларды іске асыруды қажет ететін контрактілер тұрғындарды қамту үшін көп мөлшерлі шығындарды қажет етеді. Ал, контрактілер өзінің жеке заңын қалыптастырып, қолданылып заңды тұрғыларына өз өзгерістерін қажет етіп, ескіре бастаған немесе толыққанды емес заңдарға өзгерістер енгізеді, қолданыстағы кейбір заңдарды «қажетсіз» қалтырады. Мұндай контрактілердің халық алдындағы ерекше маңызы арта түседі. Әрбір ұшықтың нүктелерінен бастап: кен өндіру ісіне шешім қабылдаудан бастап, барлау және талдау, қаржы жинау және түскен түсімнің пайдасын мемлекет тарапынан қажетке жарату ісіне дейінгі аралықта, жергілікті тұрғындар үшін түсімнің бағасын өсіруге немесе кемітуге керекті қажеттіктер пайда болады. Контракті жасау жариялылығы, қордың кең көлемде өсуі мен дамуы барысындағы жетілуінің негізгі көрсеткіші болып есептеледі. Және, оның үстіне, контрактімен толық таныс болмайынша, оның қосымша құн мөлшерінің толық бағасын алу мүмкін емес, бағаның кемітілу үрдісін азаматтардың қатынасынсыз белгілеу мөлшері толық нәтиже бере алмайды. Контракт жасау ісінің әсерлілігі үшін жариялық аса қажет, әсіресе, қоғамдық істер мен табиғатты қорғау ісіндегі жөнсіздіктерге байланысты тексерулер жүргізуді талап ету ерекше тиімді.

Контрактілердің жариялылығы болмаған жерде мүдделі жақтардың арасында сенімсіздік пен қорқыныш ұялап, қайшылықтар туады. Контрактілер жасалғаннан кейін олар турасындағы есеп-қисап барысында, кейбір елде ұлттық жарыс сөзге айналып, сонымен қоса, халықаралық ұйымдар ұйымдастырған компанияларда да пікір сайыстары өткізілді. Мысалы «Oxfam», «Amnesty International» және «Global Witness», және жергілікті қоғамдық ұйымдар контракт жасау бөлімдерінде тым хабар-ошар білушілікті танытып, контракт жасау барысында білгірлік білдіреді және контрактінің дау-шарлы бөліктерінде де келісімсіздік танытады. «Amnesty International» бірлестігі дайындаған Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) және Чад-Камерун бағыттары бойынша құбыр жүргізуге жасалған контрактілер, сол сияқты, Либериядағы «Mittal Steel» компаниясы жасаған қоғамдық ұйымдар есеп-қисабы жариялылық тұрғысында халықаралық дәрежеде үлкен қозғалысқа ие болды.⁷ Либериядағы және Конго Демократиялық Республикасындағы ұлттық компаниялардың арқасында контрактілерге байланысты мәселелер көптеп көтерілді. Ондай контрактілер көп жылдарға созылған соғыстың салдарынан, табанды түрде қайта жаңғырудың жоқтығынан көптеген жылдар бойы бөгет жасалған еді. Жариялылықтың арқасында үнемі қузап, үндеудің әсерімен осыған шейін нақты мағлұматты бүркемелеп келсе, әдейі жасағандай көрінетін.

Контракттар жасаудың жариялылығының дұрыстығы үкіметке де кен орындарын игерудің тиімділігін қамтамасыз етеді. Үкімет пен компанияның арасындағы байланыс істерінің ұзақ уақытқа келісім жасауларына өте пайдалы және жемқорлыққа да шектеу жасайды. Бұл компаниялармен келісім жасау барысында үкімет, көбінесе, тиімсіз жағдайларға тап келеді.

Үкімет өз азаматтарының мүддесі үшін негізгі қажеттіктермен келісе тұрғанымен, хабар-ошардың таралуы нәтижесінде толыққанды келісім жасай алмай қалулары ықтимал. Контрактілердің жариялылығы біртекті бәсекелестер құру барысында компаниялар мен үкіметтің пайдасы үшін маңызды роль атқарады. Кей реттерде үкімет өз азаматтарының мүддесінің қам-қаракеттерін көземеулері де мүмкін, ондай да пайда табу мақсаты үшін ғана емес, агенттер табандылығының туындаған мәселелерінің әсерінен де болады. Хабар-ошарлар тасқынының көптігінен саясат пен үкіметтің жағдайына жете қаныққан азаматтардың мүддесіне назар аударып, агенттер мүддесіне азырақ көңіл бөлетін болады. Қоғам өкілдерінің контрактілерге деген таныс-білістілігі және оларды ұғынулары көбейген сайын үкіметтің ынталығы да, іс атқарушылардың талаптары да көбейе бермек; ал, бұл жағдайлар, өз кезегінде, контракт жасаудың неғұрлым ұзақ мерзімділігі артып, контракт жасасу мүддесінің қайта қаралу қажеттігінің уақыты солғұрлым кеми бермек. Ақыр соңында, контрактілерді жиі-жиі жариялап отыру, келісімдерге қажетті ерекше жағдайларды оған қоса беруді азайтады. Ондай үсті-үстіне тықпалай беру жемқорлықты ауыздықтайды. Мұның бәрі, әсіресе, кейбір ерекшеліктері бар жағдайлармен контрактіге отыратын елдер үшін тән құбылыстар. Контракт жасасу барысында кездесетін алшақтықтар, жемқорлықтың басты көрінісі болмаса да, ерекше бір екіжақтық мүдделі келісімдердің белгісі есебінде белгі беруі әбден мүмкін.

Жасалған контрактілердің жариялылығының арқасында өндіріс салаларына мемлекет тарапынан пәрменді түрде ықпал жүргізудің беделі артпақ. Табиғи кен көздерінің игерілуіне байланысты туындайтын қайшылықтар, мемлекет басшылары тобына немесе мемлекеттің заң жүргізу саласындағы басшылар тобына, салық органдарына да таратылуы мүмкін. Өйткені, контракт жасасу барысы табиғи кен көздерінің жеке бір ғана тармақтық саласы болып саналатын жағдайлары жиі кездеседі. Жариялылық үкіметтің өз ішіндегі таралымдарын кеңейтіп, оның өз ішіндегі топтары мен ведомстволарының құқықтық және жүйелілік міндеттерін нығайтып, жауапкершіліктерін арттыра түспек.

Неге олай? Кейбір мемлекеттер контрактілерді үнемі жарыққа шығарып отырғандарымен, жариялылық басты көрсеткішке жата бермейді.⁸ Өндіріс салалары мен мемлекет арасындағы бір-біріне деген қарсы дәлелдері тым жеткіліксіз жүйеленген (бұл жағдайлар келесі тарауда қаралады). Бір-біріне деген мұндай қарсы дәлелдер мына мәселелерді қамтиды:

- коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттарды қорғаудың қажеттілігі;
- концессиялық мәмілелердің теңгермешілдігіне деген қорқыныш немесе «жолберушілік бәсекесіне» деген жарысушылық;
- қарсылас тұлғадан қашқақтап жүру және іспен орашолақтығы мен жемқорлықты жариялаудан қашқалақтау.

Бұл жағдайлар жеке саладағы құпиялыққа жол ашқанымен, күнделікті тәжірибедегі кездесетін негізгі себептердің желісі басқа тұрғыларда жатыр: Солардың ішіндегі басты түйінге мына жағдай жатады: «ешкім сұраған жоқ». Жабық-жасырындық – тым қалыптасып кеткен дағды, бұл жағдай компанияларға пәлендей зиян келтіре қоймайды, өйткені олар контрактілерге үлкен бостандыққа ие, ал, ондай бостандық үкімет тарапынан тым шектеулі. Әлдебір маңызды ынталылық кездесе қоймаса ешкім де, үйреншікті дағдыдан ауытқып, тәуекелге бара қоймайтыны анық. Шындығында, соңғы кездері ондай тәуекел ешкімде кездесе қойған да емес. 1970-жыл аяқталып ұлттық меншік жүргізілгеннен бергіде дау-шарлар да жиілей бастады, жемқорлық көбейді, мұнайға деген баға аспандап кетті, 1990 жылдардағы «қырғи қабақ соғыс»

аяқталғаннан кейінгі кездері компанияларға және басқа елдерге деген қысым контрактілердің ашылған тұстарында ара-тұра ғана бой көрсетеді. Тіпті, кен өндіру бөліктерінің жоспарлау істеріндегі әлеуметтік және экологиялық мүдделеріне, сонымен бірге адам құқығына байланысты және контрактілердегі мәселелерге байланысты жариялылыққа назар аударылмай қалды.

Чад-Камерун бағытындағы құбыр жүргізу жобасы төңірегіндегі жігерлі іс-әрекеттер азаматтардың контрактіге деген ынталарын арттырды. Чад-Камерун құбырын қаржыландыру мақсатында 1998 жылы Дүниежүзілік банктен қаржы құралды. Жемқор жебірлердің үлестерінде кетпеуі үшін жергілікті және халықаралық үлес қосушы қамқоршылар жобаны тоқтатып, қайта өзгерту енгізудің қажеттігін ұсынды. Барлау мен кен өндіру жүйесіндегі жобалық қайшылықтар және құбыр жүргізудегі жобадағы кемшіліктер көптеген іс барысына әкеліп соқты. Мұндай жағдайлардың әсерін залалсыздандырып, қаржы жұмсаудың өрескел ысырап болғанын тежеу, оны қадағалау кезіндегі мемлекет тарапынан да, халықаралық бірлестіктердің іс-әрекеттерінен де кеткен өрескел кемшіліктерді ауыздықтау қажеттілігі туындады. Алайда, құбыр тарту ісіне байланысты контракт жасасу Дүниежүзілік банктерге тәуелді болғандықтан, барлау мен жүйелеу (минералдық қорлар) жарияға айналып, ал жекелей консорциумдармен бұдан он жыл бұрын жасалған контрактілер жария етілмеген. Көрсетілген келісім мүдделерді қорғау барысында күн тәртібіндегі шұғыл мәселелер қойылмаған. Күн тәртібіндегі басты мәселедегі басты назар Бүкіләлемдік банк пен Чад үкіметіндегі жариялылық, сайып келгенде, мемлекет пен инвесторлардың арасындағы келісілген контрактілердің талабын жайып салуға бағытталған. Белсенділер БТД құбырлары бойынша контракт жасауда ашық көрсету талаптарын қатаң ұсыныс қылып, бұл жобаға байланысты қаржыны ХҚИ-нан сұрады.⁹ 2003 жылы «Amnesty International» бірлестігі құбыр жүргізуге байланысты жобаның шартына орай «Адам құқығы қауыпты күйде» деген талдауларын жариялап, онда контракт келісімдеріндегі есептің басты негізі адам құқығы мәселесі екендігі қаралды. «Amnesty International» бірлестігі контрактіні мемлекеттің заңдық жобаларынан оқшауланып, компаниялардың мүмкін болған кезкелген өзгерістері жауапкершіліктерден қашқандығын сынға алды. «Amnesty International» бірлестігі Түркиядағы адам құқығына заңның ықпал етуіне былай дейді:

Келісімде халықаралық стандарттарға бірігіп кетуге үлкен мән беріліп, маңыз аударылған Түркия тарапынан ескерту жасаудың туындайтындығы жоғары. Бұл контракт бойынша құбыр жүргізу ісі халықаралық міндет жүзіндегі әрбір жаңа жүктемеден басталып бұл жобаға тиесілердің үлес салмақтарын екінші сатыға аударып отырады. Екінші жағынан, Түркия бұрынғы бастамаларды жалғастыра беріп, жаңаларын қолдануды жүзеге асыра алады. Мұндай жағдайда, консорциум олардың іске үлкен нұқсан келтіргендіктерін кемістік ретінде қарсы қоя алады. Түркияны өстіп басып қою – оның адам құқығын қорғау ісін сақтауын үнемі естен шығармауларын естеріне түсіріп отырады.¹⁰

Осындай есеп беруді жарыққа шығарғаннан кейін контрактінің, әсіресе, контрактіні талдау жүйелеріндегі тұрақтылықтың маңызы арта берді. Әсіресе, белсенділерге, тіпті айқындала түседі. Контрактілердегі жекелеген жағдайлар болмаса, кейбір оқшау көріністер жасырын контрактілердегі мемлекеттік заңдылыққа нұқсан келтіруіне әкеліп соғатыны анық. Міне, дәл осындай жағдайларда контрактілердің жариялылығының маңыздылығы ерекше арта түсті. Сондай сәттерде кен орнын өңдеу ісіне байланысты жасалған Чад-Камерун контрактілерін қорғаушылар жіті көңіл бөле түсті. «ЭксонМобил» компаниясының өкілдері контрактіні жариялаудан бастартты, олар контрактілердің құпиялығын еш уақытта қуаштамаған. Контракт техникалық жағынан алғанда құпиялыққа жатпайды, өйткені есеп беру

ісінде айтылғандай, кейбір елдер сияқты Чадта да контрактілерді бекіту елдің Парламентінде қаралуды талап етеді. Бұл істің орайында, ешқандай жазба жүргізілмесе де, сірә, 1988 жылы Парламентте контракт бойынша дауыс беру жүргізілген. Соның әсерімен Чадтың қоғамдық ұйымдары контракт алуға қол жеткізді; дүние жүзіне жіберілген таралымдардың бұрыштамасына мөртабан басылып, Чадтағы мұнай ісінің белсенді басшыларының бірі – Жильбера Маунданоджидің қолы қойылған.

Бұл жағдай осы есеп беру ісінің маңызды екі қорытындысын айқындайды: сірә, сол уақыттарда контрактілерді жария ету бойынша кейбір елдерде ғана заң жүзінен талап етіліп, ал, басқа заңдар Парламентте қабылданса да, тек қосалқы тұрғыда ғана жариялауды талап еткен; алайда, бұл заңдардың өзі қаншалықты сақталды, – міне, бұл басқа сұрақ¹¹. Бұдан арғы жерде, контрактілер, шындығында да, салалардың инсайдерлерінің, үкімет шенеуніктерінің, жігерлі белсенділерінің қолдарына түседі.

1.Қандай контрактілер?

Аталған есеп беруде үкімет пен бірлестіктердің арасындағы контрактілер қаралады, олар мемлекет пен инвестордың немесе қабылдаған мемлекет пен (жер асты байлықтарына ие мемлекеттің) арасындағы келісімді ескереді. Аса ірі инвестициялық жобалар контрактілер негізінде жүзеге асырылады да, ал оларды жүзеге асыру барысында тағы да көптеген контрактілер жасалуын қажет етеді.¹² Кейбір сарапшылардың бағалауынша, халықаралық нақтылы «қырық немесе одан да көп контрактілерді жинақтап, он бес жақты тараптарды біріктіріп, шикізатты жеткізушіден бастап, жоспар жасаушының сатып алуына шейінгі аралықты қамтуы қажет».¹³ Өнімді өндірушілер жобадан тыс қалмайды: кейбір сарапшылардың айтуына қарағанда, мұнай өнімдерінің белгілі жобаларына 100-ге шейін контрактілер жасалады, олардың бәрі де жобаларды және одан шығатын жүйелерді қолдайды. Мұндай контрактілердің көпшілігі жеке тұлғалармен жасалады. Мысалы, мердігерлер мен қосалқы мердігерлер, жеке банктер және жұмсайтын қаржыны ұсынатын жеке тұлғалармен жасалады.

Мұндай контрактілердің ішіндегі «негізгі контрактінің» біреуі ғана мемлекет аралық (немесе мемлекеттік компаниялар аралық) болып, немесе компаниялар консорциумі арасында жасалады; бұл құжат басқа контрактілердің алдында басты роль атқарады. Алайда, мұндай салаларда концепциялар үшін қолданылатын стандартты терминдер әзірге жоқ. Бұл терминнің есеп-қисап жүйесіндегі осылай аталуын ұғым ретінде қабылдап, «негізгі контракт» дегенді кен барлау саласы мен қорларды игеру барысындағы контракт деуге тура келеді. Сөйте тұра, бұл айырмашылықтар, көпшілік реттерде саяси қызыл сөзге ден қояды да, құқықтық ерекшелікке мән бере бермейді. Осыған сәйкес, негізгі контрактілер басты төрт нұсқаның біреуінің немесе осы нұсқалардың қосынды жиынтығын қабылдайды: концессиондық келісім, лицензиялық келісім, өнімдерді бөлісу туралы келісім және қызмет көрсету туралы келісім. Және бұларға қоса, егер үкімет әлдебір жобаның акционерлік капиталына қатынасатын болса, онда «негізгі контракт» есебінде үкімет пен компаниялар арасында келісімге жүреді.

Үлкен мағына білдіретін мұндай тақырыптар басқа да әртүрлі атаулар қойылып, контрактілер жасалады. Мысалы, барлау мен игеру, өңдеу жұмыстарына байланысты келісімдер, конкурстық ұсыныстар, лицензиялар мен жалдық келісімдер. Негізгі контрактілер өзінің күрделілігі мен беттік саны жағынан да ерекшеленеді. Мысалы, барлау жұмыстарын жүзеге асыруға арналған сегіз беттік лицензиялық келісімдерден басталады. Өйткені, мұндай келісімдер барлық компанияларда бір-біріне өте ұқсас келеді, бар айырмашылығы, компаниялардың атауларынан бастап, біртекті контрактілеріне шейін ұқсас. Тек қаржылық бөліністердің ғана әртүрлі мәні болады: роялтилердің ставкасы ғана өзгереді. Және минералдық

барлау жұмыстарын өңдеуге арналған 200 беттік келісімдер бар, онда барлық жағдайлар келісім-шартта таратылып, шарт бойынша жазылады. Әрине, қаржыландыру негізіне байланысты басқа да контрактілер кездеседі: операторлық және кен өндіру саласындағы жобаны басқару. Негізгі контрактінің қатыстығына қарай (немесе, тіпті болмаған күнде, қатысты болуы қажет) басқа да көрсетілген контрактілерге тиесілі көптеген мәселелер жатады. Тек, бұл мәселелер заң жүзінде көрсетілген болса ғана бұл есепке қосылмайды. Егер заңдар мен нормативтік актілер құқықтық көпшілік ұжанды кен өндіру компанияларының міндеттері мен міндеттемелерін негіздеп берген болса, онда контрактілер, негізінен, белгілі бір компанияның немесе компания тобының тиесілі жер бөлігіне арналған заңды құқықтарына қызмет етеді. Бұл есеп-қисаптағы «контракт» деген термин лицензия, жалға (беру, алу) келісім ұғымдарын білдіреді.

2. «Негізгі контрактілердегі» ақпараттар

Әртүрлі мүдделі жақтармен кеңесу (үкіметпен, азаматтық қоғамдармен және сала-салалармен), әдетте, негізгі контрактілерге енгізілген ақпараттар кеңістігіне тән келісімсіздіктердің бетін ашып, мемлекеттер арасындағы немесе мемлекеттік компаниялармен кен өндіруші компаниялар арасындағы қажеттіліктерді талдайды. Мұндай келісімсіздіктер контрактілердің жариялылығына бөгет келтіреді. Өйткені, кейбір тұлғалар көрсетілген контрактілерде тиісті ақпараттар енгізілген деген желеуді көлденең тартады, ал шындығында, ондай ақпараттар мүлде қосылмаған.

Барлық негізгі контрактілердің ортақ ұйғарымдарына тоқталсақ, олардың бәріне тән жүйе бар және мынадай ақпараттарды бірдей сараптайды. Контрактілердегі ақпараттардың бүге-шігесі заң қажеттіктерінің талаптары бойынша анықталады.

1. Кіріспе/Декларативтік бөлім/

Контракт, негізінен, қатынасушы жақтарды баяндаудан, контракт жасалған уақыттың күшіне енуі мен контрактінің жалпы мақсаты анықталуымен басталады.

2. Анықтамалары:

Контрактінің бас жағында контрактіде қолданылатын басты терминдердің анықтамасы көрсетіледі.

3. Заңды құқықтардың ресми жариялануын қамтамасыз ету

Мемлекет компанияларымен олардың заңды құқықтарын қамтамасыз етеді.

4. Бақылау

Контрактілерде үкімет пен компаниялардың өндіріс орындарына байланысты шешімдерінің қалай жүргізілетіндігі туралы жағдайлар көрсетілуі мүмкін. Мұндағы ережелерде техникалық комитет, кеңестік комитет немесе көрсетілген шешімдерді шығаруға құқылы басқа ұйымдар қатысады. Сонымен бірге, көрсетілген ұйымдар туралы, олардың қандай істерді атқаратындығы (дауыс беру құқығы, кворум және басқалар), оның отырыстар жүргізу кезіндегі заңгерлік еркіндігі, шешім шығару түрлері және басқа да билігіндегімен міндетіндегі, орындайтын істерінің реттері кіруі мүмкін. Егер мемлекеттің жобандағы акционерлік капиталға тең дәрежедегі үлесі болса, онда контрактідегі қаржылық үлесінің құрылымы мен мөлшері, сақтыққор бөліністері (яғни, мемлекет өзінің үлестік мөлшеріне қарай алатын шикізат тауарының таза көрсеткіш мөлшерін) істелген жұмыстың бақылануы және қабылданған істің реті бойынша алынған шешімдер яғни жоғарыдағы тарауда таратылғандай (дауыс беру құқығы, басқарудағы тиесілі орындардың бөлінуі миноритарлық акционерлерді қорғау, т.б.) құрылымдар көрсетіледі.

5. Құқығы, міндеттері және міндеттемелері:

Бұл тарауда мынадай жағдайлар сипатталады:

- міндеттемелер туралы: жұмыс ісі туралы міндеттеме немесе қаражатты жаратуға қойылатын талаптар, инфрақұрылымға байланысты талаптар, жергілікті және шетелдік мамандарды жұмысқа тарту, оқыту, қауіпсіздік және еңбекті қорғау барысындағы стандарттар; есеп-қисаптық, табиғатты қорғау стандарттары, зиян келтірудің мөлшерін азайтудың шаралары, мемлекеттік және жеке меншіктік жер бөлімдерін алудың тәртібі; жергілікті тұрғындарға төленетін шығындар көлемі, сонымен бірге, жергілікті қоршаған ортаны дамыту міндеттемелері;
- қаржылық жағдайы: лицензиялық және бөлік алымдары, салықтар, роялти, жазылған бонустар, салық төлеуден босату және басқа да міндетті төлемдерден босату, сонымен қоса, салық төлеудің сипаты мен есептелуінің анықтамалары, және басқа да төлемдер;
- қаржылық принциптер: шетелдік валюталарды айырбастауға келісімдер, дивиденттер мен капиталды репатриациялау, қарызды жабу туралы заңнамалар, заемдік капиталдардың жеке меншіктік капиталмен қатынасы, сонымен бірге, компаниялар арасындағы келісімдерді қалыпқа келтірудің шарттары.¹⁴

6. Құпиялылық

Контрактінің соңына таман құпиялылықты сақтау туралы баптар орналастырылады. Онда қандай ақпараттар, құпиялылығы қанша мерзімге, қандай мерзімге дейін сақталатыны анықталады және ауытқудың әртүрлі жағдайлары айтылады.

7. Контракт күшінің тоқтатылуы

Сол сияқты, контракт мерзімінің аяқталар уақыты тақаған шақта және аяқталар уақытына жетпей-ақ түрлі себептермен шартты бұзу себептері туындаса, оны бұзу мерзімі көрсетіледі. Мұндай жағдайларда, келісімнің бұзылу себептерінің дәлелді екендігі баяндалады (мысалы, форс-мажор: ерекше жағдай) сонымен бірге, шартты бұзған жақ істі қайта түзетуге шарт аяқталғанша шаралар қолданса, тіркеліп жазылады. Шарттың ұзартылу мерзімі туралы жағдайлар да оның соңына жазылады.

8. Дау-шардың шешілуі

Дау-шардың шешілуі туралы жазбалар екі жақтың дау-шары әсерінің себебіне байланысты, көбіне, контракт күшінің аяқталуына арналған жазбалармен қатар орналасады немесе екеуі қабат біріктіріледі. Кен өндіру салаларының талаптарына орай, дау-шарлар, көбіне, арбитраждардың араласулары арқылы шешіледі. Тәртіп бұзылған жағдайда қорғаушылық іске байланысты жүйелер келісіледі. «Заңдылықты таңдау жолдары» деген мақала, көп ретте, дау-шарды шешу жағдайларымен байланысты.

9. Құқықтық жолдың кезек берілуі

Бұл тақырыпқа байланысты мақалалар бірлестіктердің жер бөліктерін басқаларға беру мүмкіндігін шешуді, құқықтық реттік жолдарын беруді, көрсетілген осындай жағдайларда үкіметтің араласуы құқығы қамтылады. Бұл мақалада акциялардың компанияларға берілуі мәселесі қаралуы ықтимал.

3. Негізгі контрактіге кіргізілмеген ақпараттар

Барлық сұрақтарға қажетті мұқтаждықтар мен қанағаттандыру мүмкін емес болғандықтан төменде ақпараттардың белгілі түрлерін беріп отырмыз. Олар негізгі контрактілерге қосылған жоқ, бірақ азаматтар қол жеткізуді қажет ететін жағдайларға байланысты сұрақтар:

- қоршаған ортаның әсерін азайтуға арналған шараларға жұмсалатын қаржының шығыны;
- коммерциялық шарттарды бағалау барысындағы ағаттықтар;
- сақтыққордың сапасы және көлемі;
- эксплуатациялық деректер;
- шығындар бойынша ақпарат;
- технологиялық процестер;
- сот қарауындағы дау-шарлар;
- акционерлер туралы мәліметтер;
- табыстар және қолма-қол ақша ағыны туралы деректер;
- күрделі және операциялық шығындар;
- жұмысшылар туралы ақпарат

Жоғарыда келтірілгендей, осы есепті жүргізу ісіндегі басты назар негізгі контрактіге және айтылған ақпараттарға аударылады. Алайда, ақпараттар, әдеттегідей, контрактілер жасалғаннан кейін барып түседі. Мысалы, табыстан жиналған төлемдер, геологиялық ақпараттар, сонымен қатар, алдыңғы тарауда айтылғанындай, құпиялылықты сақтау турасындағы ақпараттар сол қатарға жатады. Осы екі ақпараттардың айырмашылығын жіктеу маңызды іс: (1) контрактінің мазмұнындағы ақпарат, және (2) одан шығып кететін ақпарат. Негізінде, ережедегідей контрактідегі баптың ең соңғысы ғана құпиялылықты сақтауға жатса, екі санаттағылардың да осы айтылған бапқа тура келуге мүмкіншілігі бар.

Кен орындарын игеру салаларында жасалған контрактілердің құпиялығын қорғау жөніндегі баптарда шын мәнінде не айтылады?

Компаниялар және үкімет ешқандай күмәнсіз, жасалған контрактілердің құпиялығын қорғау жөніндегі баптар ақпараттардың ашылуына кедергі келтіреді деп дәлелдейді. Әрине, мұндай дәлелдер бірін-бірі қайталау сипатында болады, себебі компаниялар мен үкімет келісім жасау барысында құпиялықты сақтау туралы бапты енгізеді. Алайда, көптеген жағдайларда құпиялықты сақтау туралы бап тараптардың айтуы бойынша, ақпараттардың ашылуына ешқандай да негізгі кедергі келтірмейді. Тұтастай алғанда, тараптар заң талаптарының тәртібіне сәйкес біржақты немесе келісім бойынша ақпараттарды ашуларына болады. Әрине, тараптар қай уақытта болса да, контрактідегі ақпараттарды ашуға шешім қабылдаса оны іске асыруға толықтай мүмкіншілігі бар.

Жіберілетін маңызды бояулы нүктенің өзі құпиялықты сақтау бабы болып табылады. Контрактіні жасаған тараптар барлық ақпараттар бойынша құпиялықты сақтауға шешім қабылдауларына болады. Контрактілерді жасау принципінің еркіндігі дағдылы ақпараттарды да құпия ұстауға мүмкіндік береді. Осы есепті жасау барысында 150-ден астам мұнайгаз және таукен салаларын игеру бойынша компаниялар мен мемлекет немесе мемлекеттік компаниялар арасында жасалған контрактіге жүргізілген зерттеулер көрсеткендей үкімет, пен компаниялар тура солай жасайды: құпиялықты сақтау бабының үлкен бөлігі құпиялы болмаса да, ақпараттарды кең мөлшерде қорғауға пайдаланады. Алынған үлкен ауқымға қарамастан контрактілердің, құпиялығын сақтау баптарында ақпараттарды ашуға ерік беретін көптеген ерекшеліктері бар.

А. Кен игеру салаларында жасалған контрактілердің құпиялығын сақтау туралы баптар.

Зерттеу қорытындысы бойынша көңіл аударарлық бап, құпиялықтың сақталуы маңыздылығы жағынан стандартты сипатта болатындығы. Мұндай ережелер бір қарағанда, ұқсас болады, әртүрлі варианттар – мемлекеттердің айырмашылығы, контракт түрлері (мысалы, өнімдерді бөлу бойынша келісімдер, таукен жұмыстарын жүргізуге жасалған келісім, жалға алуға жасалған келісім), контрактілерге қол қою уақыты және т.б. Зерттелген баптар бойынша келтірілген мысалдар Б қосымшада келтірілген.

Стандартты келісім баптары типтік түрде болады және контрактілерге жекелей аса үлкен емес түзетулер енгізу немесе оларсыз-ақ тіркеледі. Тұжырымдаманың әртектілігіне қарамастан, барлық зерттелген контрактілерде сол элементтер сондай түрде беріледі. 2006 жылы, VII- баппен қаралған (МРИК) минералдық ресурстарды игеру мен Либерия және компания «Mittal Steel» арасында жасалған келісім келесі тармақтарды құрайды.

1-тармақ. Құпия ақпарат

Осы келісім бойынша осы келісімнің шегінде тараптар алмасатын **Барлық ақпараттар құпиялы ақпараттар болып есептеледі және МРИК VII-баптың 2-тармағына сәйкес құпиялы ақпарат болып оқылады және сондай сапада қаралады.** Осы Келісімді жасаған Тараптар басқа тұлғаға осындай ақпаратты тараптардың екінші жағынан жазбаша түрде келісін алмай, сонымен қатар негізсіз қарсылық және (немесе) осындай келісімді бермей ұстауға жол берілмейді. Алайда жоғарыда көрсетілгендер банктерге және КОНЦЕССИОНЕР немесе ҮКІМЕТ кеңесшілеріне және басқа да осы қызметпен айрықша байланысты тұлғаларға қолданылмайды.

2-тармақ. Жариялы ақпарат

Жоғарыда, VII баптың 1 тармағында қарастырылған құпиялықты сақтау бойынша міндеттемелер осы Келісімді жасаған Тараптар ақпараттарымен алмасқан жағдайда да **жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат болып қабылданбайды,** сонымен қатар **алмасқан ақпараттарды КОНЦЕССИОНЕР қолданыстағы заңға¹⁵ сәйкес** басқа тұлғаларға ашуға міндетті.

Келесі бөлімдерде құпиялықты сақтау туралы баптардың типтік ерекшеліктері және олардың маңыздылығы туралы жазылады.

1. Баптар ауқымды ақпарат кеңістігін құрайды

Зерттелген контрактілер бойынша тек бірнеше ғана бап стандартты модельден өзгешелеу болды. Жоғарыда қаралған құпиялықты сақтау, ережеге сәйкес барлық ақпараттарға қатысты. Маңызды айырмашылық, жоғарыда атап өткеніміздей, 2005 жылы Данияда қабылданған Типтік лицензияда, көмірсутекті кен орындарын ашу және зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы қарастырылған, егерде қоғамның талаптарына жауап бере алатын болса, онда ақпараттардың ашылуына да рұқсат берілуі керек. Осы баптың ерекшелігі тек қана контрактіде көрсетілген ақпаратты ғана емес, қоғамның пікірлерін де есепке алады, дегенмен, барлық ақпараттардың заң жүзінде құпиялы болуы шарт емес екенін мойындайды.

Кейбір контрактілерде, барлық ақпараттардың құпиялығына берілген арыздардан басқа да, ақпараттың құпиялығы туралы нақты мысалдар келтіріледі. Осы талаптарды ақпараттар құпиялығының одан әрі жоғары деңгейде болуына қойылған талап деп қарауымызға болады, мәселен төменде келтірілген техникалық деректерге қатысты.

Қызметке қатысты барлық жоспарлар, карталар, бөлімдер, есептер, есеп құжаттары, ғылыми-техникалық деректер және басқа да ұқсас ақпараттар – Мердігермен құпия ақпарат болып қарастырылады, тіпті Контракт қызметі тоқтатылғаннан кейін де Мердігермен де, оның қосылма тұлғаларымен де бұл ақпараттарды NIOC [Иранның Ұлттық мұнай компаниясының], алдын-

ала жасалған жазбаша келісімсіз жария етулеріне болмайды, тек қана заңға сәйкес, есеп беруді дайындау немесе жариялау қажет болғанда ғана іске асырылады. Тараптардың екі жағы да толықтай лицензияда көрсетілген, меншікті технологияға қатысты лицензиялық шектеулерді, осы істің аяқталуы мерзімінің соңына дейін сақталуын қамтамасыз етеді.¹⁶

Кен игеру салаларындағы Келісімдерде көрсетілетін құпиялықты сақтау туралы бір типті баптар коммерциялық шарттарда кездеспейді. 250-ден астам құпиялықты сақтау туралы баптарды зерттеу барысында, көптеген құпиялықты сақтау туралы салалармен жасалған, кен игеруге қатыссыз коммерциялық контрактілерде зерттеушілер: «Контрактідегі басқа баптарға қарағанда, құпиялықты сақтау бойынша жасалған бап ыждаһатты орындалған».¹⁷ Кейбір салаларда жасалатын контрактілерде ақпараттарға қатысты баптар қарапайым құрастырылған. («Термин «Құпия ақпарат» осы келісімнің шеңберінде ашылатын барлық ақпараттарға қатысты»)¹⁸ Көптеген салаларда жасалған контрактілерде, қандай ақпарат құпиялыққа жататынын олардың түрлері бойынша түбегейлі түрде бірнеше параққа тізіп шығады.

Кен игеру салаларындағы құпиялықтың сақталуы бойынша мұндай стандартты баптардың кең ауқымда пайдаланылуы мәдениеттің, тәжірибенің және соңғы уақыттардағы осы тақырып бойынша даулы, таластардың болмауы; егер осы уақытқа дейін ешқандай қиыншылықтар туындамаса, өзгертулер енгізуге қажеттілік шамалы. Контрактілерді жасауда оның құпиялығының сақталуы бойынша зерттеулерде баптарды қарап, оның бөлшектерін тізбелегенше, неге жалпыға бірдей құпиялықтың сақталуы туралы бапты қарастырмасақ, басқа салада жасалған, кейбір контрактілерде құпиялықты сақтау туралы баптарды зерттеуге көз жүгіртсек олар туралы егжей-тегжейлі жазуға уақыт бөледі. Мұндай фактілер төмендегідей ойларға жетелейді, кен игеру саласына үкімет те және оны іске асырушы компаниялар да, қажетті күшпен баптарды өңдеуге жеткілікті көңіл аудармайды, – бұл жорамалдар келіссөзге қатысқан тәжірибелі мамандардың пікірімен ұштасады.

2. Құпиялықты сақтау міндеттемелерінің стандартты уақытының болмауы

Осы есепті жасау барысында зерттелген баптарда, құпиялықты сақтау міндеттемелері бойынша көптеген варианттар, контрактілерді бұзудан, құпиялықты тұрақты түрде сақтау міндеттемелеріне дейін көрсетілген.¹⁹ Кейбір респонденттер, уақыт арасындағы айырмашылық олардың, яғни мемлекет өндірісінің, ақпаратты ашудың түрлі принциптерінің немесе басқа да ауыспалы факторларына қатысты олардың бәсекелестік айырмашылығында көрініс табатындығын нұсқаған. Зерттеу аса қарапайым қорытындыға келді: баптарды құрастырғанда, жеке елдерде қабылданған үлгілер пайдаланылған, белгілі жағдайлардан хабардар екені көрініс береді.

3. Бір мемлекеттің мұнай және таукен өндірісі салаларының құпиялықты сақтау туралы баптары өте ұқсас

Кен өндіру салаларын мемлекет деңгейінде, уақыттың талабына сай құпиялықты сақтау баптарына аздаған түзетулер енгізілген нақтылы моделі пайдаланылады. Көріп отырғанымыздай, бір шарттағы бап, екінші шартта да қайталанады. Атап айтқанда, құпиялықты сақтау бабының қайдан шыққаны беймәлім, бақылаушылардың болжамы бойынша, осы кең тарап кеткен тұжырымдама басында халықаралық қаржы

институттарымен немесе салалық топтармен ұсынылуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, осы негізгі қалып 1970 жылдар шамасында мұқият жасалған. Біз компаниялардан осы тақлеттес мемлекетаралық моделді таба алмадық, бұл дегеніңіз құпиялықты сақтау баптарының шарттарын компаниялар емес, мемлекеттер шешетініне дәлел бола алады. Екінші жағынан қарағанда, шарттардың тым үлкен көлемі және әртүрліліктің шектелуі салдарынан қандай да бір қорытынды жасау, тараптардың шарттарды келісуге құлықсыздығын есептемегенде өте күрделі. Үкімет шенеуніктері құпиялықты сақтаудың ұлғайған баптарын пайдаланып отырғандары бірінші рет емес. 2000 жылы Виктория (Австралия) штатында үкіметтің бастамасымен құрылған аудиторлық комиссия мемлекеттік сатып алу бойынша жасалған, бұрынғы әкімшілік қол қойған тиімсіз және ыждаһадсыз жасалған деп, кейін кінәлі деп табылған контрактіні зерттеген. Контрактіні тексеру барысында комиссия құпиялықты сақтау баптарын теріс пайдаланғандарын дәлелдегендерін хабарлаған.²⁰ Комиссия үкімет шенеуніктерінің құпиялықты сақтау бабын, үкіметті оның шешімдері мен қызметі туралы сұрақтардан және басқа да мемлекеттік агенттіктерді және лауазымды тұлғаларды тексеруден және ақпараттарды ашудан қорғау мақсатында теріс пайдаланғандарын тапқан.²¹

Осы есепті дайындау барысында, сұрақтар қойылған салалық министрліктер мен үкіметтің басшы қызметкерлері, құқық қорғау және атқарушы органдардағы биліктің ақпараттарды ашуға құлықсыздығы, тіпті, ашылуы талапты да, заңды болса да мұндай жағдайлардың бар екенін айтты. Тіпті мынадай жағдайлар орын алған, мемлекеттің мұнай министрлігі немесе таукен өндірісі министрлігі өздерінің ақпараттарымен басқа министрліктермен бөлісуді қаламаған.

Б. Контракті ашықтығына қатысты маңызды шектеулер

Ақпараттар спекторының кең ауқымына қарамастан, контрактілер құпиялықты сақтау баптарымен қарастырылған, олардың ашықтығына мүмкіншіліктері зор. Көрнекі құрал жоғарыда VII –бап, 2-тармақта келтірілген құпиялықты сақтау туралы «Mittal Steel» компаниясының келісімі.

2-тарау Жариялы ақпарат

Жоғарыда, VII-баптың 1-тармағында қарастырылған құпиялықты сақтау бойынша міндеттемелер осы Келісімді жасаған Тараптар ақпараттарымен алмасқан жағдайда да жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат болып қабылданбайды, сонымен қатар алмасқан ақпараттарды КОНЦЕССИОНЕР қолданыстағы заңға²² сәйкес басқа тұлғаларға ашуға міндетті.

Осы деректер құпиялықты сақтау туралы баптардың барлығында дерлік қарастырылады. Алайда, келісім-шартта заң талаптарына сәйкес нұсқау берілмесе, онда соттың немесе арбитраждық соттың «болжамдарына» негізделеді, бұларсыз соттар да, арбитражлар де ақпараттарға қол жеткізе алмайды.

Басқа стандарттар ақпараттарды ашуға ерекше жағдайларда: қосылма тұлғаларға, олардың құпиялықты сақтау шарттарына сәйкес; қорлық биржалардың талаптарына сәйкес; банктерге, сақтандыру ұйымдарына және басқа да қаржыландырушы ұйымдарға, тараптардың құпиялықты сақтау келісіміне қол қою шарттары бойынша; мемлекеттік органдарға; келісімге байланысты арбитражлар немесе басқа сарапшыларға; әлеуетті, тәртіпті қаржылық үлесі барларға (қосылу, бірігіп кету немесе акцияның үлкен мөлшерін сату) жол беріледі.

1. Жалпыға бірдей ақпарат құпия болып табылмайды

Жалпыға бірдей ақпарат толығымен құпия болып танылмайды. Бір қарағанда, бұл «жалпыға ортақ» түсінік өте үлкен болып көрінуі мүмкін. Контрактілер азаматтарға қарағанда, жеке өндіріс секторларына қол жетімділік береді; алайда АҚШ-тың сот тәжірибесінде «жалпыға ортақ» атау оларды қабылдауға жеткілікті. Сол себепті контрактілер төлемді деректер базаларында, салалық басылымдарда, салалық форумдарда, электрондық жүйемен таратылған ақпараттар, заң тұрғысынан «жалпыға ортақ» болып қабылданады.

2. Ақпараттардың ашылуы заңға сәйкес орындалуды талап етеді

Ақпараттардың ашылуы, заңға сәйкес талап етілуі, құпиялықты сақтау баптарының жалпыға бірдей тараған алып тасталған баптары болып табылады. Кейбір жағдайларда заң талаптарына қатысты, атап айтқанда, қор биржаларының талаптарына, арбитраждық немесе басқа да сот қаралымына ашу мақсатында ұсынылған талаптарға сәйкес тізбелер жатады. Көптеген баптар қабылдаушы мемлекеттің заңдарының сақталуын ғана емес, әдеттегідей, тараптар барлық заңдарға, өздеріндегі қолданыстағы заңдарға сәйкес ашылуға құқықты деп есептейді.

Әрине, мемлекет компаниялар жасаған контрактілердің ашық болуын қамтамасыз етуге, өзінің юрисдикция деңгейінде және солардың заңдарымен реттелетін қызметті атқаруда талап қоюға құқылы. Мемлекет өз меншігіндегі компаниядан, өз компаниялары жасаған контрактідегі ақпараттарды ашуды талап етулеріне болады, алайда, қабылдаушы мемлекет бұл оның дербес құқығына қайшы келетінін, өзінің жер көлемінде іске асырылатын қызметті реттеуді өзінің қалауымен ашу құқығын алға тартуы мүмкін.

В. Қай уақытта құпиялықты сақтау туралы баптар контрактілердің ақпараттары туралы қоғамды хабардар етуге тыйым салады?

Көптеген контрактілерде пайдаланылатын құпиялықты сақтаудың жалпы бабына сәйкес, соңғысы көптеген жағдайларда толықтай ашық болуы мүмкін. Алайда, тараптардың екі жағы да контракт бойынша ақпараттың ашылуын қаламаса, ашылуын болдырмау мақсатында, онда олар құпиялықты сақтау бабына жүгінулері керек (төмендегі кестені қара). Осы деректер стандартты түрде құпиялықты сақтау бабының пайдаланылуына байланысты алда жасалатын контрактілерде де қолданылады.

а. Егер үкімет пен компания контрактілер бойынша ақпараттарды ашқылары келсе, олар өзара келісімге келулеріне болады

Егер үкімет пен компания немесе компания консорциумы өзара контракт бойынша ақпаратты ашуға келісімге келсе, мұндай жағдайда, құпиялықты сақтау туралы бап формальді түрде тараптардың жазбаша келісімінен басқа жағдайлардан тыс, тосқауыл бола алмайды. Кейбір баптар, «Mittal Steel» компаниясы жасаған келісім-шартта еске түскендей, ақпараттардың ашықтығы талаптарына, тараптардың келісім беруге негізсіз қарсылықтарына тыйым салады.

Бір жағынан, рәсімдеу сипатындағы талаптар екі жақты тараптардың біреуінің ақпараттарды ашуға құлықсыздығына жасаған айлалы сылтауы болуы мүмкін. Үкімет және компания тараптардың басқа жағының ақпараттарды ашуға кедергі келтіріп отырғандарын мәлімдеулеріне болады. Мұндай жағдайларда кінәлілерді іздеу ақпараттарды ашудан жалтару мақсатында болуы мүмкін; және де тараптар баптың шарттарын мұқият оқымаған немесе оның маңыздылығы бойынша жаңылысқан.

Жақында ғана болып өткен жағдай көрсеткендей, күдіктену, қателесу және дауласу ақпараттардың ашылуына кедергі келтіруі мүмкін. 2006 жылы Конго Демократиялық Республикасы Конго (ҚДР) таукен өндірістерімен жасалған контрактілердің бәрін жариялауға шешім шығарған.²³ Контрактілердің жариялануының алдында таукен өндірісі министрлігі басқа да министрліктермен, донор-мемлекеттермен және ішкі кеңесшілермен талқылау кеңесін өткізген. Атап айтқанда, «Freeport McMoRan» (АҚШ), бақылауындағы компаниялардың бірі «Тенке Фунгуруме Майнинг» (ТФМ), компаниясы үкіметтің қысымына белсенді қарсылық білдірді. Үкімет контрактілерді жариялағанда, тек қана бір келісім-шарттың жоқтығы байқалды, ол ТФМ-ның барлау жұмыстарын іске асыратын келісім-шарт болатын. Соңғы екі жыл аралығында Колумбия университетінің адам құқықтары институтының демеуімен Картер атындағы орталығы компаниядағы үкімет шенеуніктері мен лауазымды тұлғалардың арасында келісім-шарттың жоқтығына үнемі назар аударды. Алайда, ТФМ басшылығының басқа мүшелері ақпараттардың ашылуы қандай да бір кедергілер тудыруы мүмкін деп, келісім-шарттың жариялымына рұқсат алуға бағытталған ішкі процессті сахналандырғандарына өздерінің таң қалғандарын жасыра алмады. ТФМ жариялауға шешім қабылдаған кезде, басшылық Конго үкіметіне келісім-шартқа сәйкес олардың келісімін алуға жүгінді. Аталған келісім бәрібір алынған жоқ. Үкіметтің жоғары дәрежелі шенеунігі келісім-шарттың жариялануын тоқтатуға кеткен күш-жігерден кейін, мұндай өтініштің берілуі үкіметтің сенімсіздігін тудырды, сол себептен де олар мүлдем жауап бермеуді шешті деп мәлімдеді.²⁴ Ақыр аяғында «Freeport McMoRan» компаниясы келісім-шартты біржақты тәртіп талаптары негізінде, құнды қағаздармен жасалатын мәмілелерді реттеу ережелеріне сәйкес шешіп, компанияның тіпті үкімет қарсы болса да таңдауы бар екенін көрсетіп берді.²⁵

b. Егер үкімет ақпараттардың ашықтығын талап етсе, ал компания оны қаламаса, мүмкіншіліктер бар

Үкімет қолданыстағы заңдарға сәйкес, контракт бойынша келісім-шарттың құпиялығын сақтау бабының бұзылуына жол бермей-ақ ақпараттардың ашықтығын талап ете алады. Алайда, келісім-шарттың ережесі ақпараттың ашылуына кедергі болуы мүмкін. Контрактілер ылғи да заң талаптарына сәйкес ақпараттардың ашылуына, тура тәуелсіз қарастырылған ба, жоқ па, жол береді. Егер мемлекет барлық контрактілер ақпараттарының ашықтығының талаптарын белгілеген заң қабылдаса (мысалы ӨӨАБ), бұның, әлбетте, келесі жасалатын келісім-шарттарға әсері болар еді. Қолданыстағы келісім-шарттарға келетін болсақ, олардың басқа да ережелерін мұқият зерттеу қажет. Егер де контракт оған қол қою кезіндегі қолданыстағы заңның тұрақтылығына бағытталған қисынды қосса, кедергілер туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда, жаңа заңның қолданылуы, контракт ақпараттарының ашықтылығы міндеттемелерін талап ететін болса, құпиялықты сақтау бабының орындалуы мүмкін болмай қалады.

с. Егер компания ақпараттардың ашықтығын қаласа, ал үкімет мұны қаламаса, ақпараттардың ашық болуы мүмкін, бірақ мүмкіндігі аз

Егер компания контракт бойынша ақпараттарды ашуды қаласа, ал үкімет бұған қарсы тұрса, бірнеше варианттарды қарастыруға мүмкіндігі бар. БиПи және оның компаниялас-серіктестері БТД құбыр жүргізу бойынша ақпараттарды ашуды және контрактілерде барлау және табу жұмыстарын іске асыруды шешкен, ол уақытта ондай жұмыстарды атқару жалпыға бірдей қолжетімді болмаған, мысалы Түркия, Әзірбайжан және Грузия, тіпті заң бойынша қоғам үшін олар қол жетерлік еді. Алайда, компания өкілдерімен және заңгерлерімен болған әңгіме көрсеткендей, осындай жағдайлардың өзінде компания толықтай контракт бойынша ақпараттарды ашу бастамасын өздеріне алуға ынталы емес. Респонденттер дербес мемлекеттер міндеттемелерін орындау компаниялардың міндеттемелеріне жатпайтындығына сенімді, атап айтқанда, себебі мұндай жағдайлар үкіметпен арадағы қатынасқа нұқсан келтіруі мүмкін. Ал БТД консорциумына қатысты контрактінің ақпараттарын ашуға келсек, кейбір респонденттер контрактілерді жариялаудан бұрын жоғары тұрған саясаткерлермен кеңес өткізілгеніне өте сенімді.²⁶

д. Егер үкімет және компания контрактілерді ашуды қаламаса, онда басқа заңдық механизмдерді қолдануға тура келеді, мысалы, СИ туралы заң

Егер үкімет және компания (немесе компаниялар) контрактіні ашуға қарсы болса, онда контрактіге қолжетімділікке басқа құқықтық механизмдерді құпиялықты сақтау мерзімі біткенге дейін (егер аяқталу мерзімі белгіленсе – кейбір баптар құпиялықтың сақталуын белгісіз мерзімге дейін қарастырады) пайдалану қажеттілігі туындайды. Ақпараттар еркіндігі туралы заңдар, осындай заңдарды қабылдаған мемлекеттердің қоғамы үшін контрактілердің ашық болуы ең оңтайландырылған нұсқа.²⁷

	Үкімет	Компания (-лар)	Қорытынды
Контрактіні ашуды қалайды?	Иә	Иә	Тосқауыл жоқ. Контракт қоғаммен ашылуы мүмкін.
	Иә	Жоқ	Үкімет контрактіні аша алады, егер осындай істі жүзеге асыра алатын заң қабылдаса, тіпті күрделі мәселелер туындаса да барлық мүмкіншілігі бар.
	Жоқ	Иә	Мүмкін, компания контрактіні аша алмайды, егер де қандай да бір себептерді таппаса, не себептен енді контракт жалпыға бірдей қолжетімді болуы керек.
	Жоқ	Жоқ	Контракт құпиялы мерзімі біткенге дейін ашылмайды, алайда осы мәселенің шешімі СИ туралы заңда болуы мүмкін. (үшінші тарауды қара).

Г. Бұзушылықтың зардабы қандай?

Құпиялықты бұзушылықтың зардабын анықтау өте қиын. Құпиялықты сақтау баптары бойынша жүргізілген зерттеулерде, аз мөлшерде ғана контрактілерде осындай баптарды бұзғаны үшін санкцияларды енгізу қарастырылған. Жоғарыда аталған көптеген салалар бойынша контрактілерді зерттеу ба-

рысында, атап өтсек, ережеге құпиялықты сақтау туралы міндеттемені бұзғаны үшін енгізілген санкция көптеген салаларда әдеттегідей тәжірибе болып саналмайды.²⁸ Сонымен, кен игеру салаларында жасалған контрактілер, осыған байланысты басқалардан еш айырмасы жоқ.

Тәжірибе бойынша, алғашқы контрактіні ашу екінші жақты оятады, оның сотқа жүгінуіне немесе дауды шешудің басқа механизмдерін қолданады деп ойлаудың мүмкіншілігі аздау, әрине. Ақпараттың ашылуынан болған шығынды бағалау қиын. Оған қоса, көптеген үлкен келісім-шарттар өте қымбат тұратын арбитраждық іс талаптарын бекітеді, қалай болғанда да тараптар жобалардың «құлауы» жағдайларынан басқада бұдан қашық болуға тырысады. Үкімет құпиялықты сақтау туралы бапты бұзған жағдайда, ҚДР үкіметі жариялаған көптеген келісімдер, ешқандай да талап арыз жазуға немесе басқадай соттар істеріне әкелген жоқ.

Әдеттегідей, материалдық залалды өтеуден басқа, кейбір салаларда құқықтық қорғалудың басқадай түрлері жасалған, оларға жататындар сот механизмдеріне тосқауыл қою, құпиялықты сақтау туралы міндеттемелерді бұзу, ақпараттардың ашылуын тоқтату немесе ауыстыру сияқты жағдайларда соттың бұйрық беруі.²⁹ Алайда, осы есепті дайындау барысында жүргізілген зерттеулер қандай да бір материалдық залалдың орнын толтыру, сотпен шектеу қойылған іс және басқа да құпиялықты сақтау құқығын бұзу құқықтық құралдарын, тіпті ережелерді көре алмадық. Басқадай құқықтық қорғау құралы болып, мүмкін, құпиялықты бұзу салдарынан тараптар толықтай контрактіні бұзуға немесе өтемақының басқа түрін алуға құқылы. Осы есепті жасауда зерттелген бұзу туралы баптар, айтарлықтай заң бұзушылық, қызметті атқаруда міндеттемелері сақталмаса, немесе төлем міндеттемелерін сақтамаса онда келісім-шартты бұзуға негіз бар. Сот тәжірибесінде және жекелей мысалда құпиялықты бұзу, контракті міндеттемелерінің сақталмауы деп есептелінеді деген нұсқау жоқ. Контрактілер толықтай құпиялықты бұзуға санкцияны қарастырмаған, түсініксіз, осындай бұзылулар контрактіде «маңызды бұзылымдар» болып есептелінеді ме, мұндай заң бұзушылықтың ақыры арбитраждық комиссиямен немесе сотпен анықталуы керек. Алайда, біз арбитраждық істі даудың құралы болған құпиялықтың бұзылуын таба алмадық. Мүмкін, бұл арбитраждық шешімдердің құпиялығымен түсіндірілер, сонымен қатар, құпиялықтың бұзылуы салдарынан болған залалдың орнын толтыруды талап етуді, арбитраждық сот өзіне алар, қатаң құпиялық сақталады, егер мұндай таңдау контрактіде қарастырылса, әрине. Тараптар баламалы түрде осы сұрақтарды бір-біріне қойып, ары қарай құпиялы ақпараттың алдын алуды реттеуге құқылы.

Біздің зерттеулеріміздегі жалғыз контрактіде, құпиялықтың бұзылуы салдарынан келісімді бұзу арнайы қарастырылған, ол Ангола СР.

АНГОЛАНЫҢ ҚҰПИЯЛЫҚТЫ САҚТАУ ТУРАЛЫ БАПТАРЫ ЖӘНЕ КЕЛІСІМІН БҰЗУЛАРЫ

1980 жылдардан бастап Ангола ӨБК құпиялықты сақтау баптарының түрлері бойынша айтарлықтай айырмашылықтары бар. Атап айтар болсақ, көптеген баптар құпиялықты бұзылушылыққа қарсы санкцияларды контрактілерде көрсетеді, ал Ангола келісімдерінде құпиялықты сақтау туралы баптарды бұзу осы жасалған келісімді бұзуға негіз болады.

Келісім құпиялығы (40 бап):

«Sonangol» компаниясы және Мердігерлер тобы осы Келісім бойынша оның құпиялығын сақтауға, төмендегідей шартпен Тараптардың кез-келген жағы, яғни екінші тараптардың құптауын күтпей осы Келісімнің шарттары бойынша ақпаратты ашуға құқылы:

- a. кезкелген Қосалқы тұлғаның немесе потенциалды цессионардың Тараптары осындай Қосалқы тұлғамен немесе потенциалды цессионармен соған сәйкес құпиялықты сақтау туралы міндеттемені қабылдағаннан кейін;
- b. құпиялықты сақтау туралы міндеттемені қабылдағаннан кейін компанияны қаржыландыруды ұйымдастыру немесе таратуға;
- c. қолданыстағы Заң, Жарлық немесе нормативтік актілердің талаптарына сәйкес (реттеуші агенттіктің, бағалы қағаздар бойынша комиссияның немесе қаржы биржасының талаптарын және ережелерін қоса алуларына сәйкес) бұл Тараптардың құнды қағаздары шектеусіз тіркелуі мүмкін;
- d. Мұнайға қатысты операцияларды орындау барысында кеңесшілерге туындаған қажеттілік жағдайында, кейін [олармен] қабылданған осындай құпиялықты сақтау туралы міндеттемелер.

Келісімді бұзу (39-бап)

1. «Sonangol» компаниясы Келісімнің шарттары негізінде жалпыға бірдей құқық нормаларының сақталуы баптары бойынша, осы Келісімді бұзуға құқылы:

[...]

- г. Мұнайға қатысты операцияларды орындау барысында, құпиялықты ашуға алдын-ала рұқсат алынбаса, мұндай ашылымдар «Sonangol» компаниясына немесе Мемлекетке залал келтірсе.

33-бап «Басқа ақпараттар құпиялығы» құпиялықты сақтау баптарының стандартты түрлеріне өте ұқсас және ережеде техникалық сипаттағы ақпараттардың барлығы құпиялы деп жазылған. Онда кәдімгі шектеулер тізбесі көрсетілген, қайсысында құпиялық ақпараттың ашылуы мүмкін, атап айтқанда: егер ол операцияларға қатысты адамдармен

бе; егер бұл қаржыландыруға қатысты ма; егер бұл қолданыстағы заңнамаларға сәйкес міндетті талап болса ше³⁰.

Салаларда Анголаның БиПи-ге қатысты ақпараттарды, олармен мемлекетке төленген³¹, қол қойылған бонустың мөлшерінің көлемін ашуға қарсы әрекеттеріне қарамастан, бекітілген құпиялылықты сақтау баптарының бұзылуы сирек жағдай, атап өткен жөн, Ангола компаниялары қызметтерді іске асыру барысында ашықтықты қамтамасыз етуді ертерек іске асырды. Мысалы, «Statoil» компаниясы үнемі Ангола үкіметінің пайдасына өндірілген түсімдер туралы Норвегияның заңдарының талаптарына сәйкес есеп беріп отырады.³² Атап айтқанда, Анголаның ӨБК заң талаптарына сәйкес құпиялылықты сақтау туралы баптарда оның ашықтығы анық көрсетілген, осы ашықтық келісімді бұзу баптарына қолдануға негіз болмайды.

Салаларда құпиялылықты сақтау туралы баптар, сонымен қатар осы сала туралы жазатын БАҚ-да жарық көретін деректер, көбінесе бұрмаланып көрсетіледі және күштеп сотпен орындалатын кедергілер ретінде қарастырылады және де бірлесіп жария етуге шектеу қойылған. АҚШ-тың Палата өкілдерімен ұсынылған заңда АҚШ-тың құнды қағаздар туралы нормативтік актілерімен реттелетін компаниялардың табыстары туралы ақпараттарды ашу талаптарын белгілеген, мұны қате түсініктің мысалы ретінде көрсетуге болады. Ұсынылған заң бойынша кен игеру салаларының деректерін (КӨСДАЗ)³³ – АҚШ-тың қор биржасында тіркелген кен игерумен айналысатын компаниялардың ашуын, шетелдік мемлекеттерінің бюджетіне түсетін төлемдер бойынша ақпараттарды талап етеді. Жаңалықтармен таныстыратын БАҚ-ның бірінде мынадай хабарлама жасалды: [Палата депутаттары өкілдерімен] «Ұсынылған» Франком заңы [КӨСДАЗ] мұнай компанияларын қисынсыздық жағдайға жеткізуі мүмкін, бұл дегеніңіз «америка заңдары өздерінің контрактілерінің құпиялылықты сақтау бабын бұзуға мәжбүрлейді».³⁴ Осы тақырыпқа қатысты Энергетика саласы бойынша стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығы бағдарламасының директоры және аға ғылыми қызметкері Франк Веррастро былай деді: «Егер де компаниялар ҚҚБК ережесімен, контрактіде жазылған мәтінге [...] келіссе, контрактілер жойылып кетер еді де, ал олардың инвестициялары қауіпті жағдайға тап болар еді».³⁵

Мұндай хабарламалар құпиялықты сақтау туралы баптардың шарттарын қатты бұрмалайды. Тіпті қатаң баптар, Ангола ПСР-ның бабы сияқты, қор биржасының талаптарына сәйкес ақпараттардың ашылуына, сонымен қатар міндетті түрде заңға сәйкес жариялауға рұқсат береді. Мұндай заңдар, мысалы КӨСДАЗ ұсынған «жоғары алады» заңы, қолданыстағы контрактілерге ештеңе істей де алмайды, қарсы да тұра алмайды.

Д. Егер де, контракт бойынша ақпарат тарап кетсе не болар еді? Құпиялылықты сақтау бойынша бап әлі де жабық па? Контракт бойынша қоғамды хабардар етудің салдары неде?

Ережедегідей, контрактілер міндеттемелерді тараптарға ғана жүктейді. Ал, контрактіге қатысы жоқ үшінші тұлға тараптардың бірімен немесе екеуімен де, құпиялылықты сақтау міндеттемесін қолын қоя отырып жасауға құқылы, немесе басқа кәсіби міндеттемелерді орындауға құпиялылықты сақтау талап етілсе үшінші тұлға, мысалы, заңгер мен клиент арақатынасы. Тұтастай алғанда контрактіге қол жеткізген үшінші тұлғаның, құпиялылықты сақтау бабымен байланысы жоқ.

Солай бола тұра үшінші байланыссыз тұлғамен потенциалды тәуекелге бару, құпиялы келісімдерге қол жеткізген ҰҚҚ және журналистер, содан кейін қолдарындағы құжаттарға сүйене отырып оларды жария етеді. Компанияларды соттың талқылауымен ережедегідей, қорқытады, жала деп, қатысы жоқ коммерциялық қызметке араластырмады деп кінәлайды. Іс қозғауға талап арыз жазамыз деп қорқытады, әлбетте, «салқындату әрекеті» прессаға да, қоғамдық ұйымдарға да, қойылған соттық талаптар көпшілігінде әсерсіз қалады.

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР ҚАТЫНАСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ (ЖСТҚҚ)

Бірнеше компаниялар сот талаптарымен контрактілердің құпиялығын ашуға әрекет жасаған журналистермен және ҰЕҰ-ға қоқанлоқы жасаған. Талаптар АҚШ-тың стратегиялық талаптар қатынастарына жұртшылықтың қатысуы (ЖСТҚҚ) талаптарын еске түсіреді. ЖСТҚҚ «соттың талқылауымен (немесе соттың талқылауымен қорқыту) қорқыту арқылы немесе мүмкіндігінше салқындату әрекеті және тұрғындардың ашық дебаттарға және саяси наразылыққа қатысуларын үркіту болып табылады».³⁶ Талап ұсынған тараптардың мақсаты жеңіске жету емес, шын мәнінде соттың қарауына істің түсуін пайдалану, сынаушыларды қорқытып, оларды үндемеуге, сонымен бірге басқаларды ашық сөз таластырудан бас тартуға мәжбүрлеу.

Кинросс-Форрест Лимитед

Түсініксіз, қалайша консорциум НПО контрактілер алды, 2005 жылдың желтоқсанында үш ҰЕҰ – 11.1.1.1.1, «Broederlijk Delen» және «Даму мәселелеріндегі құқық және жауапкершілік» (ДМҚЖ) және бельгия газеті «Мо»* және «Fasken Martineau DuMoulin (Pty) Ltd.» заң фирмасы осы үш келісімнің негізінде бірлескен кәсіпорындарға (ары қарай БК), талдау жасау мақсатында, Конго Республикасының «Gecamines» мемлекеттік таукен өндірісі және оның бірлескен кәсіпорын серіктестері. Заң фирмасына БК келісімдері ережелерін осыған ұқсас БК жалпы ережелерімен салыстыру тапсырылған. Талданған келісімдердің бірі 2004 жылдың ақпан айында құрылған Камото көмір руднигіне қатысты «Gecamines» компаниясы және «Кинросс-Форрест Лимитед» (КФЛ) БК компаниялары болды.

Талдауды алғаннан кейін заң фирмасы 2006 жылдың ақпан айында консорциум ҰЕҰ көшірмелерді ҚДР ауыспалы үкіметіне және, басқаларды айтпағанда, Бүкіләлемдік банктің президентіне жіберді. ДМҚЖ сонымен қатар «Fasken» компаниясының талдауларының қорытындысын өзінің сайтына орналастырды. «Fasken» компаниясы ресми бланкте заңмен қорытындысы бекітілген талдаудан, талдауға жіберу оның серіктесімен келісілмегенін және де фирманың мүддесін қарастырмайды деп сылтауратып жіберілген талдауға байланысты жауапкершіліктен дереу бас тартты. «Fasken» «заңгер-клиент» компаниясы ДМҚЖ-мен арадағы қарым-қатынасты тоқтатты және талдауларды ДМҚЖ сайтынан өшіріп тастауды сұрады.

Мөлшермен тура осы уақытта «Кинросс-Форрест Лимитед» компаниясының заңгерлері «Fasken», компаниясына хабарласып талап арыз жазамыз деп қоқанлоқы жасаған: «Біздің сіздерге хабарлайық дегеніміз, біздің ойымызша, сіздердің қорытындыларыңыз кейбір се-

бептерге байланысты ағаттау шықты, себебі біздің клиентіміздің беделіне нұқсан және де түзелместей залал келтіруге...КФЛ осы мәселелерге қатысты істер тез арада шешілуге тиіс екеніне сенімді, олай болмаған жағдайда КФЛ бұл мәселені жан-жақты қарастырып, осы мәселеге қатысты жағдайлардың барлық деректерін қарастыратындықтарын жеткізуді сұрады.³⁷

Сәл кешірек КФЛ компаниясын қаржыландырушы басты тұлғасы Джордж Форрест, КФЛ атынан осы жала іс бойынша «Fasken» компаниясының талдау қорытындысын жариялаған ҮЕҰ консорциумын сотқа берді. Сот процессі әлі Бельгияда қарастырылуда.

«Mittal Steel» Компаниясы

«Financial Times» газетіне «Mittal Steel» компаниясының контрактісі туралы және Либериядағы қызметтері туралы материалдар мақаланың жариялануына бір күн қалғанда «Mittal Steel» компаниясының заңгерлерінен газетке хат келіп түскен, егер мұндай жаланы, газет басатын болса: «Егер, ештеңеге қарамай, осы материалды басуды шешкен болсаңыздар, біздің клиент сіздерді және «Financial Times» газетін жаламен кінәлау салдарынан болған жиынтық және нақты шығындардарға жауапкершілікке тартуға талап арыз береміз деп қоқанлоқы жасаған.³⁸ Қорытындысында «Financial Times» газетіне репортаж біршама қысқартылып шықты.³⁹

АҚШ-тың бірнеше штаттарында ЖСТҚҚ құқықтық реформаны жүргізуге байланысты мүмкіндігі шамалы болып тұр. АҚШ-тың 26 штаттыңда ЖСТҚҚ-ға қарсы сот талқылауларының асыра сілтеушілігінің алдын алу үшін заңдар қабылданған. АҚШ-ғы сот процесстеріне келетін болсақ, мұндай заңдар контрактілер немесе контрактілер бойынша ақпараттардың шығып кетуіне қатысты теріс жағдайларды шектеулері дұрыс. Бұл, компаниялар және үкімет азаматтарды соттан тыс тәртіппен қудаламайды деуге келмейді. Айрықша репрессиялық режимдегі мемлекеттерде азаматтар асыра күш көрсету және бостандықтан айырылу сияқты іс-әрекеттермен бетпе-бет келулері мүмкін.⁴⁰

■ ■ ■ ҮШІНШІ ТАРАУ

Коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат және қоғамдық қызығушылық

Құпиялылықтың сақталуын қажет етпейтін дәлелдеме коммерциялық сипатта жүргізілетін ақпараттардың жабықтығын қорғау болып табылады. Алайда, мұндай дәлелдемелер талқылауларға нүкте қоя алмайды, қайта, керісінше талдауларды қайта бастауға әкеледі. Коммерциялық сипаттағы ақпараттардың жабықтығын анықтау мүмкіндігі жоқ. Контрактінің бар екенінен, лауазымды тұлғаны сатып алуға дейінгі жағдайларды, көптеген ережелерді қосқандағынан бастап, бағалы қағаздар мәмілелерін реттеу ережелеріне сәйкес ашылатын, мүмкін «коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат» болып сыныпталуы үлкен ұғымдағы осы терминнің маңыздылығында шығар. Соған қарамастан, мұндай ақпараттардың ашылуы мүмкін қоғамның қызығушылығын қанағаттандыруға қажет шығар. Кейбір жағдайларда, көріп жүргеніміздей қоғам қызығушылығын тудыратын құпиялылық қатынастарындағы жекелей қызығушылықты бағалауға және салыстыруға қажетті механизмдер керек болар.

Бұл жердегі негізгі сұрақ қоғамның қызығушылығы – демократиялық жауапкершілікті айқындайтын ақпараттар алу құқығы. Қоғамның үкіметтік ақпараттарға деген қолжетімділігі халықаралық соттармен адам құқықтары бойынша қаралады және барлық мемлекеттік мәселелер заң негізінде ашық талқыланып және ақпараттар еркіндігі заңына сәйкес іске асырылады. Бұлардан басқа еуропалық және америкааралық адам құқықтары бойынша соттар қоғам мүшелері ақпарат алуға құқылы деп тапқан. Чилиде, орман шаруашылығына қатысты инвестиция құжаттарының ашылуына байланысты жүргізілген америкааралық адам құқықтары бойынша қаралған істі, сот демократиялық жауапкершілікпен байланыстырып, жоба құжаттарын жасау барысындағы ақпараттарды, ақпараттар кеңістігіне енгізіп, «жете ашу принципі» деп жоғары бағалаған.⁴¹

А. Коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат дегеніміз не?

«Коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат» деген келісілген термин жоқ. Бұл термин қолданыстағы Блэканьң сенімді заңдық сөздігінде де жоқ; біз сонымен қатар заңдық құжаттардан басқадай тұрақты анықтаманы таба алмадық. Үлкен түсінік бойынша, бұл әдетте кезкелген ақпарат, экономикалық құндылығы бар немесе ақпараттың ашылуы залалға әкелуі кәдік ақпарат болуы да мүмкін.⁴²

«Коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат» болып құрастырылған мұндай ақпарат түрлі салаларда және осындай салалардың ішкі нарығында көптеп кездеседі. Мұндай ақпараттарды әдетте коммерциялық құпияға байланысты анықтайды, дегенмен тұрақты анықтаушы бар:

Кәсіпорындарда пайдаланылатын және оның [иесіне] бәсекелестерінен артықшылығын алып беретін оларда жоқ коммерциялық құпиялар

«коммерциялық құпияға кезкелген формула, сызба, құрал немесе ақпараттық жиынтықтар»⁴³ жатады.

Коммерциялық құпияның нақты мысалы – бұл клиенттердің деректер қоры, маркетингтік стратегиялар және нақтылы өнім формулалары.

Коммерциялық құпия басқа түрлерден «интеллектуалды меншік» болғандықтан, өзінің анықтаушына байланысты құпиялы болып табылады. Заңмен қорғалатын басқа, мәселен, патенттер, сауда маркалары және авторлық құқықтар қорғаныста болады, тіпті қоғамға танымал болған жағдайда да қорғаныста болады. Мұның астарындағы философия бәсекелестік нарықта кейбір ақпараттарға тіпті олар ашылғаннан кейін де қорғау қажеттілігі туындайды, себебі инновациялық дамуды қамтамасыз ету керек.

«Кока-кола», сусынының формуласын мысалға алайық, коммерциялық құпия болып есептелінеді бірақ басқадай заң механизмдерімен қорғалмаған, мысалы патент. «Кока-кола» ешқашанда өзінің өнімінің құпия формуласын ашпаған; сол себептен де, ол бұрынғысынша компанияның коммерциялық құпиясы болып қала береді. Егер де «Кока-кола» компаниясы өзінің құпия формуласын патентпен қорғағысы келсе, онда оның оны алуға коммерциялық құпиясын ашуға тура келер еді. Қорыта келгенде формула туралы ақпарат көпшіліктің талқысына түсіп, лицензияның мерзімі біткеннен кейін оның экономикалық құндылығы «Кока-кола» компаниясы үшін жоғалар еді.⁴⁴

Екінші жағынан, екі компанияның бірігу мүмкіндігін қарастырамыз: бірігу мүмкіншілігі туралы жаңалық жоғары деңгейдегі коммерциялық сипаттағы жабық құпияға жатады, ал мұндай ақпараттың жария болуы бір немесе қос компанияның да акциялардың белгісіне әсер етуі, және сонымен қатар үлкен экономикалық залал келтіруі мүмкін. Алайда потенциалды бірігу коммерциялық құпияға жатпайды – бұл формула, сызба, құрал немесе бәсекелеске артықшылық беретін ақпараттың ашылуы да емес.

1. Кен өндіру салаларындағы коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттарға не жатады?

«Коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттарға» талдау беру, өте ауқымды, оларға сансыз ақпараттар тізбектеледі. Төменде олардың түрлері бойынша ақпараттар көрсетілген, іс басындағылардың өкілдері мұны көбінесе кен өндіру салаларындағы коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттар деп атайды.⁴⁵

- мәмілелердің қаржылық шарттары;
- коммерциялық шарттарға талдау жасауда жіберілген жорамалдары;
- жұмыстарды жүргізу бойынша міндеттеме;
- экологиялық зардаптарды жұмсартуға арналған шығындар;
- қорлардың сапалық және сандық сипаттары;
- эксплуатациялық деректер;

- шығындар туралы ақпарат;
- өндіріс процесстері
- сотта қаралатын дау-шарлар;
- күтілген қосылулар және алынымдар;
- акционерлердің даралығы;
- табыстар және қолма-қол ақшаның жылжуы;
- капиталдық және пайдалану шығындары;
- кадрлар бойынша ақпарат.

Осындай ақпараттың бөлігі «коммерциялық құпия» болып бөлініп қалуы ғажап емес, тек қана ол жалпыға бірдей игілік болмаса (мысалы, өндіріс процесстері, шығындар бойынша ақпарат, пайдалану деректері). Алайда кейбір ақпараттар жалпыға бірдей компаниялармен міндетті түрде жарияланған құнды қағаздар бойынша ақпараттар игілік болуы мүмкін, (сапалы және сандық қорлардың сипаттамалары, акционерлер туралы ақпараттар, табыстар туралы ақпараттардың кейбір бөліктері).⁴⁶ Ары қарай, компания құнды қағаздар мәмілелерін реттеудің кейбір ережелеріне сәйкес, коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттарды біреу арқылы деректерді редакциялауға ашпауға құқылы; алайда, контрактілерді тексерудің шектеулігі негізінде, жоғарыда аталып өтілген ережелерге сәйкес деректер редакцияланбады.

2. Ақпараттардың үлкен бөлігі, коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат деп айтылғанымен, негізгі контрактілерге енгізілмейді

Оқырман байқаған болар, алдыңғы бөлімде талқыланған тізбеде «коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат», В бөлімінде келтірілген «Негізгі контрактілерге енгізілмеген ақпарат» бірінші бөлімдегі тізбеге өте ұқсас. Шынында да, ақпараттың үлкен бөлігі коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат болып айтылғанымен, компаниялар мен үкімет арасында жасалған негізгі контрактіге енгізілмейді. (төмендегі кестені қара).

Дегенмен, кейбір ақпараттар міндетті түрде негізгі контрактіге кіреді, мысалы: мәмілелердің қаржылық шарттары. Бұл бойынша жұмыстарды жүргізуге міндеттеме (мысал үшін, мұның бәрі техника-экономикалық негізделудің қорытындыларына тәуелді) болуы мүмкін және ылғи да толықтай мазмұндала бермейді, олар кейбір келісімдердің өнімдер бөлімінде және барлау бойынша келісімдерде тізбектеліп негізгі контрактіге енгізілуі мүмкін. Экологиялық зардаптарды жұмсартуға арналған жұмыстарға кеткен тура шығындар кен игеру жобаларына байланысты толықтай негізгі контрактілерде көрсетілмейді, солай бола тұра, экологиялық залалдарда кездесетін жағдайларда мемлекет шығынды ысырап жасамау үшін олар облигациялар немесе басқа да кепілдемелерді талап етуге шарт қоя алады⁴⁷, Кейбір негізгі контрактілер басқадай табиғатты қорғау шаралары жұмыстарын орындауды талап етуі мүмкін (мысалы: халықаралық таукен жұмыстарының озық тәсілдерін қолдану немесе халықаралық өндірістік стандарт-

тарды әзірлеу, жобаларды іске асыру және жабу), алайда мұндай шараларды өткізуге кететін шығын сомасы нақтыланбайды.

Шындығында контрактілерде нақтылы қаржыны таба қою өте сирек, өйткені көпшілік жағдайда тараптар шығындарды контрактілерді жасағаннан кейін әкеледі. Бұл негізінде пайдаланылған деректерге жатады. (мысалы: өндіріс тетіктері, құрылыс және пайдалану шығындары). Мұндай ақпараттармен және шығындармен байланысты қызмет контрактілер жасалғанша іске асырылмайды, осы бөлшектер контрактіге енгізілмеген.

Тура осындай жағдайлар контракті мерзімі кезінде төлемдер бойынша да орын алғанын айтуға болады. Төлемдердің ставкалары заңмен бекітілмесе де, контрактіде белгіленуі мүмкін, контракт мұндай төлемдердің нақтылы сомасын ұстай алмайды, тек қана қатаң белгіленген төлемдерден тыс, атап айтқанда, мысалы, әлеуметтік инфрақұрылым қорларын дамытуға қол қойылған бонус немесе, төлемдер.

Сонымен қатар, контрактілер, егер мердігер табиғи қорларды барлау немесе өңдеу кезінде, әлі бұл салада белгілі болмаған немесе қолданылуы үлкен ауқымды алмаған белгілі технологияны пайдалануды жоспарласа, коммерциялық құпияларға сілтеме жасай алады. Алайда біз ондай сілтемелерді көре алмадық. Бұл алда жасалатын мәмілелерге немесе сотта қаралатын дау-шарларға қатысты. Мынадай жағдайларды қарастыруға болады, А компаниясы контракті бойынша Х мемлекетімен келіссөздер жүргізген кезде, А компаниясы бұны Б компаниясы алуға дайындалып жатқанын біледі. Б компаниясы, А компаниясымен алынған активтерді есептеп шығуы мүмкін, себебі өзінің қалауы бойынша А компаниясын сатып алу. Міне осыған орай, А компаниясы да және Б компаниясы да, Х мемлекетінің Б компаниясын мәмілелер жасалып біткеннен кейін негізгі мердігер етіп алатындығына сенімді болулары керек. Контрактінің ережесімен белгіленген осы ұсыныс контрактіге енгізілсе дұрыс болар еді. Бұлай болуы мүмкін, бірақ сенім аз.

Коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттарды контрактіге қосу мүмкіндігі			
Ешқашан	Мүмкін, бірақ сенім аз	Ең дұрысы	Әрқашан
<ul style="list-style-type: none"> Кадрлар бойынша ақпарат Коммерциялық шарттарға талдау жасауда жіберілген, жорамалдары Шығындар және кірістер (эксплуатациялық, табиғатты қорғау, күрделі жөндеу) Қорлардың сапалық және сандық сипаттары Эксплуатациялық ақпарат және деректер (өндіріс процестерінің құрылысы және өңделуі бойынша жоспарлары) 	<ul style="list-style-type: none"> Болуы мүмкін мәмілелерге сілтемелер Коммерциялық құпия 	<ul style="list-style-type: none"> Төлемдердің кейбір түрлері (әдетте біржолғы немесе белгіленген төлемдер; мысалы, жылсайынғы әлеуметтік инфрақұрылым қорының дамуына жасалатын аударымдар) Жұмыстарды жүргізу бойынша міндеттеме Жергілікті қамқорлық көрсету Жұмысқа қабылдау және оқыту 	<ul style="list-style-type: none"> Мәмілелердің қаржылық шарттары (контракт шарттары немесе төлемдер ставкасы) Контракт тараптары

Б. Егер де контракт «коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат» болып мазмұндалса? Контракт құпия болып қала бере ме?

Коммерциялық сипаттағы ақпараттардың жабық болуы ақпараттардың ашылуын қоғам мүддесі талап ететін болса, оны болдырмауға жеткіліксіз. Мысалы, құнды қағаздармен мәміле жасауды реттеу ережесі, қызмет тәртібіне байланысты бар деректердің үлкен бөлігін ашуды талап етеді. Осылайша, ақпараттардың сыныпталуы «коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттар» да қоғам үшін ақпараттардың ашылуына қабылданған шешім бойынша көптеген факторлардың бірі болып қала бермек.

Ақпаратты тарату еркіндігі бойынша заң, мемлекеттік ақпараттарды ашуға қатысты құрылымды мүдделерді қарау үшін ұсынады. Мемлекет контракт тараптарының бір жағында тұрғанда, демократиялық жауапкершілік және басқару, коммерциялық мүдделермен тепе-тең бірінші орында тұрады. Мемлекеттің ашықтығын жіберудің нәтижелілігі 70 – астам әлем мемлекеттерінің ақпараттар еркіндігі заңдарына енгізілген.⁴⁸ 2008 жылдың маусым айымен салыстырғанда, ең аз дегенде 78 мемлекет, мемлекет өкімімен шығарылатын ақпараттарды алуға енгізілген механизмдерді пайдалана отырып, жұртшылықтың оларды сұрауға және алуларына рұқсат етілуі туралы заң қабылдаған.⁴⁹ Көптеген аймақтық басқару органдары мемлекеттік мұрағат туралы нормативтік құқықтық актілер қабылдаған, мемлекеттік мәселелерді және ақпараттардың еркіндігі туралы заңның басқа да нұсқаларын ашық талқылауды ұсынған.

Дегенмен, олардың тиімділік деңгейлерінің түрленуі мүмкін, ақпараттар еркіндігі туралы заңдар тек қана мемлекет пен инвесторлар арасындағы келісімдерді алудың көп үміт күтерлік механизмдерін ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар коммерциялық сипаттағы келісімдердің дәлелдерін зерттеуде қоғамның мүддесін қорғайтын және олардың қызметтерінің бағалануын да қамтиды.

1. Ақпараттар еркіндігі бойынша заңның принциптері

Кәсіпорындар тараптары арасындағы жоғары деңгейде жасалатын келісім және коммерциялық құқықтардан айырмашылығы, құпиялыққа қарамастан, ақпараттар еркіндігі туралы заң оған қарама-қарсы көзқарасқа негізделген – жұртшылық мемлекеттік ақпараттарға қол жеткізуі керек. Дегенмен, мемлекеттік органдар өкілдігіндегі ақпараттарға қол жеткізу құқығын басқарудың халықаралық стандарты болмаса да, олардың принциптері бәрібір бірдей.⁵⁰

- 1. Ақпараттар еркіндігі туралы заң, ақпараттарды ашу қажеттілігі болса, егер тек мемлекеттік органдар оны ашуға қарсы себептер келтірмесе.⁵¹**
- 2. Мемлекет борышы – неліктен ақпараттар құпия болып қала беретінін түсіндіру. Сұраным жіберген тұлға не себептен мұндай ақпаратқа сұраным жібергенін түсіндіруінің қажеті жоқ.**
- 3. Үкімет белсенді түрде маңызды ақпараттарды тіпті сұраным болмаса да жариялауға тиіс.⁵²**
- 4. Кейбір жалпыға ортақ жағдайларды қоспағандағы ақпараттарға жататындар:**

- a. ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс мәселелері;
 - b. ведомстволардың ішкі жұмыс құжаттары;
 - c. құқық қорғау органдарының қызметі және қоғамдық қауіпсіздік;
 - d. сот үкімінің әділ және тиімді жүзеге асырылуы;
 - e. жеке өмірге араласпаушылық;
 - f. саудалық және коммерциялық құпиялар.⁵³
5. егер жұртшылыққа ашылмайтын ақпараттар санаттары белгіленсе, мұндай санаттарды қазірден бастап түсіндіру қажет.
 6. Егер құжатта бөлімдер болса, оларда көрсетілген ақпараттар жоғарыда келтірілген шектеулерге сәйкес ашылмайды, ақпараттың ашылуы мүмкіншілігі төменгі мөлшерге дейін жеткізіліп редакцияланса да құптарлық.⁵⁴
 7. Ақпараттардың ашылмау себептері мүмкіндігінше шектеулі болғаны жөн, кейбір жағдайларда мұндай ашылулар төтенше залал келтіруі немесе жұртшылықтың мүддесінен тыс болуы мүмкін.⁵⁵
 8. Құжаттарды ашу немесе оның бөлімдерін қараудағы мақсаттылықта, мемлекеттік орган ыңғайсыз жағдайға тап келуін ойламауы керек, сенімді жоғалту немесе түсініспеушіліктер, мұндай ашылымдардың қорытындысында болып қалуы мүмкін.⁵⁶

Контрактілердің немесе оның бөлімдерінің ақпараттар еркіндігі заңдарына сәйкес құпиялылығының сақталуы біртұтастығының бағалануы негізі төмендегідей:

1. Жұртшылыққа ашылмайтын ақпараттар ақпараттар еркіндігі туралы заңға шектеу қоймай ма? Кен игеру салаларында жасалған контрактілерге «Саудалық және коммерциялық құпия» қолданыла ма немесе тысқары ма⁵⁷.
2. «Саудалық және коммерциялық құпия» ақпаратты шығаруға редакциялауға негіздеу, ақпараттар келесі талаптарға жауап беруі керек:
 - a. Ақпарат ешқашанда ерте ашылмауы және жұртшылықтың игілігі болмауы керек;
 - b. Осындай ақпараттардың ашылуы салдары жағдайларында дәлелдеме қажет-ақ, ол кіммен алынған болса да бәсекелестікке қабылеттінің позициясына айтарлықтай залал⁵⁸ келтіруі мүмкін

1) «Саудалық және коммерциялық құпиялар» ерекшелігі

«Саудалық және коммерциялық құпиялар» – бұл ақпараттар еркіндігі туралы заңның ерекшелігі, жақынырақ айтар болсақ контрактілер ашықтығы. Ақпараттар еркіндігі ережесіне сәйкес, көптеген мемлекеттерде, кезкелген ақпарат, «коммерциялық құпия» сияқты топтастырылған, ашылудан, қосымша болудан қорғалған, айтарлықтай үлкен коммерциялық немесе қаржылық ақпараттар «құпиялық ақпарат» болып саналғандықтан ашылудан, қосымша болудан қорғалған. АҚШ соттары, әдетте ақпараттар еркіндігі туралы заңнамалардың мақсаты бойынша «коммерциялық немесе қаржылық ақпарат» бола ма, маңыздылығы жағынан коммерциялық құпиялармен тепе-тең, олай болса, ашылуға жатпайтын ақпараттар көлемі, АҚШ заңдарына сәйкес азаматтардың ақпараттарға қол жетімділігі құқығы бұрмаланып көрсетіледі. (Азаматтардың ақпараттарға қолжетімділігі және жұртшылықтың игілігі туралы АҚШ заңдары. Төмендегі кестені қара).

Келісімді жасау барысындағы коммерциялық құпия немесе коммерциялық ақпарат стандарттары талаптарына сәйкес келетін аса мәнді емес жағдайлар саны өте аз. Кен игеру салаларындағы контракт түрлері көпшілікке мәлім және жиі халыққа жария болып тұрады. Ал типтік контрактілерді компаниялар мен үкіметтің сайттарынан, сонымен қатар мемлекеттік деректер қорынан көруге болады. Қорыта келгенде, келісімнің бөлімдерін редакциялауда неғұрлым мақсатқа сәйкес келетін шешімді қарастыру қажет.

2) «Ақпараттар ашылмасын және жұртшылықтың игілігі болмасын»

Тіпті контрактілер мазмұны қорғаныстағы ақпарат болса да, ақпараттар еркіндігі туралы заңның принциптері екінші тағы бір, ақпарат ашық болды ма, немесе жұртшылықтың игілігі болды ма деген тағы бір тесті қарастыруда. ХВҚ көрсеткендей: «Контракт шарттары оған қол қойыла салысымен-ақ барлық салаларға белгілі болады». ⁵⁹АҚШ заң ғылымының жиынтығы (юриспруденция) жорамалдаған «жұртшылық игілігі» деген түсінік «салаларға таратылған ақпараттар» концепциясымен пара-пар. (төмендегі салымды қара); Алайда, көптеген юрисдикциялар ешқашанда мұндай позицияны байқап көрмеген.

АҚШ азаматтарының ақпараттарға қолжетімділігі және жұртшылықтың игілігі туралы заңдары

Ең соңғы іс, осы заңның шеңберінде қаралған іс, ⁶⁰ – бұл «Фриманның жер мәселелері бойынша басқармасының Бюросына қарсы ісі». ⁶¹ Логикаға сәйкес осы істі ашуға жататындар мұнай және таукен өндірісі салаларында жасалған контрактілер, АҚШ заңдары бойынша азаматтардың ақпараттарға қолжетімділігі бойынша құқықтары. АҚШ заңдарының мақсаты бойынша мұндай «контрактілер» белгіленген тау бұрылыстары, патенттер және жер телімдерін жалға алуға жасалған келісім-шарт болулары мүмкін, осылардың шеңберінде АҚШ Үкіметі компанияларға нақты жер телімдерін иеленуге құқық береді. «Фриман ісінің» соттағы маңызды бөлігінің дәлелі болып ақпараттардың үлкен бөлігі, мұндайда компаниялар әдетте «құпиялы ақпарат» деп сыныптауға ұмтылады, ал шындығында салалар белгілі сол себептен де жұртшылықтың игілігі болып табылады.

«Фриман ісі» оның 1872 жылы АҚШ шығарған жалпыға ортақ заңының шеңберінде шығарылған таукен ісіне байланысты, ертеректе мемлекетке тиесілі жер теліміне тау-

кен жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуға және пайдалануға құқық беруге жазған өтініміне қатысты болды.⁶² Фриманның темір рудасын табу ұсынысы Жер мәселелері бойынша («Бюро») басқармасының бюросымен осы ұсынылған жоба зерттелді және Фриманның бизнес-жоспарына қатысты егжей-тегжейлі есеп дайындалды. Сол кезде осыған қызығушылық танытқан экологиялық топ АҚШ азаматтарының ақпаратқа қолжетімділігі туралы заңына сәйкес, Бюродан дайындалған есеппен танысуға өтініш білдірген, Фриман оларға коммерциялық құпия және коммерциялық және қаржылық ақпараттар, жүргізілетін негізгі жұмыстардың таукен қызметінің шарттарына, оны табу процестеріне және темір рудасын өңдеу, күрделі смета жасау және операциялық шығындар, руда шоғырларының сапасына және рудниктерді пайдалануды іске асыру мерзімінің жобалануына қатысты деп жалтарған. Сот оның дәлелдерін жоққа шығарды және ақпараттарды ашуға шешім шығарды, осындай ақпараттар ғана әдетте, осы салаларға сәйкес салалардың азаматтарына беймәлім болып қала беретінін атап өтті, (мысалы, жаңа немесе бұрын ашылмаған өндіріс процестері) бұл Заңмен белгіленген азаматтардың ақпараттарға қолжетімділігі заңдарына қайшы келеді. Сот Фриманның осындай ақпараттардың ашылуы, тіпті үлкен топқа беймәлім болса да, оған залал келтіруіне қатысты дәлелдемелерінің болмағанын атап көрсетті

в) Үлкен үлес мүмкіншілігімен контрактінің ашықтығы бәсекелестікке қабілетті позициясына айтарлықтай залал келтіруі мүмкін

Қаржылық мәміле шарттары және өндіріс жұмыстары бойынша міндеттеме

Егер, көптеген қаржылық мәміле шарттарының ішкі салалар арасында белгілі болуы, контрактінің ашықтығы, оның бәсекелестікке қабілеттілігіне залал келтіруі мүмкін деген байлам жасау сенімсіздеу көрінеді. Үнемі төленетін маңызды төлемдер ставкасы (салықтар, роялти, кірісті мұнай (профит-ойл) және т.б.) мәмілелердің негізгі шарттарына кіреді. Көбінесе біржолғы немесе белгіленген төлемдер (мысалы: жыл сайынғы әлеуметтік инфрақұрылым қорларын дамытуға жасалған аударымдар немесе ақр жер төлемдері) ашылуға жататын базалық контракт шарттары сияқты қарастырылуы керек. Басқа маңыздылығы төмендеу төлемдер, ол туралы әдетте саладағылар білмейді де, сондықтан олардың ашылуы компанияның бәсекелестікке қабілеттілігіне залал келтіруі мүмкін емес.

Одан көрі күрделісі жұмыстарды жүргізу бойынша міндеттемелерді бағалау. Біз олардың құпиялық деңгейін бағалайтын ішкі салааралық немесе олардың ашылуына қатысты компанияға айтарлықтай залал келтіретіндей құжаттарды көрген жоқпыз. Егер өткізілген сұхбатты негізге алсақ, онда мына фактының, кейбір жағдайларда ақпараттардың ашылуы компанияның бәсекелестік қабілетігіне зиян келтіруі мүмкін. Мысалы, аз зерттелген аймақтарда жүргізілетін барлау жұмыстары жоғары қауіпті сипатта болады, ал нарық шарттары мүлдем белгісіз. Тіпті, осындай жағдайларда да, мұндай нақты ақпарат мүмкіндігінше оның ашылуының мүмкіншілігіне орай қайта редакцияланса нұр үстіне нұр болар еді.

Ұйғарылған мәмілелерге және коммерциялық құпияларға сілтемелер

Екі санаттағы ақпараттар айтарлықтай редакциялаудың пайдасына дәлел ұсына алады. Ұйғарылған мәмілелер туралы ақпарат кең көлемде коммерциялық сипаттағы жабық ақпарат болып есептелінеді.

Ұйғарылған мәміле тараптары біріктіру немесе алу бойынша мұндай ақпараттардың жария болуының алдын алуға шаралар қарастырады, ал жария болып қалғандағы жағдайда оның беделіне нұқсан келуі мүмкін, ал «нақтылы залал» деген анықтаушыға сәйкес келу үшін өлшем тестері шеңберінде Заңға сәйкес азаматтардың ақпараттарға қолжетімділігі тұрады. Тура осылар коммерциялық құпияда да, өзінің сипаттамасы бойынша жұртшылықтың игілігі бола алмайды, оның экономикалық құндылығының негізі салалардағы үлкен ортаға белгісіздігі. Басқа, коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттар болып есептелінетін ақпараттар төмендегі тізбеде қарастырылған.

Ақпараттар еркіндігі бойынша заңға сәйкес нақтылы терминологияны талдауға және қарастыруға қысқаша шолу		
Контрактілерге енгізілуі мүмкін: бірақ сенім аздау	Жұртшылық игіліктері	Айтарлықтай залал
<ul style="list-style-type: none"> • Ұйғарылған мәмілелерге сілтемелер • Коммерциялық құпиялар 	<ul style="list-style-type: none"> • жоқ • жоқ 	<ul style="list-style-type: none"> • иә • иә
Контрактілерге енгізілуі мүмкіндігі барға жақын		
<ul style="list-style-type: none"> • Төлемдердің кейбір түрлері (әдетте бір жолғы немесе белгіленген төлемдер; мысалы, жыл сайынғы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту қорларына жасалатын аударымдар) • Жұмыстарды жүргізу бойынша міндеттеме • Жергілікті ұстау • Жұмысқа қабылдау және оқыту 	<ul style="list-style-type: none"> • мүмкін • мүмкін • мүмкін, бірақ сенім аздау • мүмкін, бірақ сенім аздау 	<ul style="list-style-type: none"> • сенім аздау • сенім аздау • сенім аздау • сенім аздау
Контрактіге енгізілген: әрқашанда		
<ul style="list-style-type: none"> • Мәмілелердің қаржылық шарты (немесе контракт шарты немесе төлемдер ставкасы) • Контракт тараптары 	<ul style="list-style-type: none"> • мүмкін • мүмкін 	<ul style="list-style-type: none"> • сенім аздау • сенім аздау

2. Контракт бойынша ақпараттар, ақпараттар еркіндігі туралы заң принциптеріне сәйкес ашық болуға жатады

Ақпараттар еркіндігі туралы заң принциптеріне сәйкес контракт бойынша ақпараттар халыққа кейбір коммерциялық құпияларға және ұйғарылған мәмілелердің сілтемелеріне аздаған редакциялау жұмыстарын жасай отырып жариялау керек. Ақпараттар еркіндігі туралы заң жетілдірілмеген және әр мемлекеттерде тиімділік деңгейі әртүрлі орындалады (төмендегі қыстырманы қара). Көпшілік жағдайда үкімет ақпараттардың ашылуына қарсы тұруға бейім және де ақпараттар еркіндігі туралы заң принциптеріне қатысты ақпараттар деректер қорын құру талаптары орындалмайды.

ЭКВАДОРДЫҢ МЫСАЛЫ

Эквадор Конституциясы ақпараттарға қол жеткізу құқығы бойынша нақтылы ұсынады, мемлекеттік мұрағаттарда сақталатын «[i] ақпараттар құпиялы ақпараттар сияқты сыныпталмайды, тек қана осындай сыныпталуды қажет ететін ұлттық қорғаныста немесе басқа себептерге қатысты заңмен бекітілген ақпараттар ғана сыныпталады».⁶³ Осы конституциялық

заң қолданысқа 2004 жылдың 18 мамырында мемлекеттік ақпараттардың ашықтығы және қолжетімділігінің Органикалық заңы ретінде енгізілді.⁶⁴ Осы заңға сәйкес Эквадор барлауға және көмірсутекті кен орындарын игеру жұмыстарына қатысты контрактілерді Интернетте жариялады.⁶⁵

УГАНДАНЫҢ МЫСАЛЫ

Уганда мұнайды жақында ғана тапқан, және азаматтық қоғамның тобы мемлекетпен қабылданған ақпараттар еркіндігі бойынша заңын Угандамен қол қойылған контрактіге қол жеткізу мақсатында пайдаланған.⁶⁶ Контрактіні ашуды талап еткен арыз тіркелген, бірақ ол бойынша әлі ешқандай шешім шыққан жоқ. 2009 жылдың наурыз айында энергетика министрі парламент мүшелеріне контрактімен танысуға рұқсат еткен, бірақ жұртшылықтың үлкен ауқымына ондай рұқсат берілген жоқ.⁶⁷ Тәуелсіз сарапшы «Туллоу Ойл» компаниясының контрактісін мемлекет үшін жақсы мәміле болды деп бағалады, ал компания болса көпшілік алдында, үкімет қабылдаған шешімдердің қандайы болса да, қолдайтындығын мәлімдеген.⁶⁸ Осыған қарамастан, әлі ештеңе түсініксіз, контрактілер жұртшылыққа ашыла ма ол жағы белгісіз.⁶⁹

Саяси дәлелдер және қарсы талаптар

Контрактілер ашықтығының маңыздылығын қарастырып контрактілердің ашықтығына қатысты шектеулердің болуы, сонымен қатар коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттар мен қоғамның мүддесі арасындағы тепе-теңдік, біз осы сұрақтарға қатысты мәселелерді қарастырмақпыз, жанжал шығарудың қажеті бар ма? Атап айтқанда:

- 1. Контрактілердің ашықтығы шын мәнінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге көмектесе ме?**
- 2. Осы контрактілер көпшіліктің түсінуіне өте күрделі ме?**
- 3. Контрактілердің ашықтығы контракт шарттарын қайта қарастыруға әкеліп соқпай ма?**
- 4. Контрактілердің жариялылығы біріне-бірі жол беруге ме...әлде бірін-бірі бәсекеге душар ете ме?**
- 5. Компаниялар бір уақыттарда контрактілердің ашық болуына келісе ме?**

1. Контрактілердің ашықтығы шын мәнінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге көмектесе ме?

Контрактілердегі түсініксіз жол берулер және ақпараттық асимметрия, олардың пайда болу себебі келісімдер дағдысының болмауынан, сонымен қатар ресми құқықтық тәртіптің жоқтығынан, осындай жағдайлардың салдары сыбайлас жемқорлыққа әкеледі. Контрактілердің жариялылығы бұл жерде, қызметтерді орындау барысында үкіметтік шенеуніктер және компания өкілдері заң аясында, контрактілердің жалпы түрінен және шарттарынан бұғып қалмай орындауларына маңызды стимул береді, кезкелген талапқа сай келмейтін жағдайлар көпшілікпен ашылады. Тіпті жемқорлық әрекеттің алдын алмаса да, ол төменгі деңгейде болса да, келісім-шарт шеңберінен шығып кетсе де, ол олардың контракт шарттарына жасалған айла-шарғысына тежеу салатын құрал болып табылады.

2. Осы контрактілер көпшіліктің түсінуіне өте күрделі ме?

Кен игеру салаларындағы контрактілер қарапайым емес. Сарапшылардың контрактілерді бағалау туралы жалпы ойлары жоқ, кейбір дайын емес оқырмандар олардың мазмұндалуына қарап қателесулері мүмкін, сол себептен олардың ашу-ызасын тудыруы да кәміл. Нәтижесінде контрактілерді демагогтар немесе саяси қарсыластар пайдаланып кетеді. Алайда, контрактілердің құпиялылығы осындай жағдайларды болдырмауға тосқауыл болатындығына дәлел жеткіліксіздеу.

Мұны айтпағанның өзінде, мемлекеттік ақпараттардың үлкен бөлігі күрделі сипатта болады, алайда бұл контрактілер туралы ақпараттарды жұртшылыққа жария етпеуге жеткілікті себеп бола алмайды. Тіпті, жұртшылық толықтай кен игеру саласының күрделілігін түсіне алмаса да, азаматтар және қоғамдық

ұйымдар мұндай құжаттарға және осы құжаттарға байланысты қойылған таңдаулы дұрыс сұрақтарға талдау жүргізу дағдыларын жетілдіре береді.

Мемлекеттің табиғат байлықтары және осы байлықтарды игеруден түсетін пайдалар өздеріне тиесілі екенін азаматтар түсінеді. Алайда олар, үкімет және компаниялар олардың мүдделеріне қамқорлықпен қарайтындығына күмән білдіреді. Контрактілердің құпиялығының сақталуы тек қана күмәнді өршіте түседі. Контрактілердің жариялылығы жұртшылыққа берілген жаңғырық іспетті, компаниялар мен үкіметтің олардан жасыратын ештеңесі жоқ, олар азаматтардың контрактілерге қолжетімділік құқығын ескереді және де олар азаматтардың байлықтардың қалай пайдаланылып жатқандығын айтулары мен білу құқығын сыйлайды.

Контрактілердің жариялылығына қарсы күрескенше, алдағы уақытта, және қорыта келгендегі беретін өткір жауап мынадай – жұртшылықты келісімдерді талдауға үйрету. Мемлекеттерде бір ғана ведомствоның бүкіл процестерге иелік жасауы, контрактілердің жариялылығы кен игеру салаларын дұрыс түсінуге және оны одан әрі тиімді басқаруға әкеледі. Көпшіліктің пайдалануына жеңіл ашылатын деректер қорындағы мәліметтер, контрактілер, келісім жасалған елдер туралы мәліметтер мұндай контрактілерді басқаруда және мониторинг жүргізуді де жұмыстарды үкімет тарапынан да сол сияқты азаматтар тарапынан да жеңілдетеді. Қорыта келгенде, контрактілердің жариялылығы уақыт өте келе үкіметке ақпараттық асимметрияны жеңуге көмектеседі, бүгінгі таңда орын алып отырған, үкімет контракт шарттарын компаниялармен келіседі. Сөйте тұра, компания өзінің контрактісі болғандықтан дүние жүзі бойынша деректер қорына оп-оңай еніп, контрактілерді зерттеу және де оларды санаттар бойынша топтастыру қызметтері бойынша қызмет көрсету фирмаларына ақысын төлесе болды. Үкіметтің ережеге сәйкес өздері басшылыққа алатын және келісімдер жүргізуге пайдаланытын меншікті контрактілері бар. Компаниялар мен үкімет арасындағы бірін-бірі түсінудегі алшақтық және реттеу тәсілдері мұнымен аяқталмайды. Көптеген жағдайларда компания келіссөздер жүргізуге қатысты істерге тартатын кеңесшілер, банкирлер, экономистер және заңгерлер, қорыта келгенде, өзінің құрамы жағынан үкімет жағынан қатысатын өкілдер санынан анағұрлым артық. Контрактілердің жариялылығы мұндай тепе-теңдіктің сақталмауын тоқтата алмайды, алайда, бұл өте тиімді жағдайларға, контрактілердің сапалы орындалуына, сонымен қатар табиғат байлықтары мол елдерден қомақты пайда табуға және кен игеру компанияларымен іскерлік қарым-қатынаста болуға жасалатын маңызды қадам болмақ.

3. Контрактілердің жариялылығы контракт шарттарын қайта қарастыруға әкеліп соқпай ма?

Үкімет және компаниялар контрактілерді ашық түрде жария ету нәтижесінде өздері сынға ұшырап қалудан және ыңғайсыз жағдайларға душар болудан сақтанады. Бір контракт елдегі барлық мүдделі субъектілерді қанағаттандыра ала ма? Тіпті, қабылданатын шарттар бойынша келісім жасалуға дайын тұрса да, жағдайлардың өзгеруіне байланысты мәмілелер де өзгеріске ұшырайды, қол қоюда көз қуантқан жағдайдан кейін бұл компания үшін күтпеген соққы. Қысқаша айтқанда, контрактілердің жариялылығы, контрактілер шарттарын қайта қарауға әкеледі.

Жақында болған тәжірибе көрсеткендей, жариялылық жасау – бұл кейбір жағдайларда көңіл аударарлық элемент, әрине, барлығында емес, тек контрактілер шарттарын қайта қарау талаптарында. Сонымен қатар, көптеген экономикалық себептерге байланысты контрактілер табиғат байлықтары саласында, қай тараптың шарттарының қайта қаралатыны: «Шетелдік тура инвестиция түрлерінің ішіндегі

ең тұрақсызы болып табиғат байлықтары және инфрақұрылымдар саласындағы контрактілер және концессиялар болып шықты».⁷¹

Сонымен қатар контрактілер шарттарын қайта қарау қымбатқа түсуі де және жақын арадағы нарыққа кері әсерін тигізуі де мүмкін, қорыта келгенде, контрактілер шарттарын қайта қарау процесі, азаматтардың қатысуымен ұзақ мерзімдік контрактілер жасауға әкеледі. Контрактілердің жариялығы тараптар жағын өздеріне қолайлы мәмілелермен қамтамасыз етуге әсер беруге тиіс және де осының бәрін азаматтарға жеткізу керек. Құпиялылық тек қана жұртшылықтың алға қойған мақсаттарына жетуге, оны іске асыруға деген талпыныстарына кедергі келтіреді, сонысымен тұрақсыздыққа итермелейді.

4. Контрактілердің жариялылығы біріне– бірі жол беруге әкеле ме... әлде бірін–бірі бәсекеге душар ете ме?

Контрактілердің жариялылығы елдер мен компаниялардың келіссөздер жүргізуі арасында, қосымша ақпараттар алуы, өздерінің өкімдерінде болатын олардың жағдайларын өзгертеді. Пайдалар және салмақтар әртүрлі болады, алайда, айналып келгенде жариялылықты қабылдау кейбір компанияларға қатысты тепе-тең салмақта болмауына әкелуі мүмкін.

Кейбір компаниялардың айтуынша, контрактілердің жариялылығы оларды да алдағы уақытта осындай және одан көрі тиімді шарттарды ұсынуға итермелейді. Азаматтардың көзқарасымен қарағанда, үкімет және елде ұзақ уақыт бойы қалуды көздеген инвесторлар қамтамасыз ететін дұрыс мәмілелер барлық тараптар жағынан тиімді, әрине.

Кейбіреулердің айтуынша: мынадай сұрақтар, салықтар немесе роялти ставкасы жобаның кен орнын табу және төлемдер деректерімен қоса жариялауға берілуі салдары компанияның құрылымдық шығындарын және бағалық стратегиясының ашылуына әкелуі мүмкін, қорытындысында, бәсекелестер өте құнды ақпараттарға қол жеткізеді, оны олардың көшіріп алулары да, немесе деректерін өздері ашқан компанияға қарсы пайдалануға да мүмкіндіктері болады. Егер жариялылық кейбіреулердің айтуынша жармақтық сипатта болса, онда жариялық принциптерін ұстанған компанияны ыңғайсыз жағдайда қалтырады, жариялылық принципі қағидаларын ұстанбайтын компаниялар ақпараттарды алуы да және оны өзінің бәсекелес, жариялылық принципін ұстанатын компанияларға қарсы пайдалануы да мүмкін. Жариялылықтың болуын қаламаған үкімет те, олардың бәсекелестеріне емес, жариялылықты ұстанбаған компанияларға басымдық танытуы мүмкін.

Үкіметтің, қорқатындай себебі басқа бәсекелестерге сәйкес келу үшін стандарттарын төмендетуді талап етеді деп ойлайды, осындай жағдайда, кейбір үкіметтер стандарттарын адам құқықтары бөлімінде төмендеткен, өндіріске аз шығын жұмсауды көздеген. Басқа болжам шеңберінде «біріне–бірі жол беру» – бұл қорқыныштың себебі, үкіметті жаңа контрактілер жасауда жеңілдіктер беруге мәжбүрлейді деген қорқыныш. (Мысалы, уақытша салық төлеуден босату, салық ставкаларын төмендету және т.б.) немесе инвесторлардың өз қызметтерін осы уақытта орындауларына байланысты контрактілердің шарттарын оларға тиімді жағынан жеңілдіктер енгізе отырып қарастыру жағы көзделгендігі. ХВҚ атап өткендей: «Әдетте, үкіметпен ұсынылатын (және де, әйтеуір бір деңгейдегі компаниялармен де) себептер былай қорытындыланады, контрактілердің жария болуы жаңа контрактілер жасаудағы келіссөздерде олардың өз мүдделерін қорғау қабылеттеріне кері әсері болады деп есептегендерінде».⁷²

Контрактілердің жариялылығы біріне- бірі жол беруге әкеле ме... әлде бірін-бірі бәсекеге душар ете ме дегенге сенім аздау. Қазырдың өзінде-ақ контрактілермен ақылы сайттар арқылы танысуға болады, олардың жариялылығы және жарық көруі үкімет тарапынан қарастырылған. Компаниялар бүтінгі таңда өз қызметтерін іске асыруда және жұртшылыққа кеңінен тараған контрактілері бар басқа елдерден жаңа мүмкіндіктер іздестіруді жалғастыруда, соның ішінде Конго-Бразавилда, Эквадорда, Либерияда, Перуде және Шығыс Тиморда. Компаниялардың шын мәнінде, өздерінің айрықша қабылеттіктерімен келіссөздерде өз мүдделерін қорғаулары, көптеген елдердің үкіметтерінің келіссөздеріне пара-пар, байлықтар, мұндай елдердің салаларына қатысты байлықтары мәңгілік емес және белгілі бір географиялық нүктеде орналасқан, сондықтан үкімет шамалап қана келіссөздерде өз мүдделерін қорғай алады. Контрактілер жариялылығы өз орнын алған елдерде, бұл инвестициялар тасқынын тойтару факторы емес. (Бесінші тарауды қара. Халықаралық саясат және контрактілер жариялылығы тәжірибесінің халықаралық саясат тұрғысындағы қарым-қатынасы).

Жариялылық принципін қолдайтын компаниялар және осы принципті қолдамайтын компаниялар арасындағы теңгермеушілікті ескертетін дәлелдер тек қана жариялық ережесінің қалыптастырылуын күшейте түседі. Солай бола тұрса да, салалар арасындағы сатылатын және сатылып алынатын контрактілердің көп болуы, олардың бәсекелестерінің көпшілігінің жариялылық принциптерін ұстана ма, жоқ па, деген сұрақтарға қарамастан олардың өте жақсы хабардар екенін көрсетеді. Контрактілердің жариялылығы біріне-бірі жол беруге әкелеме дегенге сенім аздау, сонымен қатар үкіметтерге де күтпеген сәттілік әкелмейді. Алдағы ұзақ жолдағы ең дұрыс шешім – бұл контрактілер, тараптардың екі жағына да мөлшерлі нормада болса да табыс әкеледі, контракт шарттарын қайта қарастыруға онша құлықты емес; осындай жол инвесторларды да, үкіметті де және азаматтарды да қанағаттандырады.

5. Компаниялар бір уақыттарда контрактілердің жария болуына келісе ме?

Бұл сұраққа жауап беру үшін, бізге алдымен мынаны білу керек, кен игеру саласындағы жеке кәсіпорындар жариялылықты толық көлемде әйтеуір бір уақытта қабылдай ма, контрактілердің құпиялығының артында кім тұр: компаниялар ма әлде үкімет пе? Интервью алу, тәжірибе және зерттеулер көрсеткендей, бұған жауап алу белгілі бір үкіметтен немесе компаниядан, сонымен қатар белгілі жағдайдағы даму үрдісіне қатысты болмақ.

Кейбіреулер, құпиялықтың артында үкімет тұр деп ойлайды, және де мұндай ойларды құптарлыққа тұратындай кейбір жекелеген мысалдар да бар. Уганда да, белсенділер мен парламент бүтінгі таңда «Туллоу Ойл ПиЭлСи» компаниясымен қол қойылған контрактілерге қол жеткізу жолдарын қарастыруда. Компания ашық түрде, егер үкімет оған осылай істеуге мүмкіндік жасаса, ол контрактілерін жария ететінін айтқан.⁷³ Екінші жағынан, жақында ғана Ганада өткен мұнай контрактілері бойынша өткен келісімдерге қатысқан тұлға, үкімет алда-жалда егер олар контрактілердің жариялылығын қамтамасыз етуге міндеттеме қабылдауларына қатысты компанияның реакциясынан қорыққанын атап өткен. Үкімет пен компаниялар өте сирек жағдайларда ғана, тіпті бұл заң талаптарымен рұқсат етілсе де контрактілерді бір жақты ғана жариялауға рұқсат береді. Мұндай жағдай «Бритиш Петролеум» (БиПи) компаниясымен және оның серіктестерімен болған, олар өздеріне қарсы ұсынылған Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) халықаралық компаниясымен бетпе-бет келіп қалған. Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) – компаниялардың контрактілерді жария жасауға қалай ынталы екендігі мысалының айқын көрінісі. БиПи заңгерлері және құбыр жүргізу құрылысы салалардың басқа да жобаға қатысушы өкілдері айтқандай, консорциум контрактілерді аш-

пас еді, егер келісімге қатысушы елдердің қолдарында қолданыстағы заңға сәйкес, контрактілер қандай жағдайда да ашылуға жататыны көрсетілмесе. Кейбіреулер тіпті, сенімді түрде, контрактілерді ашпас бұрын заңға қарамай-ақ жоғары деңгейде үкіметтік шенеуніктерден атап айтқанда, Әзірбайжан президенті Алиевтен кеңес алу керек еді деді.

БТД контракттары

2003 жылы консорциумен⁷⁴ «Бритиш Петролеум» (БиПи) компаниясының басшылығымен ашық түрде БТД құбыр жүргізу, барлау және барлау табу контрактісі жария етілді. Бұл дегеніңіз, жақсылықтың нышаны, компания өзі бастамашы болып, жұртшылықты контрактілермен таныстыру мақсатында, Каспий мұнай кен орындарын игеру жұмыстары бойынша оларды веб-сайтқа компания басшылығы орналастырды.⁷⁵ Құбыр жүргізу контрактісі бойынша үлкен талдау жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, белсенділер және салалар тарапынан болған жұмбақ, неге БиПи және оның серіктестері өздерінің контрактілерін ашу бойынша осындай драмалық қадамға барды. ХҚК және БТД консорциумы ойлады, олардың контрактілері бойынша сенімсіздеу пікірлер орын алған, сонымен қатар консорциум құбыр жүргізу құрылысы жобасы бойынша жұмыстарды жүргізуді жоспарлаған. Бұл мазасыздық екі түрде болды: (1) құбыр жүргізу жұмыстары өтетін, осы елдің азаматтары, осы жоба өздеріне пайдалы болатындығына сенімсіздік танытты; (2) өте үлкен ауқымдағы халықаралық компания істің басында болды, оның қауіптілікке байланысты, бұл жұмыстар орындалатын болса онда экологиялық және әлеуметтік апаттың орын алуы мүмкін, сол себептен жобаны тоқтату мақсаты болды.⁷⁶ Осындай жағдайда, БТД консорциумы және оны қаржыландырушы ұйымдар – ХВҚ және Европалық банкпен бірлесіп қайта құру және дамыту (ЕБҚД) – контр-компанияларды, күмәнді жағдайларды сейілту мақсатында, жұртшылықпен кеңесу арқылы ойға да келмейтін жөнсіз жариялықпен ұйымдастырды.

Азаматтық қоғамның алғашқы күдігі. Алғашқы басталуынан бастап осы үлкен жоба жергілікті және халықаралық қоғамдық ұйымдармен күдікпен қабылданды. Бірқатар миссиялар жүргізіліп, фактілерді табу мақсатында үш елде болған 2002 және 2003 жж. «Друзья Земли» (Friends of the Earth) «Жер Достары» ұйымы және басқа да қоғамдық ұйымдар құбыр жүргізу құрылысына қатысты қарсылық жұмыстарын жүргізуге жұмылдырылды. 60-тан астам аймақтық және халықаралық ҰЕҰ ХВҚ, ЕБҚД және басқа да қаржы институттарына, осы жоба бойынша қауіпті жағдайларға қатысты, әлеуметтік, экологиялық, экономикалық көзқарас және адам құқықтары бойынша күдіктерін тізбектей жазды. Ұйымдар ХВҚ несие беру шарттарында біраз шарттардың сақталуын бекітуге шақырды.

Қарсылыққа қарамастан, қабылдаушы елдер секілді, компанияларға ие елдер де, компаниялар және ұйымдар да, осы жобаға қаржы бөлгендер де, осы жобаның сәтті аяқталғанын көргілері келген.⁷⁷ Жүргізілген интервью барысында, сонымен қатар белгіленген жоба бойынша дайындалған құжаттар негізінде белгілі болды, компаниялар – консорциум мүшелері құбыр жүргізу аса пайдалы емес деп есептеген. Мұнай бағасының бір баррелі 15 АҚШ доллары техникалық, дипломатиялық және заңды күрделі құбыр жүргізу жұмыстары қаржылық бағаммен қарастырылғанда тартымсыз болған. Алайда, батыс елдер үкіметі құбыр жүргізу жұмыстарын қамтамасыз етуге айтарлықтай қысым көрсеткен.⁷⁸ АҚШ және Европалық одақ

есептеген, аймақтың өзі және құбыр жүргізудің айрықша маңыздылығы энергетикалық қауіпсіздікте: жүргізілген құбыр бойынша мұнай Ресей немесе Иран аймақтарына кірмей-ақ жеткізілмес пе еді.⁷⁹ Сонымен қатар өмірге қабылетті экономикалық мысал құрау: алдын ала бағаланған байлықтарды шығару⁸⁰ Азери-Чираг-Гюнешли мұнай кен орны 5,4 миллиарттай баррельді құрайды. Бөліктерде мұнай игеруде пайдаланылған жетілдірілген технологияда Каспий аумағы негізгі көз болып есептелінген, үлкен бөлігі қозғаусыз қалған.

Консорциум не себепті контрактілерді жария етті? ХВҚ құжаттарына сәйкес және де интервью барысында шешім қабылдау процессіне қатысқан компания қызметкерлері⁸¹ айтады, азаматтық қоғам тарапынан болған қысым, контрактілерді жария етудегі негізгі фактор болды. Белсенділердің контрактілерді жария жасаудағы осындай қызметі басқа елде жақында ғана үлкен жобаны тоқтатуға әкелді.⁸² ХВҚ және компаниялар – консорциум мүшелері БТД құбыр жүргізу жобасы құрылысына қатысты істің осылай аяқталуына жол бермеуге талпынды.

БиПи компанияның-басшысы консорциумның басшысы ретінде заңгерлермен БТД контрактілерінің мүмкін болатын жариялылығы бойынша заңгерлерден кеңес алған, заңгерлер контрактілердің жариялығын іске асыруға ешқандай бөгет болатындай себептерді таппаған. Шешім қабылданған, заңгерлік тұрғыдан келгенде⁸³ контрактілердің жариялығына қатысты ешқандай мәселе туындаған жоқ. Контрактілер коммерциялық ақпараттар позициясы бойынша жабық болып есептелінбеген және сол уақытта барлық жағынан жұртшылықтың игілігі болып табылған, осы үш елде заңдық күшін сақтаған. Заңгерлер контрактілердің жария болуынан келетін саяси пайданы да атаған, атап айтқанда: ӨӨАБ процессіне қолдау көрсетудегі шеру, мұндайды енгізу сол кезде бастау алған. Шын мәнісінде, қауіп заңдық сипатта болған жоқ, ол серіктестер жағынан – Грузия, Әзірбайжан және Түркияның ашуын қоздырды.⁸⁴

Компаниялар тіпті контрактілерді ашуға өте сезімталдықпен қарап, контрактілерді жария етуден бұрын олар үкіметтің ұсынысына, олардың тарапынан болатын барлық құптауларды ескере отырып ниет білдіреді. Компания өзінің контрактілерін үкімет тарапынан айқын келісім және айтарлықтай заңдық дәйектеме болмаса ашуларына сенім аздау. Алайда, бұл оларға тиімді болса, онда компания өздерінің контрактілерін БТД сияқты және жоғарыда еске алған «Тенке Фунгуруме» компаниясымен бағалы қағаздар мәмілелерін реттеу ережелерінің негізінде «Freeport McMoRan» жасалған контрактілерді келтіруге болады.

Үкіметтің компаниялармен жұмыс жасау тәжірибесі үлкен болса және олардың қорлары туралы неғұрлым көп білсе, олар контрактілердің құпиялылығының сақталуын қамтамасыз етуге қысым жасаулары мүмкін. Мұндай жағдайлар, әдетте мынадай жерде орын алады, үкімет айрықша сыр жаймаса және билікті заң тармақтарына немесе саяси элитаның аз бөлігіне шоғырландырса. Жариялылықтың мұндай орталықтандырылған биліктің өз мүдделерін қорғауларына қарсы шығуына болады. Тіпті билік айрықша сыр жасымаса да, олар жариялылыққа қарсы тұрулары мүмкін. Үкімет көптеген тараптардың мүдделерімен тікелей байланыста, кімдердің мүдделері үлкен мөлшердегі кірістермен тікелей кездесетіні, компаниялар мен акционерлердің мүдделерінің төмен екені жасырын емес. Үкімет түрлі ықпал етуші топтардың алдында, соның ішінде жергілікті тұрғындардың, шетелдік мемлекеттер үкіметінің және халықаралық ұйымдардың, сонымен қатар басқа да түрлі идеологиялық субъектілердің (бизнесті қорғау, қоршаған ортаны қорғауды жақтаушылар, жергілікті тұрғындар көтерген мәселелер бойынша) жауапкершілікте болады.

Біз, компаниялар контрактілердің құпия болуына қызығушылық танытпайды деп ойламаймыз. Бүгінгі таңда, компаниялардың ақпараттарға қол жеткізу мүмкіншілігі зор болуына байланысты, атап айтқанда, контрактілерге, үкімет алдында стратегиялық артықшылығы бар. Контрактілердің жариялылығы осы артықшылықты төмендетеді.

Контрактілер жариялылығы тәжірибесінің халықаралық саясат тұрғысындағы қатынасы.

1. Қабылдаушы мемлекет (мемлекет – жер асты байлықтарының иесі)

1. Заңнама және саясат

Бүгінгі таңда көптеген елдер, контрактілердің толықтай жариялылығын қамтамасыз етуге байланысты міндеттемені әлі қабылдамаған, осы есепте көрсетілген анықтауларға сәйкес, үкіметтен барлық кен өндіруші салалармен жасалған және жасалатын барлық контрактілерге жеңілдетілген қол жетімділікті талап етеді. Ізгілік тұрғысынан, контрактілерге қол жеткізу ақысыз және беймәлім болады. Азаматтардың, ешқандай артына түсушіліктен және қорлаушылықтан қорқынышсыз контрактілерге қол жеткізулерінде болады.

Төмендегі кестеде бірнеше елдің өздеріне, саясат негізінде контрактілердің жариялылығын қамтамасыз ету бойынша міндеттеме қабылдағанын және бір рет қана кен игеру салаларының бірінің контрактілері бойынша оның ақпараттарына жария жасау шарасына қатысқан елдер бойынша бірнеше елдің мысалдары келтірілген.

Саясаттың контрактілер жариялылығына қатынасы	Көмірсутекті кен орындарын барлау және игеруді іске асырудағы контрактілердің жариялылығы	Тау-кен өндірісі жұмыстары бойынша контрактілерінің жариялылығы туралы ақпараттар
Гана. Мұнайлық контрактілердің жариялылығын қамтамасыз ету бойынша қабылданған міндеттеме	Конго – Браззавиль Эквадор Перу	Конго Демократиялық Республикасы Либерия Перу
Либерия. Либерияның ӨӨАБ туралы жақында қабылдаған контрактілердің жариялылығын қамтамасыз ету туралы заңы		
Шығыс Тимор. Тимор теңізі аймағында ӨБК қол қойылған.		

Кейбір елдерде тиісті министрліктерге немесе парламенттік кітапханаларға контрактілерге қол жеткізу мақсатында өтінішпен баруға болады.⁸⁵ Тұтастай алғанда, біз мынадай елдерді «ақпараттарын

жариялаған елдерді» екі негізгі себеппен: біріншіден, біз зерттеу жүргізген елде, текосындай ақпараттардың жариялылығы орын алған ба соны анықтадық; екіншіден кейбір елдерде бұл қарастырылған, белсенділер мен зерттеушілердің айтуынша есеп беру деңгейінің төмендігі, контрактілерді алудағы үлкен шығындар: ең көп орын алушылық сұранымдарға деген қарсылықтар.

2. Контрактілерді Парламентпен бекіту

Кейбір елдердің заңнамаларында парламентпен шетелдік инвестициялық контрактілер бойынша немесе жекелей алғанда мұнай немесе таукен салалары бойынша бекіту (ратификациялау) қарастырылған. Заң бойына бұл контрактілер ашық құжаттар болуы керек. Көптеген елдерде министрліктер атқарушы билік органы болып табылғанымен немесе мемлекеттік мекемелер контрактілерді дайындауға жауап береді және осындай контрактілер бойынша келіссөздердің жүруіне жауапты болады. Осыдан кейін кейбір елдер контрактінің қорытынды немесе келісілген нұсқасын немесе саудаға таңдап алынған конкурстық ұсыныстардың парламентпен бекітілуін, заңдық күшіне енуін талап етеді.

Парламентпен контрактілерді бекіту, толықтай алғанда мемлекеттік саясаттағы дәлелдемеге жатпайды, әсіресе контрактілердің жариялылығы бойынша. Кейбір жағдайларда ратификациялау, компаниялармен пайдаланылатын, өздерінің қауіпсіздігін және өздерінің инвестицияларын өзгертуден және иемденіп кетуден қорғайтын құрал болып табылады.⁸⁶ Кейбір елдерде Конституция атқарушы биліктің бақылауын, жекелей алғандағы табиғат байлықтарына қатысты контрактілерді парламентпен дауысқа салу құқығын беру арқылы қарастырады. Басқа елдерде контрактілер шетелдік мемлекеттермен басты кейіпте халықаралық келісім немесе «шетелдік келісім-шарттар» негізінде қарастырылады және сондықтан да парламентпен бекітілуі керек. Парламентпен бекітілген контрактілер, тіпті олар саясаттың жариялылыққа қатысты бөлімі болып табылмаса да, оның тағы бір көрінісі ретінде, үнемі мемлекет немесе компанияларға айтарлықтай зиян келтірмей жұртшылыққа қолжетімді болады.

Келесі елдер географиялық аймақтары, саяси жүйесі және тапқан байлықтары бойынша айырмашылығы болады; алайда, осы мемлекеттердің барлығында контрактілерді Парламентпен тексеру талабы орын алған.

- Әзірбайжан. Әзірбайжан Конституциясы ел парламентіне халықаралық келісім-шарттарды бекіту немесе тыйым салу құқығын ұсынады. Халықаралық келісім-шарттарға жататын кен игеру салаларымен жасалған контрактілер, мысалы ӨБК. Барлық халықаралық келісім-шарттар парламентпен бекітілуі керек, содан кейін олар Әзірбайжан заңы болып табылады.⁸⁷
- Египет. ӨБК күшіне ену үшін заң шығарушы органмен бекітілуі керек.⁸⁸
- Грузия. Шетелдік инвестициялар туралы контрактілер, халықаралық келісімдерге жатады және демек, парламентпен бекітілуі керек.⁸⁹
- Қырғыз Республикасы. Егер ӨБК тарапы жағынан шетелдік заңды немесе заңды тұлға болса, ӨБК онда парламентпен бекітілуі тиіс.⁹⁰
- Либерия. Парламент инвестициялық контрактілерді келіссөздер жүргізілгеннен кейін және атқарушы биліктің министрліктері қол қойғаннан кейін бекітеді.⁹¹

- Сьерра-Леоне. Парламенттің таукен салалары бойынша жасалған контрактілерге қолы жетімді болуы керек, қол қоюдан бұрын, парламенттің өкілеттілігі кеңес беру функцияларымен шектелсе де, оның өзгертулер енгізуге, ұсыныс жасауға мүмкіндігі бар.⁹²
- Йемен. Контрактілер Парламент Актілері болып есептелінеді және Йемен заңдарының бөлігі болып табылады, бұл Йемен Конституциясымен қарастырылған; жақында осы саясат халықаралық арбитраждық талқылауға түсті, осы мемлекетке қарсы көтерілген іс бойынша, министрліктер қолдарын қойды және ӨБК ұзартуға келісті, ал парламент болса тыйым салды.⁹³

Әрине, ештеңеге қарамай, елдер осындай заңдарды «қағазда көрсетсе», тәжірибеде олардың сақталмауы да мүмкін.

ӘЗІРБАЙЖАН

Әзірбайжан Конституциясы бойынша Милли Меджлис (Әзірбайжан Парламенті) халықаралық келісімдерді бекітуге немесе күшін жоюға құқылы. Мұндай халықаралық келісімдерге жататындар: кен игеру салаларымен жасалған контрактілер, мысалы, өнімдерді бөлу туралы келісім.⁹⁴ Барлық халықаралық келісімдер Милли Меджлиспен бекітілуі керек, содан кейін барып олар Әзірбайжанның заңдары болып табылады. Мынадай болжам бар, контрактілер Әзірбайжан азаматтарына танысу үшін ғана қолдары жеткен, алайда, Әзірбайжанды зерттеушілердің пікірінше, тәжірибеде мұндай контрактілерді ашуға қол жеткізу міндетті емес.⁹⁵ Бұл біздің жеке жүргізген зерттеу миссияларымызбен дәлелденді.⁹⁶

Түсініксіз, Әзірбайжан Парламентінің мүшелеріне, егер олар контрактілердің толық мәтінін алған болса, контрактілерді зерттеуге, қанша уақыт беріледі. Осыған қарап-ақ, Әзірбайжан азаматтарының қоғамдық тыңдауларды өткізу мүмкіншіліктері немесе басқа да осы процеске қатысты заң бойынша да, тәжірибеде де мүмкіншілігі жоқ секілді. Қолдағы бар мәліметтерге қарағанда, мемлекеттік мұнай ұйымдарының қызметі, осылар сияқты Әзірбайжан Республикасының Мемлекеттік мұнай компаниясы (ӘРММҚ) және Әзірбайжанның Мемлекеттік мұнай қоры (ӘММҚ), Парламентпен емес, көп жағдайларда Президенттің жарлығымен реттеледі. Үкімет билігі кейбір есеп берулерінде «Демократиялық ел сияқты емес, «феодалдық» ел сияқты көрсетілген.⁹⁷ Қол жеткен табыстарына, Әзірбайжанның кен игеру салаларындағы жариялылықпен қамтамасыз болуына қарамастан, мәселесі шешілмеген сұрақ болып контрактілердің құпиялылығы тұр.⁹⁸

ЛИБЕРИЯ

Парламент үкімет шенеуніктерімен келісілген және қолдары қойылған инвестициялық контрактілерді бекітуі керек.⁹⁹ Заң бойынша Парламент мүшелері үнемі контрактілердің толық мәтініне қол жеткізулері керек, өкінішке орай, бұл жағдай ауыспалы үкіметте, алда болып кеткен Президент әкімшілігі Эллен Джонсон-Сёрлиф тұсында үнемі бола бермеді. Есеп берулерде көрсетілген, мысалы, бекіту туралы дауыс беруге дейін, Парламент мүшелерімен таукен орнын игеру саласындағы үлкен контракт ауыспалы үкіметтің және «Mittal Steel» компаниясының қолдары қойылған (қысқаша айтқанда, шындықтан алыстау) бір бет параққа қысқаша ғана шолу жасалған.¹⁰⁰

Бүгінгі таңда Либерия Парламент мүшелеріне олардың зерттеулеріне контрактілердің толық мәтіні ұсынылады, шынын айтқанда, Парламент мүшелері таукен орынын игеру саласы бойынша жасалған үлкен контрактілерге, олардың қосымшаларына және барлық қажетті құжаттарға қол жеткізуде (тіпті, Джонсон-Сёрлиф әкімшілігінде¹⁰¹) бірқатар қиыншылықтарды бастарынан өткерді. Контрактілер бюллетендерде басылуы керек еді, содан кейін барып олар ашық құжат болып танылады. Алайда, көзге көрініп тұрмаған мемлекеттік ресурстардың жоқтығынан контрактілерге деректер қорының он-лайн немесе жалғыз орын жеделдетілген қол жеткізу Парламентте немесе Либерияның атқарушы билігі министрлікте ғана. Егер контрактінің көшірмесі қажет болса, онда әртүрлі саладағы министрліктерге сұраныс жіберу керек, контрактілерді сақтайтындарға. Контрактіні алуға ниет білдірген, тұлға өзі туралы ақпараттар беруі керек, өздері кім болады және контракт жасаған компанияға контрактілер туралы ақпараттар ашылып қалса, сұраныс туралы хабарланады. Жеке тұлғаның көзімен қарағанда, компанияның қызметіне тексеру жүргізу, компанияға сұраныс жіберген тұлға туралы хабарлау оңтайлы шешім емес. Үкімет пен компаниялар өздерінен ақпараттар алуға өтініш білдірген қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне қысымшылық көрсетеді немесе оларға қарсы тұрады; сондықтан да, өздерінің ақпарат алу сұраныстарына теріс жауап келетіні, үкімет пен компанияларды сынға алып жүрген белсенділер үшін жаңалық емес, атап айтқанда, Либерияның Джонсон-Сёрлиф¹⁰² әкімшілігінде әсіресе үкімет сын мен айтысқа құлықсыздық танытады.

Тіпті, контрактілердің Парламентпен бекітілуіне қарамастан, Либерия контрактілердің жариялылығын қамтамасыз ету саясатын ӨӨАБ туралы заңның аясында қолдануды қабылдады, және бір ұқсастығы, ағымдағы үкімет өзінің басымдылық міндеті контрактілерге нақты қол жеткізуде деп ойлағандығында. Үкімет шенеуніктерінің айтуынша, олар инвестиция бойынша Ұлттық комиссиямен бірлесіп контрактілердің жиынтық кітапханасын құруға үміттенеді. Кітапханаға инвесторлардан басқа да, қоғамның үлкен жұртшылығының да қолы жетімді болады.¹⁰³

3. ҚДР, Либерия және Перу: контрактілер жариялылығын қамтамасыз ету мысалдары

Үкімет біртіндеп контрактілерді жұртшылыққа пайдалануға береді, бірақ контрактілер туралы жариялылық бірде болады бірде болмайды.¹⁰⁴ Мұндай жариялылық «бір жолғы» деп қана сипатталады, себебі жарияланатын контрактілер саны шектеулі. Ақпараттардың ашылуы минералдық табиғи қорлар немесе көмітсутекті салаларда ғана жүргізіледі, дегенмен, осы екі салада да, барлығына бірдей қол қойылмаған контрактілер жұртшылықтың пайдалануына берілмеген және оңайшылықпен берілмейді. Жанжақтылықтың жоқтығына қарамастан, осы бөлімде келтірілген мысалдар көрсеткендей, қашан, неге және әр елде контрактілердің жариялылығын қалай қамтамасыз еткен.

i. Конго Демократиялық Республикасының таукен орындарын игеру салаларымен жасалған контрактілер тексеру

2007 жылдың 11-маусымында ҚДР таукен өндіру саласының министрлігі арнайы 61 таукен өндірісі саласымен жасалған және қол қойылған (1996-2002 жж.) аралығындағы тонау соғысы және (2003–2006 жж.) ауыспалы аралықтағы контрактілері бойынша тексеруді сахналады.¹⁰⁵ Ел ішінде осы контрактілер

бойынша деректерді және ақпараттарды беру және олардың шарттарын қайта қарастырудағы талаптары жоғары болды. Дүниежүзілік банктің есеп беруі қызметінен шығып кеткен ақпараттармен дәлелденген, шындығында кеніш өндірісін басқарудағы және оның жұмысын іске асырудағы тәжірибесіздік ел табысының үлкен көздерінің, оның атақты кеніштерінің, ойластырылмай және олардың құны белгіленбей, ақшалай қаражаты жоқ тәжірибесіз компанияларға сатылып кеткен.¹⁰⁶ ҚДР үкіметінің кейбір шенеуніктері таукен жұмыстарын жүргізуді ойламайтын, әрі оған қабілеті де жетпейтін компаниялармен жасалған контрактілерді жойып, басқа орнықты компанияларды тартуға үміттенді.¹⁰⁷

Тексерудің басында таукен өндіру саласының министрлігі жұртшылыққа тексерілген контрактілерді беруге міндеттенген. Картер атындағы Орталық контрактілерді тексеру процессіне «қатысуға» жұмылдырылған, соған қарамастан Орталықтың қойған талаптарының бірі, үкімет міндетті түрде жұртшылыққа контрактілерді беру міндеттемесі.¹⁰⁸ Шындығында үкімет қандай жағдайда да жұртшылыққа контрактілер туралы ақпарат беретін еді, контрактілердің жариялануы тексеру барысындағы үкімет қызметінің жариялықты қамтамасыз етудегі тамаша көрінісі болды.¹⁰⁹ Ең басында басталған жариялықтың екпінді дамуы, жалғасын таба алмады. Қоғамдық ұйымдардың тексеру жұмыстарына қатысуы шектеулі болды, тексеру барысындағы хабарламалар толық болмады және «бір реттік» қана болды, ал контрактілердің шарттарын қайта қарау туралы мәліметтер өте сирек шығатын болды.¹¹⁰

Контрактілердің шарттарын қайта қарау туралы келіссөздер құпия түрде жүргізілді, ал жұртшылықпен қосымша келісімдер ұсынылмады. Үкімет тарапынан жұртшылыққа ұсынуға ниеті болған қандай да бір күәлігі табылмады. Осы есеп беру жарияланған уақытта, әлі де ештеңе түсініксіз болатын, контрактілер шарттарын қайта қарау туралы келіссөздер жүре ме, жоқ па; егер бұл процесс істің айқын көрінісінің күәсі болса, онда алдағы уақытқа деген ешқандай сенім жоқ. Алайда, ештеңеге қарамастан, компаниялар контрактілердің тексеріліміне және олардың шарттарына өздерінің разы болмағандықтарын білдірді, кейбір компаниялардың контрактілердің бір жақты ғана жарияланғанына кері пиғылы болғанымен, қызметте тәртіп бұзушылық орын алған жоқ, сотқа талап-арыз жазамыз деген қоқанлоқы тіпті орын да алмады.

ii. Перудің көмірсутекті кенорнын барлау және игеруде жасалған контрактілері

Перу көмірсутекті кенорнын игеруде ең жас ел болып есептеледі, бірақ Camisea Перу қорының ашылуына байланысты – газ өндіру саласындағы ірі ел. 2005 жылы шетке шығарудың жалпы көлемінен, мұнай өнімдерін шетке шығару 9% құрады.¹¹¹ Шетелдік инвестицияларды алу мақсатында Перу ашық, тұрақты, құқылы жүйеде ашық инвестициялық орта қалыптастыруға талпынды. Мұнайлы сектор келесі тендерлерде көптеген инвесторлардың назарын аударды және роялти мөлшері де айтарлықтай өсті.¹¹² Барлау және іске асыру бойынша алғашқы контрактілер туралы ақпараттардың жариялануы компаниялардың қызығушылығын тудырмады.

Перудің көмірсутекті кенорнын барлау және игеруді іске асыруға жасаған контрактісін жариялау туралы шешімі жалпы пікірге қарама-қайшылықты тудырады, үкіметтің контрактілерді жариялаудан қорқатыны инвестиция легінің азайып қалуына қатысты.¹¹³ Сөйлескен акционерлердің пікірінше, осы секторға түсетін ынталы шетелдік инвестициялардың көбеюі, инвесторлардың немқұрайдылығынан кейін тамаша болып табылады. Қызығушылықтың стратегиясының артуы берілген ақпаратта, оның ішінде контрактілер ең жоғарғы көлемде көрсетілген.¹¹⁴ Респонденттер түсіндірді, қаншама уақыттан бері типтік үлгімен бекітілген аз ғана өзгертулер енгізілген контракт болды, шын мәнісінде барлық ақпараттар

белгілі болатын. Тендерлер ашық болатын және жеңіске жеткен сұранымдардың жарнамалары және олар туралы ақпараттардың жария болуы компанияларға инвестиция бойынша үлкен қауіпсіздікті сезу ғана емес, сонымен қатар жариялылық бойынша да, конкурс процесінің сипаты туралы да куәлік бола алды.

Бүгінгі таңда Перу Фуджимори басқаруынан кейін жариялылық және ашық басқару жүйесіне кіреді. Үкімет Poder Judicial de Peru заңнамасы бойынша ақысыз іздестіру механизмін құрды,¹¹⁵ осылайша көптеген заң құжаттарына қол жеткізуге болады. Перу заңдары бойынша азаматтардың мемлекеттік шенеуніктердің қызметтеріне тексеру жүргізуіне қажетті ақпараттарға қол жеткізуі өте қаталдық деп есептелінеді.¹¹⁶ Алайда, таукен өндіру секторымен жасалған айрықша маңызды контрактілер, он-лайн режиміне кіре алмайды. Оларға жұртшылықтың қолы жетімді, тек контрактіні алу үшін тиісті мемлекеттік ведомстволарға өтініш білдіру керек.

Жариялылықтың жоғары деңгейлігіне қарамастан 2008 жылдың аяғына қарай «Petrogate» немесе «PetroAudio» болып аталатын мұнай секторында жанжал шықты. Жақында өткен тендерде мұнай саласы бойынша жасалған келісімде он төрт шенеунікке пара алды деген айыптау тағылған. 2008 жылдың 22- қазанында осы істегі бір және үш бұрынғы жоғары мәртебелі шенеуніктерге, сонымен қатар, тағы да он тұлғаларға мұнай контрактілерін аса ірі емес норвегиялық «Discover Petroleum» компаниясына бекіткендеріне байланысты пара алды деген айыптаулар тағылған.¹¹⁷ Айыптаулар қорытындысында осы іске қатысы және пара алулары бар, министрлер кабинетінің бүкіл құрамының 17 мүшесі өз орындарынан кетті. Дегенмен он адам өз қызметтеріне қайта тағайындалды, премьер-министр өз қызметіне қайта тағайындалған жоқ. Айыпталушылардың ішінде болғандар «Petroperu» компаниясының бұрынғы президенті Цезарь Гутьеррес Пена, бұрынғы бас менеджері Мигель Сели, бұрынғы директоры Альберто Кимпер және «PeruPetro» компаниясының қазіргі президенті Даниэль Саба.¹¹⁸ Жанжалмен байланысы бар басқа тұлғалар, «Petroperu» компаниясының бес қызметкері болды, олар техникалық бағалау жұмыстарын жүргізген, қорытындысында көптеген мұнайлық контрактілерді «Discover Petroleum» компаниясына беру туралы шешім қабылдаған.

Осыдан аз-ақ уақыт бұрын Перуде елдегі шетелдік инвестициялардың орын алуына байланысты, соның ішінде көмірсутекті секторда ішкі дау-жанжалдар болды. 2009 жылы бүкіл ел бойынша ереуілдер өтті, маңызды жүк тасымалдайтын жолдар жабылды, полиция ереуілшілерге қарсы күреске шықты.¹¹⁹ Көмірсутекті сектордың келешегі күмәнділеу болып тұр, осыған қарамастан, үкімет шенеуніктері прес-сада оптимистік қалып танытады және де қарсылықтарға қарамастан табылған кен орынын игеруді жалғастыруға мәжбүрлейді.¹²⁰

Осы саланың күмәнді келешегіне қарамастан, орын алған жағдайларды ескерсек Перудегі контрактілердің жариялылығы бойынша бірнеше қорытынды шығаруға болады. Біріншіден, компаниялар контрактілердің жұртшылыққа жария болатындығын біле тұра, тендерға контрактілерге келісім жасау үшін қатысады. Дегенмен, белгісізі, көптеген компаниялар тендерға қатысар ма еді, егер де контрактілер жария етілмесе. Перуде, бәрібір көптеген компаниялар тендерға назар салды, сонымен қатар роялти ставкаларын көтерді. Осылайша, контрактілердің жариялылығын тоқтату факторы болудан қалды, және де, осының нәтижесінде көп инвестиция тартылды. Перуде өз қызметтерін іске асырып жатқан компаниялар хабарлайды, контракт туралы ақпараттарды жария ету, Перуде қызметті жүргізудің тек бір ғана мәнісі болатын.¹²¹

Екіншіден, контрактілердің жариялылығы жемқорлықтың барлық түрлеріне тосқауыл қоя алмайды,

оған дәлел «Petrogate» жанжал; дегенмен, контрактілердің жариялылығын насихаттайтындардың өзі, мұны бекіткен жоқ. Жариялылық – жемқорлыққа қарсы тосқауылдардың бірі, бірақ ерекше бір құдырет емес.

Қорыға келгенде, азаматтар да, белсенділер тобы да және Парламент мүшелері де контрактілердің байыбына баруды, тексеру жүргізуді және саясатқа әсер етуді ойлайды. Белсенділер топтары әртүрлі контрактілер бойынша есеп берулерді жазған, осы контрактілерге байланысты сұрақтар прессада жарық көрген, бұл жұртшылықтың үлкен назарын аударған.¹²² Контрактілердің жариялылығы қоғамдық ұйымдардың бүкіл елдің масштабында өтетін игерілмеген табиғи қорларды қалай пайдалану керек деген сұраққа байланысты сөз сайыстарда маңызды роль атқарады. Сонымен, контрактілер жариялылығын қамтамасыз ету барлық келіспеушілікті тоқтатпайды, тек конструктивті сөз сайысына мүмкіншілік береді.

iii. «Mittal Steel» компаниясының контрактісі – Либериямен бірге темір рудасының байыбына бару

Көптеген контрактілердің жалпыға бірдей қолы жетімді болуы мемлекеттің саясатына немесе тәжірибесіне байланысты емес, мемлекеттегі мүдделі адамдардың күш-жігеріне байланысты – жер асты байлықтарының иесі, өзінің байланыстарын контрактілерді алу үшін жұмсайды.

Жергілікті мүдделі азаматтар құны миллион доллар тұратын темір рудасын игеру контрактісіне, үкіметтегі байланыстары арқылы қол жеткізген.¹²³ Тұрақты даму институты (ТДИ), табиғат ресурстары мәселелерімен айналысатын Либерияның жергілікті ҰЕҰ, Колумбия университетінің адам құқықтары жөніндегі Орталығынан «Центр» контрактісін талдап беруді сұраған. ТДИ орталықпен құрастырылған меморандумды ұлттық газетте жариялаған.¹²⁴ Бұған жауап ретінде «Mittal Steel» компаниясы газетке хабарлама берген, онда, меморандумдағы қорытындылар өтірік, контракті туралы түсініктемелер дұрыс емес деп атап өткен.¹²⁵ Осы компанияның хабарлауынша, оның Либериямен келісімі «басқа елдердің кезкелген келісімдерінің ережелері секілді қарастырылғанын айтқан».¹²⁶ «Global Witness» ұйымы, ҰЕҰ, табиғат байлықтарын және халықаралық сауда жүйесін дұрыс пайдаланбағандық жағдайлары болса анықтауға жұмылдырылған, «Mittal Steel», компаниясының контрактісіне толықтай сараптама жұмыстарын жүргізген, осы арқылы контракт шарттарын қайта қарауға қатысты істе қысымды күшейткен.¹²⁷

2006 жылдың 16-қаңтарында, Эллиен Джонсон-Сёрлиф Либерияның президенті қызметіне кіріскеннен кейін және контрактілерге қатысты күрестің алдында, алдыңғы ауыспалы үкіметпен жасалған барлық контрактілер және концессиялық келісімдер бойынша тексерулер жүргізу саясатын енгізді.¹²⁸ Тексерулер бойынша енгізілген саясат, мемлекет стратегиясының он төрт жылға созылған азаматтық соғыстан кейін оны қалпына келтіру шараларына қатысты бір бөлігі еді және де табиғи кен орындарын игеру бойынша жасалатын контрактілермен шектеліп қалған жоқ. Джонсон Сёрлиф алдындағы ауыспалы үкімет, шектен шыққан жемқорлар еді – шектен шыққаны соншалық, тіпті халықаралық ынтымақтастық ұйымы арнайы Либерия үшін бағдарлама дайындады, Басшылық мәселелерінде және экономиканы басқаруда көмек көрсету бағдарламасы немесе «БМЭБККБ» деген атау алды.¹²⁹ «БМЭБККБ» мақсаты Либерияның институттарын және процессті техникалық тәжірибенің көмегімен және мемлекеттік министрлер тарапынан қадағалауды қалпына келтіру еді. Контрактілерді тексеру және олардың шарттарын қайта қарастыру, осы бағдарламаның бір бөлігін құрады, және де Джонсон-Сёрлиф бағдарламаның осы бөлігін өзі жүргізіп отырған саясаттың артықшылығы деп атады. Атап айтқанда, Джонсон-Сёрлиф «Mittal Steel» компаниясымен жасалған іс бойынша процессті ұйымдастырып контрактілерді қарауды тездетті, ол халықаралық ынтымақтастық ұйымының процесімен қатар «БМЭБККБ» бағдарламасымен қатар жүрді және оған

қосымша қызмет көрсетті.

Әкімшілік халықаралық қолдауды пайдаланып, үлкен ауқымда контрактілерге тексеру жүргізуді, сонымен қатар «Mittal Steel» компаниялары контрактілерін БАҚ-да және ҮЕҮ жария етілуін және келіссөздерде Либерияның ұстанымын нығайту мақсатын көздеді.¹³⁰ Қайта қаралған контрактілердегі түзетулер Либерияның қаржылық жағдайының ұлғаюына әкеледі, сонымен қатар, үкіметтің қорғаныс құралын және құқығын ұлғайтады, әсіресе өте маңызды инфрақұрылымды объектілерге қатысты, мысалы, темір жолдар және порттар. Дегенмен, бұл келісімдер азаматтық қоғам ұсынған кейбір қорғаушылардың талаптарына, әсіресе, негізгі сұрақтар бойынша, атап айтқанда «Mittal Steel» компаниясының құпиялылықты сақтау баптары және ағаш материалдарына шектеусіз құқығы бұрынғыға қарағанда тәуір болса да әлі де сай келмейді.¹³¹ Осы есеп беруге тура қатысы бар тараптар туралы айта кету керек, олар барлық ақпараттарды құпиялылықта сақтау бабына сәйкес құпия ұстайды немесе екеуара келісім бойынша жария жасаулары да мүмкін.

Қайта қаралған контракті құпиялықты сақтау бабына сәйкестігіне байланысты шектеулерге қарамастан ашық құжат болып есептелінеді. Оған қол жеткізу оңай емес: мемлекеттік ведомстволардың бірінде жинақталған, контрактілер бойынша деректер қоры жоқ, және де Интернет арқылы контрактілерге қол жеткізу де мүмкін емес. Алайда, оларды алуға сұраныс жіберуге болады және үкімет алдағы уақытта бірыңғай деректер қорын құруды жоспарлап отыр.¹³²

Б. Компаниялар

Контрактілердің жариялылығына қатысты (егер ондайлар бар болса) саясатты ұстанған елдер өте аз. БТД контрактілеріне қатысты ақпараттардың БТД консорциумымен ашылуы айрықша үлгі боларлық іс болды, компания контрактілер бойынша ақпараттарды жария жасау бастамасын өздеріне алды. Дегенмен, ақпараттардың жария болуы үлкен қадам болғанымен, БиПи немесе БиПи консорциумындағы басқа компанияларды контрактілер ақпараттарының жариялылығы саясатын үнемі жүргізуге ықпал ете алмады.¹³³

В. Компанияның иелігіндегі елдер

1. Заңдар

Қабылдаушы мемлекеттердің (мемлекет – жер асты байлықтарының иесі) контрактілердің жариялылығына қатысты саясаты салыстырмалы түрде нақтылы емес, және көріп отырғанымыздай орындалуы да күмәнді. Бұған мысалы ретінде, «Шетелдік инвестицияларға қаржы бөлу туралы» (H.R. 3057) АҚШ заңын көрсетуге болады. Заң ХҚИ кен игеру салалары жобаларына бөлінетін қаржы көлеміне, қабылдаушы мемлекетпен (мемлекет – жер асты байлықтарының иесі) жасалған келісімдерде және жоба бойынша тендер құжаттарының ақпараттары жариялылығы талап етілмесе де шектеу қояды. Дегенмен, ХҚИ тарапынан контрактілердің жариялылығына қатысты талаптары болмағандықтан бөлінген қаржыны қайтару туралы жарлық жоқ.¹³⁴

2. Құнды қағаздармен жасалған мәмілелерді реттеу ережесі

Заңның ең маңыздысы «елдің қатарында болу», контрактілер ақпараттарының жариялылығына және құнды қағаздармен жасалған мәмілелерді реттеу саласының ережесіне сүйенгені заңды болып табылады.

Қор биржалары «маңызды контрактілер» немесе «маңызды мәмілелер» туралы ақпараттарды ашуды талап етулері ғажап емес. Ал, құнды қағаздармен жасалатын мәмілелерге келетін болсақ, дәлелдеу арқылы ашықтыққа негіз жасаудың өзі, инвесторларға құнды қағаздардың құнын бағалауға берген ақпарат болып табылады. Осы айтылған ереженің бүтінгі уақыттың саясатына, кен игеру салаларындағы контрактілердің жариялылығын қамтамасыз ете отырып басқаруына еш қатысы жоқ. Солай бола тұрса да, құнды қағаздармен жасалған мәмілелерді реттеу ережесінің маңызы бар, бұл дегеніңіз жұртшылыққа ақпарат жеткізетін потенциалды көздер болып табылады және де контрактілер туралы ақпараттар үнемі жарияланып, салаларға, жекелеген компанияларға немесе мемлекеттік контрагенттерге ешқандай да маңызды залал келтірмей, жалпыға бірдей қолжетімді болуда.

Қандай контрактілердің ашық болып шығатындығын жіті бақылап отыру қиындау әрине, осы есеп беруді дайындау кезінде жүргізілген аз ғана зерттеулерге қарап, жариялылықтардың тиянақсыз жүргізілетіндігіне, ережедегідей, ірі таукен және мұнайлық компанияларда жүргізілмейтініне куә болдық. Бұған бірнеше факторлар себеп болады. Біріншіден, заңға сәйкес құнды қағаздармен жасалатын мәмілелерді реттеу, (немесе «құжаттарды беру») тәуелсіз органдармен емес, компаниялармен (немесе олардың агенттерімен, көпшілігінде заңгерлермен) жүргізіледі. Құжаттарды беру мемлекеттік реттеуші органдармен бақыланады және тексеріледі, бірақ есеп беру туралы міндеттемені компания өзі мойнына алған. Бұл дегеніңіз, компания ережені әр-түрлі және бірнеше варианта құбылтады дегенді білдіреді.

Екіншіден, «маңызды контрактілер» (жоғарыда көрсетілген ережелер анықтамаларына сәйкес) дегеніміз, бұл контрактілер «әдеттегі қызметтің шеңберінен тыс» контрактілер. Бұған түсінік беруде «әдеттегі қызмет жүрісі», әр компанияда әр түрлі анықталады. Мысалы, аса ірі емес мұнайлы компания, үкіметтермен жасалған бір немесе екі ірі контрактісі бар, мүмкін оның қызметінің осы контрактілерге тәуелділігіне байланысты, контракт туралы ақпараттарды және оған енгізілген түзетулерді де ашуы керек шығар. Ал, ірі шоғырланған ұлттық компания, қор биржасында тіркелген және бүкіл әлем бойынша көптеген контрактілерге қол жеткізген, керісінше, мұндай ашылымдарды жасамағаны дұрыс, себебі олар аналар сияқты «маңызды» емес, жоғарыда көрсетілген ережеге оның қызметі анықтамаға сәйкес келмейді. Контрактінің өзі де барлық қор биржаларында жалпыға бірдей қолжетімді бола бермегені дұрыс және құнды қағаздармен жасалған мәмілелерді реттеу саласының ережесіне сәйкес кейбір қор нарығында негізгі шарттарды ашу талап етіледі.¹³⁵

ДЕРЕКТЕР ҚОРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ АШУ ТУРАЛЫ МЫСАЛДАР

Қазақстан және «Charral Resources Inc.» компаниясы. Маңызды контрактілерді ашуда, ережедегідей, қосымша түрінде табуға болады «EX-10 Exhibits» Ережеге сәйкес құжаттарды беру шеңберінде S-K (Regulation S-K – АҚШ комиссиясының бағалы қағаздар және биржа туралы ережесі). «Charral Resources Inc.» Америка компаниясымен бірге¹³⁶, Қазақстандағы жалғыз іске асырылған контракт Қарақұдық кен орнына қатысты контракт болды.¹³⁷ Қазақстанмен жасалған барлау, игеру және табу туралы деректерді АҚШ-тың EDGAR құнды қағаздар және қор биржасы комиссиясының деректер қорынан «EX-10 Exhibit» қосымша түрінде табуға болады.¹³⁸ Зерттеу көрсеткендей контрактіде белгілі бір редакциялық түзетулер жоқ.

4.ХҚИ

Ірі халықаралық қаржы институттары – Бүкіләлемдік банк, ХҚК және ХВҚ – контрактілердің жариялылығын және бағдарламаларын қамтамасыз ету саясатына көшеді. Алайда, ірі ХҚИ айтылған жариялылық саясатына қарамастан әлі де жіберілген кемшіліктер және артта қалушылық орын алуда.

ХҚИ контрактілердің ашықтығына қатысты саясаты		
ХВҚ: Контрактілердің ашықтығына қатысты күшті саясат	ХҚИ: Контрактілердің ашықтығына қатысты шектеулі саясат	Бүкіләлемдік банк: Контрактілердің ашықтығына қатысты саясатқа ауысу
<p>ХВҚ басшылығы табиғи ресурстардан түсетін табыстардың ашықтығын қамтамасыз етуге байланысты 2005 жылы мұнайгаз және таукен игеруші компанияларға контрактілердің жариялылығына, қаржы саясатының тұрақтылығына сәйкес кеңес берді, (атап айтқанда, ӨБК, таукен жұмыстарын іске асыруға жасалған келісімдер және т.б.) 2007 жылы Басшылықтың осы контрактілерді екінші редакциянуы кезінде, екінші рет контрактілер бойынша ақпараттардың жариялылығын қамтамасыз етудің маңыздылығын тағы да қайталады. (атап айтқанда, тендерлар, лицензиялық келісімдер, ӨБК және т.б.):</p> <p>«Осы қатынастардағы озық тәжірибеге [...] кіретіндер: (i) типтік келісімдер және барлау, игеру және табу шарттарына, шенеуніктердің аз араласуын, дегенмен бұл шарттарда уақытқа байланысты айырмашылықтар болуы мүмкін; (ii) лицензиялау тәртібінің нақтылы және ашық болуы; (iii) (халықаралық арбитражға) айтысудың ашық болуы және (iv) лицензиялық және контрактілік аумақтарда, жекелеген келісімдерді және контрактілерді кен орындарын табуға қатысты олардың жариялылығын іске асыруға.»¹³⁹</p>	<p>ХҚИ ірі контрактілер шарттарының ашықтығын қамтамасыз етуді талап етеді, тек контрактілердің толық мәтінінің ашықтығы емес. 2006 жылғы «Әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық саясатында» атап өтілген: «ХҚК кен өндіру салалары бойынша қабылдаушы елдердің бюджетіне түскен түсімдердің жариялылығын қамтамасыз етуге ықпал жасайды. Соған сәйкес, ХҚИ талап етеді:</p> <p>(i) кен игеру салаларындағы маңызды жаңа жобаларға қатысты клиенттер, қабылдаушы елдердің бюджетіне түсетін ірі жобалардың төлемдері бойынша ақпараттардың (мысалы, роялти, салықтар және пайдаға қатысы) және соған сәйкес маңызды келісімдер шаралары жұртшылықтың мазасыздануына әкелетін, атап айтқанда, мысалы, қабылдаушы елдердің үкіметімен жасалатын келісімдер (ҚЕҮЖК) және үкімет аралық келісімдер (ҮАК); және (ii) соған орай, 2007 жылдың 1-қаңтарында ХҚИ-мен қаржыландырылатын барлық кен игеру саласындағы жобалардың клиенттері, жұртшылыққа өздерінің төлемдерінің мәнін, атап айтқанда: үкіметке (-терге) қабылдаушыға (-шыларға) елге (- дерге)».</p> <p>ХҚИ-ның жариялылықты қамтамасыз ету бойынша міндеттемесі тек қана «маңызды» немесе «жаңа» жобаларға ғана қолданылады, атап айтқанда, 10 немесе одан да көп пайыз түсімдер осы елдердің бюджетіне түседі.¹⁴⁰</p>	<p>Бүкіләлемдік банк: Контрактілердің ашықтығына қатысты саясатқа ауысу</p> <p>Бүкіләлемдік банк контрактілердің жариялылығына қатысты саясатты хабарлаған жоқ. 2008 жылдың сәуірінде ол, «ӨӨАБ++», деген жариялылық принциптерін қолдануға бағытталған және «құн тізбесінің қосылымдары», яғни контрактілер, кірістер, бюджеттің құрастырылуы шығындар шығаруды олардың қай кезде күшіне енетіні не қатысты тәртіпті басқару деген бастаманы енгізді. Бастаманың сұлбасы әлі де құрастырылуда болғанымен, контрактілердің жариялылығын қамтамасыз етуді бағдарламаға енгізілуі әбден мүмкін. Банктің сайтында бастамаға қатысты жаңа хабарлама жоқ, бірақ Банкпен ӨӨАБ++ бойынша қызмет істейтін тұлғадан алынған мәліметтер бойынша, жақын арада бұл бастама кейбір елдерге жіберіледі және де Банктің саясаты болудан қалады.¹⁴¹</p>

ХВҚ басшылығы (ары қарай МВФ басшылығы) табиғи ресурстардан түсетін табыстардың ашықтығын қамтамасыз етуге байланысты контрактілерді жасауда пайдаланылатын рәсім түрлері бойынша талдау өткізуді нұсқай отырып, әрбір рәсімде контрактілердің жариялылығының қамтамасыз етілуін қарастырады.

- Ашық тендер – белгіленген шарт. ХВҚ тендерлерде пайдалынатын белгіленген шарттар бойынша конкурсқа ұсынылған барлық тапсырыстар және тапсырылған қорытынды контрактілер туралы ақпараттарды жұртшылыққа жария етуге кеңес береді. Сонымен қатар, барлық жер асты дүмпулерін барлау және бұрғылау жұмыстары бойынша тендерді ұтып алушыдан алынған деректер жұртшылыққа, мерзімі белгіленбесе де жария етіледі. Осы есеп беру аралығындағы (Австралия) диапазон сегіз жылдан (АҚШ Мексика шығанағында) отыз бес жылға дейін жетеді.
- Ашық тендер – шарттардың ауыспалылығы. ХВҚ жеңіске жеткен тендердің ұсыныстары бойынша ақпараттардың, сонымен қатар тендер турлары бойынша да ақпараттардың, халықаралық бақылаушылардың зерттеулеріне ашық болуына кеңес береді.
- Келісілген мәмілелер. ХВҚ-ның көрсетуінше, көрсетілген мәмілерді жария етіп қою – өте сирек ұшырайтын құбылыстар, жағдайдың жиі-жиі ауысушылығын, жүргізілген келіссөздердің нысаналарын білдіріп қояды. Екі жақтың ыңғайға келісулерінің тиімділігіне қарамай, бұл жағдай «жемқорлықтың туындауына үлкен жол ашады. Ақпараттардың ынталы түрде жариялануы тәжірибеде тендер мен оның шарттарының мәліметтерін ең аз дегенде, жалпылай ашып береді».¹⁴²

ХВҚ басшылығының ұйғарымынша, мұнай өндірісі тендерлері бойынша, тек барлау жүргізетін аудандарында ғана оның ашықтығын жариялау мүмкін емес. «Халықаралық, әсіресе кішігірім компаниялар, барлау және келешегі зор бөліктердегі бәсекелестеріне инвестиция салуға жағдайлары келмейді және де лицензия беретін органдарға ұсыныстар жібере алмайды. Әдеттегі тендер, тендерлік ұсыныстардың бастапқы кезеңінде, яғни, аз зерттелген аудандар немесе газ кен орындары бар аудандар, жоғары тәуекелге баруда сәтсіздікке ұшырауы салдарынан алдын ала шығындарға ұшырауы мүмкін. Мұндай жағдайларда кең тараған құбылыс мәмілелік келісімдер болып табылады. Алайда, тәжірибе дұрыс көрсеткендей жариялылыққа қатысты барлық қол қойылған контрактілердің жариялануын талап етеді».¹⁴³

ХВҚ басшылығы кейбір жағдайларға қатысты түсінік береді, не себепті мемлекет және компаниялар оның кеңестерін ұстануға құлықты емес:

«Ашық тендерлер процестерін өткізуге қатысты жиі кездесетін мазасыздық жағдайларының себебі мынада, үкіметте, компаниялар сияқты жеңіп алған контрактілерінің ашық жария болуы салдарынан бәсекелестік артықшылығын жоғалтып алулары мүмкін. Сондықтан, коммерциялық құпиялылық кейбір елдерде жасалған келіссөздер жүргізу барысында, контрактілердің құпиялылықты таратпау баптарын тарату үрдіс алған. [құпиялылықты сақтау баптарына басқаша термин], Әдетте, үкімет айтатын (кейбір дәрежеде компаниялар айтатын) себептер болып алдыда жасалатын контрактілердің жариялылығы, жүргізілетін келіссөздерде өздерінің мүдделерін қорғау қабілеттеріне кері әсерін тигізеді. Алайда, іс жүзінде контрактілердің шарттары, қол қойылғаннан кейін өндірісте үлкен танымалдыққа ие болуы мүмкін. Сонымен, контрактілердің жа-

рия болуы салдарынан стратегиялық артықшылық біршама азаяды. Шындығында да, бәстесуге тұрарлық жағдай, контрактілерді жариялау міндеттемесі, шындығында да, үкіметтің келіссөздердегі ұстанымын нығайтуы керек, себебі ақпаратты ашу туралы және келіссөздердің қорытындысы туралы міндеттемесін заң органдарына және жұртшылыққа жария жасауы үкіметтің адал мәміле жасау қатынастарына қысымын ұлғайтады».¹⁴⁴

Бұл бақылау осы есеп берудегі негізгі қорытындыны айқындайды, олай болатын себебі, олардың контрагенттері – үкіметке қарағанда, салаларға контрактілер және контракті шарттары туралы көп нәрсе мәлім. Дегенмен, үкімет контрактілердің жариялылығынан қорқуы да мүмкін, себебі жемқорлықтың шығуы, құзыреттіліктің жоқтығы немесе қорлардың болмауы салдарынан, олар шын мәнінде өте пайдалы мәміле жасау мүмкіншілігін жіберіп алулары да мүмкін. Мұның тағы бір себебі, мынада болуы керек, компаниялар неге контрактілердің жариялылығына қатысты саясатты қабылдауға асықпайды.

Жариялылыққа қатысты саясатқа көшуге қарамастан, оның іске асырылуы артта қалып келеді. «Global Witness» ұйымының және Банктер туралы ақпарат орталығының ХҚИ қызметіндегі контрактілер ақпараттарының жариялылығы бойынша бірлесіп жасаған есеп беру жұмыстары үлкен ауқымда насихатталмайды.

«ХВҚ (халықаралық валюта қоры) операцияларымен контрактілер жариялылығының іске асырылмауы, шамамен 80% және табиғи ресурстарға бай елдердегі Бүкіләлемдік банк операцияларымен 90%-ға тең. ХВҚ контрактілердің жариялылығын бағдарлама көрсеткіштерін бақылау етіп белгілеген, немесе олардың іске асырылуының индикаторы болып табылатын елдердің 12%-ның ХВҚ-на қарызы бар. Бүкіләлемдік банк ешуақытта бағдарлама көрсеткіштерін бақылау етіп белгілемеген, және тек қана ХҚИ (халықаралық қаржы институты) кен игеру саласындағы бір жобада 2003 жылдың маусым айында контрактінің жариялылығы талап етілді».¹⁴⁵

5.Өндіріс

Салалық топтар және жекелеген компаниялар контрактілердің толықтай жариялылығына қатысты саясатты әлі қабылдаған жоқ. Контрактілер оларды сатып алады, достарына және әріптестеріне сатады, ал, өндірістік компаниялар жұртшылыққа контрактілер туралы ақпараттарды ұсынуға аса құлшыныс білдіре қоймайды.

Контрактілердің жариялылығын қамтамасыз етуге байланысты зор үміт күттіретін хабарламаны Өндірістік ассоциацияның таукен және металл істері бойынша халықаралық кеңесі жасады.(ӨАТМІХК). «Минералдық ресурстардан түсетін табыстардың жариялылығын қамтамасыз ету бойынша хабарламаның шеңберінде ӨАТМІХК мүшелері «сындарлы түрде минералдық табиғи қорлардан түсетін табыстар жариялылығын табыстарды басқаруды есепке ала отырып, оларды бөлуге және шығындауға, немесе контрактілер ережесінің жариялылығын тең жағдайда өзара немесе ӨАТМІХК-нің секретариаты арқылы шешуге міндеттенеді».¹⁴⁶

Жариялылыққа байланысты саясатты қолдау қатынастары өте шектеулілігіне қарамастан, тіпті ӨАТМІХК-нің қолдауы тек келісімдердің ережелеріне ғана қатысы бар, ал контрактілердің толық мәтініне қатысы жоқ. Контрактілердің жариялылығы салалар мүшелері арасында кең тараған құбылыс болып

есептелінеді. Әр түрлі мұнай-газ контрактілерін өндірістік салалардың арнайы сайттарынан және де контрактілер орналастырылған жалпы сайттардан алуға болады. «Alexander's» компаниясы өзінің сайтында «Контрактілер және тендерлер» деген тарауды берген,¹⁴⁷ онда мұнай, газ контрактілері бойынша барлық деректер қоры жинақталған. «Barrows» компаниясының деректер қорында,¹⁴⁸ сол сияқты мұнай, газ контрактілері және таукен өндірісі салаларымен жасалған контрактілер бар. Көріп отырғанымыздай, бірде-бір деректер қоры толық емес. Колумбия университетінің заң факультетінде «Barrows» компаниясының бірнеше басылған жинақтарының көшірмелері сақталуда, атап айтқанда, «Мұнай және концессиондық контрактілер туралы негізгі заң», дегенмен оның мазмұнын қарау толық мағлұмат бере алмады, атап айтқанда, контрактілердің деректерімен және заңдармен танысуды қалай іске асыруға болады. Мұнай, газ және минералды табиғи қорлардың барлығына қарамастан, кейбір елдер ел сияқты тіркелмеген, жинақта көрсетілген контрактілер сияқты, басқа елдерде де мұндай контрактілер бар және көп. Типтік контрактілердегі белгі, осылардың арасындағы кейбіреулеріне қолжетімділік мемлекеттік басылымдар, федералдық тізілім немесе үкіметтік бюллетень арқылы беріледі.

Үкіметтік бюллетендерді пайдаланудан басқа, шындығында, деректер қорын құрастырушылар контрактілерге қол жеткізуді үкіметтегі байланыстары арқылы жүзеге асырады. Көп тараған құбылыс болып табылатыны, контрактілерге деген сұранымдар, жолдаушылардың түрлі тізімдерін жіберу, бір саладан екінші саладағы басқа жолдаушыға, мысалы, мұнай-газ және энергетика салалары бойынша өткен форумдағыдай жағдайларда.¹⁴⁹



Қорытынды және ұсыныстар

Контрактілердің жариялылығы кен өндіруші салалардың бәріне де пайдалы жағдай болып саналады. Контрактілердің ашық болуы – әбден қалыпқа түскен, басқару жүйесі мемлекеттік салалар тарапынан төселгендікке жетелейтін құбылыстар Онымен қоса, мұндай атқарулар азаматтарға қызметтік орындардағы мониторингін іске асыруға мүмкіндік туғызады. Әсіресе, мұндай мониторингтерді жүзеге асыру үкіметке қарағанда, азаматтарға әлдеқайда тиімді. Мысалы, табиғатты қорғаудың өлшем түрлері, қоғамдық міндеттерді орындаудың талаптары мен өлшемдері. Контрактілердің жариялылығы контрактілерді дайындау мен шартқа отырудың барысы үкімет шенеуніктері үшін ел мүддесіне қарағанда олардың өз мүдделерін күйттеудің жолына бөгет жасайды. Ал, келешек уақыттарда контрактілерді бүкіл дүние жүзі бойынша қадағалаудың арқасында келісімдер жүргізу барысында үкімет бірте-бірте өз мүдделерін қорғауға машықтанады. Құпиялық олардың іскер еместіктерін, басқару ісіндегі теріс пиғылдарын, жемқорлықтарын халықтан жасырады, бірақ контракті шарттары өздерінің салаларына белгілі, тіпті оларға өтірік келісімдері де таныс.

Сонымен бірге, контрактілердің жариялылығы келіссөздердің шарттарымен үкімет тарапынан әсерлі түрде қол жеткізулерін қамтамасыз ете алады. Ал, инвесторлар қалайда тең дәрежелі қалыпта жариялылықты қолдауларына себеп табады. Кен өндіру салаларындағы контрактілер тұрақсыздау болатыны белгілі. Контрактілердің талаптарын қайта қарау барысында саяси тетіктер тұрғысы оған пәлендей мұқтаждық болмаса да, үнемі пайдаланылып отырады. Саясаткерлер бірлестіктерді бір-біріне жауықтырып қоюға әуес. Контрактілердің жариялылығы арқасында компаниялар бір-біріне құбыжық болудан құтылады; үкімет өздері жасаған келісімдері үшін жауапкер болулары керек. Бұдан арыда, келісімдер қаржылық шарттарға орай ынтымақты түрде ыңғайлы қалыпқа түсіп, бағалық мөлшердің тиісті санымен қамтамасыз етеді. Көпшілік үкіметтің де, ұзақ мерзімдік инвесторлардың да ұмтылатындары – осы жағдайлар.

Контрактілердің жариялылығы бір-бірінен озық болуға ұмтылушылыққа да, бірінен-бірін оздыруға да итермелейді.

Көрсетілген есеп беруде контрактілердің құпиялылығы бұрынғы өткен кезеңдердің сарқыншағы, сол кездерден қалған және санасыз қалыпта қайталанып келе жатқан көріністер делінген. Тіпті, табиғи қазбаларды игеру жүзеге асырылып, жариялылық пен жауапкершілік басты нысанға айналса да, сол пікір сақталып қалған. Кен игеру салаларындағы келісімдер көбіне-көп заңдылықтарының өзгеріске ұшырауларына әкеледі; отыз жылға немесе одан да ұзақ мерзімге арналған контрактілер заңдылықтар өзгерістерінен қорғайды. Осының әсерінен, көп жағдайларда мұндай мазмұндағы көріністер коммерциялық келісімдерден көрі заңға немесе халықаралық келісулерге көбірек ұқсап кетеді. Осының салдары контрактілердің құпиялылығы демократиялық қоғамдарға көптеген қолайсыздықтар туғызады.

Осы тұрғыдан алғанда, құпиялық – аномалия. Ол хабар-ошарды қолдайтын мемлекеттік заңдылыққа қарсы келеді. Және хабар-ошар алуға ерікті адам құқығының дамуына кедергі жасайды. Мемлекеттік

басқару тұрғысынан алғанда, жариялылық мемлекеттік сектор тарапынан жауапкершілікпен қамтамасыз етудің түп қазығы және тұрақты дамудың мол байлығымен тиянақты қалыпта қамтамасыз етілудің негізі болып саналады.

Осылардың нәтижесінде, осы есеп беруді дайындау барысында біз қарсы дұшпандар таппадық, тек контрактілерге қарсылық білдірген жақсы қысындастырушылардың үнемі кірісіп жүретін аздаған топтарымен істес болдық. Өндірістік құпияларын жақтап, жиі-жиі көлденең тартатындар немесе коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттарды айтып, негізгі мәнді мәселелерден назарды басқаға бұруға тырысатындар болып есептеледі. Өндірістің құпиялары, әдетте, келісімнің тармақтарына жатпайды, «коммерциялық сипаттағы құпия ақпараттар» деген термин жемқорлықпен қатар қолдануға оншалықты айқын емес, баға туралы ақпаратқа да келмейді. Ал, үкіметтегі кейбір ақпараттар коммерциялық сипаттағы жабық ақпараттар болып саналады. Бұл жағдай – талдаудың аяқталуы емес, басталуы екені өз-өзінен түсінікті.

Егер коммерциялық сипаттағы ақпараттармен байланысты өндірістік құпиялар мен орынды сұрақтар талдануға тиесілі бірлі-жарым ғана мәселелер болса, ал келесі дау-шар контрактілерді жария еткенге шейін қандай ақпаратты алып тастаудың керектігі туралы болмақ. Алайда, мұндай қажеттіктер өте сирек туындайды. Компаниялардың ондай келісімдерден алып тастайтын көріністерді дәлелдейтін жағдайлар өте аз кездеседі. Сала-салалардағы құпия контрактілер алдын-ала сатылып алынады және сатылады, талданады, тіпті, белгілі мөлшерде мәні бар екендігі де қарастырылады. Басқа контрактілерде келтірілген мағлұматтар басқа әріптестеріне адрестерінің тізімі бойынша электрондық поштамен жіберіледі. Ал, ірі-ірі жобаларға келетін болсақ, бәсекелестер көбінесе бір контрактінің бір қырын ғана қолданады, ал мағлұматтардың мәліметтерін алуға мүмкіндік береді. Міне, осыларды негізге ала отырып, бәсекелестікпен коммерциялық сипаттағы құпия ақпараттардың қорытулары мүлде негізсіз деп бағалау жөн; мұндай жағдайлардың кері әсерлері контрактілердің жариялылығын қоғамдық ынтаның қажет еткен кездерінде ғана кездесуі мүмкін.

Оның үстіне, компаниялар мен елдер өздерінің қызметтерін әртүрлі жағдайларда ғана яғни құпиялық қашанда салыстырмалы әрі еш уақытта нақтылы болмайды. Кейбір елдердегі контрактілердің сыр-сипатының үнемі ашылып қалуы, мысалы, Конго Демократиялық Республикасында, ақпараттардың басқа елдерге тарап кетуі, мысалы, Либерияда, ойламаған жерден ашылған басқа құпиялық көрсеткіштерін компаниялар мен елдер пайдаланып кетулері мүмкін. Сонымен бірге, мысалы, Перу сияқты елдерде, белгілі жүйеге түскен контрактілер жарияланады да, келісімдер үнемі жүзеге асып отырады, жеке инвестиция тартуға ықпал жасайды. Ал, олардың салалары, кейбіреулері құпиялылықты сақтауды қанша қолқаласа да, әсерлі түрде жұмыс істейді.

Құпиялылықты сақтауды ұсынатын көптеген мақалалар, олардың пікірлерін көлденең тартатын компаниялар мен елдер соларға сүйенеді, контрактілердің себебі емес, белгілері ғана. Кен игеру салаларындағы келісімдердің бізге жиі ұшырайтын мақалалары – барлық контрактілерге тән жаттанды көріністер. Олар бір келісімнен бір келісімге үнемі көшіп жүреді. Алайда, олардың қолданылу аясы мен мерзім уақыты өте кең болғанымен, олар контрактілердің заңдылық талабы қажет ететін мөлшер мен өзара келісімнен туындайтын шарттарға бөгет бола алмайды.

Сөйте тұра, құпиялықты сақтау турасындағы жариялымдарға, оның негізсіздігіне қарамастан, компаниялар мен елдер жүйенің өзгертулеріне үнемі қарсылық білдірумен келеді. Ал, компаниялар өз қарамағындағы контрактілердің жариялылығы неғұрлым көп болса, солғұрлым ұта түседі. Алайда,

контрактілердің жариялылығын кейбіреулер өз мүдделеріне, келісім жүргізу кезіндегі қауіп деп есептейді. Үкімет, тіпті жақсы пиғылына қарамастан, табиғи кен көздерінің контрактілер дайындау барысындағы әртүрлі орындардың тарапынан шынымен-ақ қауіпті қолдайтын жағдайларды бастан кешеді. Жергілікті тұрғындар мүддесінің өз ерекшеліктері бар: инвестицияны қолдайтындарды жақтаушы топтар қоршаған ортаны белсенді түрде қорғаушылармен пікірлері алшақ шығады.

Екінші жағынан, әртүрлі себептердің өздеріне қолайсыздық туғызатындығы үкіметке жағдайсыздық келтіреді, соның ішінде, жете білмеушілігі мен жемқорлықтарының әшкере болуы да көлденең кескестейді. Бәлкім, осы жағдайлардың басты себептерге жатқанына қарамай, компаниялар ынта білдіруді өз мүдделеріне бола көрсетеді немесе сақтану тұрғысында үкіметті жауып-жасыруға тырысады. Қалайда да, қауіптің болу-болмауы екі жақтылы, бірақ негіз бары анық.

Компанияларға иелік ететін елдер контрактілермен байланысты тұйыққа тірелген жағдайларға орай ерекше маңызды орын алулары керек болады. Мұндай елдердің үкіметі контрактілерді, «пайдалы жақсы істерді», бір жағынан үнемі тықпалап, екінші жағынан, істі таза ниетпен игеруге шақырып, жемқорлықты қатты кінәлап бағады. Бұл әрекеттер бір-біріне үнемі қайшы келе де бермейді, ал, контрактілердің жариялылығын қолдау жемқорлықты болдырмауға деген ниеттерін көрсетеді, ыждаһатты түрде басқарушылықпен қамтамасыз етіліп, компаниялар үшін де, бірдей күйде азаматтар үшін де сенімді келісімдер жасаумен қамтамасыз ете алады.

Әдеттерді өзгерте қою оңай емес. Ол үшін бір немесе екі жақ бірдей өзгерістердің қажеттілігін ұғынулары керек. Компаниялар үшін бұл есеп беруде жариялылықтың бизнес-жағдайы талданады, алайда, оның толыққанды түрде жүзеге асуы үшін қосымша зерттеулер жүргізуге тура келеді. Бизнес-жағдайды талдауды қолдаудағы бұлтартпас белгілердің ең негізгілері – қоғамда тексерілген, елегінен өткен келісімнің тұрақтылығы және беріктігі. Конго Демократиялық Республикасы сияқты жемқорлық пен көпшілік тарапынан сенімсіздік жоғары елде үкімет өз бетімен өкімдік заңдылығын бере алмайды. Үкіметтің онан кейінгі құрамы контрактілер ұсыныстарын қайта қарауға тырысады және оған қайта оралуы үшін қосымша көмекті қажет етеді. Мұндай жағдайларда компаниялар қоғам өкілдерінің қарсылығынан қорғана алмайды, өйткені, олар басқа көзқарастарды қолдайды және контрактілердің міндеттемелерін келешекте қайта қарауға қоғам тарапынан кең көлем алады.

Табиғат байлықтарын басқаруға жауапты орындар үшін тұрақты дамумен қамтамасыз етілуге, демократиялық жауапкершілікті күшейтуге үкімет үшін жариялылықты қолдауларына дәлелдер өте жоғары. Алайда, үнемі қысым көрсетіп отырмаса ең жетілген үкіметтің өзі де ондай ықыластарды қолдап тұрулары міндетті емес. Осыдан он шақты жыл бұрын қоғамдық орындардың тарапынан, немесе басқадай топтар тарапынан табиғат байлықтарын басқару өте аз кездесетін. Бүгінгі таңда бұл мәселе салықалы халықаралық қозғалыстар үшін басты мәселе болып есептеледі және оны үкімет те, компаниялар да қолдайды. Белсенділер контрактілерді алуды көздейді, ал ұйымдар реттеуді және бақылауды, Халықаралық қаржы институттары екі жақты да ақырын-ақырын бір-біріне итермелеп, контрактілерді кеңірек аша түсулеріне ықпал етеді. Таукен ісі мен металл өндіру Халықаралық кеңесінің ақпараттарынан танылғандай, салалар бағдарларын қайта қарай бастады. Құпиялылықтың бұрынғы контрактілермен болған жағдайлары енді компанияларға да, үкіметке де қауіпті болып саналады. Осы мәселелердің ондаған жылдар бойы созылған даусыз екендігіне қарамастан, контрактілердің құпиялылығы бір-бірімен қарым-қатынас жақтардың қайсысына болса да пәлендей артықшылық әкелмейді.

Ұсыныстар

Қазіргі уақытта назарды контрактілердің жариялылығына түбегейлі аударып, құрылымның болашақтағы өзгерістерін жүзеге асырудың негізгі қамын ойлаған жөн: ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) контрактілердің жасалуын және оны талдауды талап ете беруі қажет; ХҚИ (Халықаралық қаржы институты) өзінің бағытын жариялылықты қолдауға аударып, оның жүйелі түрде жүзеге асуын қадағалауы керек; мемлекет компаниялар қарайтын салалардың мүдделерін қорғау үшін мағлұматтарды ашып отыруы қажет, жемқорлықпен күрес, энергетикалық сауда-саттықтағы тұрақтылықты, шикізат өнімдеріндегі айналыс қалыптшылықты, табиғи қорлармен контрактілер жасауға қатынасатын елдер (жер қойнауы – мемлекет меншігі) жариялылықтың шарттары мен ақпараттар еркіндігі шарттарының орындалуымен қамтамасыз етуі қажет; барлық мемлекет ҮЕҰ-ды негізсіз тексерістерден қорғап, келісімдерді заңды түрде әшкерелеуі мен сынауды болдырмашыларға қарсы тұрулары шарт. Контрактілердің сырын ашуға қарсы дағдыланғандық және онымен келіспеушілерге деген реніш осы қарсылықты болдырмауға тырысушылық, ондай келіспеушілердің араларындағы қырғиқабақтықты болдырмауды көздеуге жол беруге тиіс.

Төменде біз әрбір сала-салаға тікелей ұсыныстар жолдап, осы жағдайға орай жөн-жосықтар бермекпіз.

Мемлекет (қабылдаушы елдер) жер қойнауындағы байлықтар – несі

- Қабылдаушы елдер контрактілердің жариялылығын заң жүзіне кіргізуге міндетті және оны іс жүзінде қолдануы қажет. Осы тәжірибені жүзеге асырған кейбір елдердің әсерлі тәжірибесі – бұл қалыпқа түскен котрактілерді қабылдап, оны жариялауы және ол тәжірибе заң орындарының тексеруінен өткен. Біраз елдерде қолданылып жүрген талаптарға қарағанда, негізгі контрактілер заң орындары арқылы бекітіледі. Жұртшылықтың тарапынан толықтай тексерілуі нәтижесіне сүйенсек, ең негізгі контрактілер де заң орындары арқылы бекітілуі керек.
- Қабылдаушы елдер жекелей контрактілердің орнына инвесторлармен байланысты жақсарту режимдерін жолға қоюды жақсартулары жөн. Қажетті сан мөлшеріне жеткен мүмкіндігі бар контрактілер қабылдап, олардың өзгермелілігін арттырып, белгілі дәрежедегі әртүрлі қалпын көрсету қажет. Осының нәтижесінде контрактілерге деген күдік азаяды, жұртшылықтың тарапынан әрбір контрактіні жекелей қарау азаяды. Бұған қоса, қабылдаушылардың тарапынан жүргізілген екіжақты келісімдерге жұмсалған қымбат шығындар азаяды. Техникалық тұрғыдан қарағанда да, реттеуші мекемелердің бақылаушылық істеріне жұмсалған қымбат шығындар азаяды. Мемлекетке де табиғи байлық көздерінен түсетін пайданың бағасы арта түседі.
- Жеке салалардағы жаңадан жасалған келісімдердің құпиялылығын сақтаудың жолдарын мұқият ойлануды көздеп, олардың қолданылуы мен атқарылар мерзімінің уақытына жетуге контрактілерге жол ашылып, одан тарайтын ақпараттарға мүмкіндіктер артады.
- Ал, қолданылып жүрген контрактілерге келетін болсақ, қабылдаушы елдер олардың жариялылығын қарастырғандары дұрыс. Бұл елдер инвестициялық компанияларға ескертулер жасап, оларға өз нұсқаларын ұсынуларын жүктеуге тиіс. Алайда, қабылдаушы елдер мұндай нұсқалардың шектен шықпауы үшін өз тетіктерін қолданулары қажет. Компаниялар қарсылық көрсетпеуге тиіс, оның мысалын ҚДР-мен Либериядан көруге болады, жұртшылықтың пікірінше, құпиялылық мемлекет

негіздеп отырған қай жаққа болса да нұқсан келтірмейді.

Кен өндіретін компанияларды негізгі елдері

- Негізгі елдер контрактілердің талаптарын ашып көрсетуді қалыпты күйге енгізеді, оны құнды қағаздардың ережесін жүргізу арқылы ретке келтіреді және жемқорлықпен күресу саласындағы заңдылықтарды қолданады. Жемқорлықпен күресу саласындағы заңдылықтар Америка Құрама Штаттары сияқты елдер үшін өте маңызды тетік болды және бола бермек, бұл жағдай шетелдердегі компаниялардың іс жүргізу барысындағы қызметтеріне әсіресе қатысты. Құнды қағаздарға байланысты жүргізілген келісімдік мәмілелер үлкен мән атқарды, бұл жұмысты әлі де атқара бермек. Контрактілердің ережелерін жария ету жолдарын қорғау мүдделерді қорғаумен бірдей болмақ. Негізгі қаржы биржалары және кен өндіруші компаниялар тиесілі елдердің (мысалы, Ұлыбритания, АҚШ, Канада) қазірдің өзінде-ақ ірі контрактілердің сырын ашатын түбегейлі ережелері бар. Кейбір реттерде компаниялар контрактілерді өздері жария етуге тиісті, рас, әртүрлі жағдайлар кездеседі. Ондай жағдайларға орай, компаниялар өздері қалай жөн санаса, сол ретте қолданады. Қабылдаушы елдер контрактілерге байланысты өздері жария еткен ережелерге талдау жасап, талапты күшейте түсулері қажет.
- Ережелерде контрактілерді жария етудің жағдайларын қалайда түсіндіру қажет. Ол жағдай заңды қолданушы елдердің бұған дейінгі талаптарының тәуекелге барып бұрын жария болған контрактілеріне инвестиция немесе контрактілер бойынша белгілі көлемде қосымшаға жүреді.
- Бағалы қағаздармен жасалған жаңа заңдылықтар төңірегіндегі мәмілелерді ХВҚ-ның талдауынан өткен Басшылық бақылауға алады және контрактілердің ашық көріністерін үнемі талап етеді.
- Қабылдаушы елдер өздерінің контрактілерінің ашықтығына мұрындық болып, қоғамдық белсенділерге қатысты және өздерінің контрактілеріне байланысты құпиялылықтары туралы жазылған мақалалардың тез арада орындалуына түрткі жасауы қажет. Кен орындарын игеруге қатынасушы көпшілік елдің, Даниядан басқасы, құпиялықтың сақталуы турасында іс жүзінде дәл сондай мақалалар басқа елдердегідей қолданыла береді. Қабылдаушы елдерде қолданылған құпиялылықты сақтау туралы мақалалар кең ауқымды, мұқият талданған, қоғам өкілдерінің ақпаратқа деген ынталары ескерілген болуы керек.

Кен өндіруші компаниялар

- Компаниялар құпиялылыққа байланысты өз саясаттары туралы талдаулар өткізулері жөн, әсіресе, мақалада құпиялылықты сақтау жөнінде мәтіндер жариялануы тиіс. Егер компанияларда құпиялылықтың жарияланып қоюы жөнінде қауіптері болса, онда олар мұндай мазасызданулардың шағын шеңберін анықтап, құпиялылықтың таралуының үлкен шеңберінен бой сақтаулары қажет.
- Салалық ассоциациялар, оның ішінде, мысалы, таукен жұмысы мен металл ісі туралы Халықаралық кеңес, жариялылық мәселесі жөніндегі бөлімшелер деңгейінде стратегиялық дайындық барысында конструктивтік рольді жалғастыра береді. Қаржылық есеп беру туралы нәтижені дайындау барысында контрактілердің толықтай жариялылығын пайдалану қажет. Мұндайда ең жақсы

жағдайды салалық ассоциациялар өткереді, олар мұқият талқыланған, құпиялық жөніндегі түбегейлі мақалалар ұсынып, пайдалы көмектер бере алады.

- Компаниялар мен салалық ассоциациялар өз мүдделерін қорғаудан қалыс қала тұрып, қарсыластық білдірмегендері дұрыс.

Дүниежүзілік банктердің (ДБТ), ХВҚ және басқа ХҚИ-ның топтық ұйымдары

- ХҚИ-на ХВҚ-ы дайындаған Басшылықтың ұсынған кепілдемелерін жүйемен және біртіндеп жүзеге асырулары қажет.
- ДБТ құқықтық режимдегі реформалардың көмегімен контрактілердің жариялылығын ашуға ықпал жасап, басшылықтың нұсқауларына келіссөздерді ашу барысындағы бұған шейін сырттап келген (мысалы ХҚК немесе ӨАТМІХК арқылы) талаптарына қолғабыс танытады.
- ХВҚ және ДБТ контрактілерге қол жеткізушілікке мүмкіндікті пәрменді түрде туғызып сол арқылы дамушы елдерге көмек жасаулары және соның нәтижесінде Нұсқаудың мақсатына әсерлі пайдалануды қолдануы қажет.
- ХҚК – қазіргі кезде өзінің саясатында қолданылып жүрген шектеулі талаптарды ашу мақсатын тез арада кіргізуі қажет. Басшылыққа алу ісінде ХВҚ-ның дайындауынан кеткен кемшіліктерді осы мерзім кезінде жүргізілген іс барысындағы талдаулардың көрсеткіштеріне қосулары қажет.

Экспорттық несиелік агенттігі (ЭНА) және өте ірі несиелік банктер

- ЭНА және несиелік банктер өздерінің несие беру түрлеріне орай құпиялылықты сақтаулары үшін келісімдерді мұқият тексеріп, кен өндіру бөлімдеріндегі олардың қажетті тұлғаларына нақтылы сай келетін келісімдерді қамтамасыз етуі қажет. ЭНА, әсіресе, «экспорттаушы» мемлекеттің мүддесі мен құндылықтарын көрсетуші өкіл ретінде келісімдердің сырын ашып көрсетуді талап етіп, қоғам алдындағы жемқорлық пен жауапкершілікке қарсы күрестегі өз міндетін қатаң атқаруды көздейді
- Экваториальдық принциптерге жобаларды қаржыландыруға байланысты контрактілерді жариялау барысында өте қатаң талап қоюлары қажет болады.

БҰҰ агенттігі

- БҰҰ-ның дамуы мен БҰҰ-ның Жоғарғы комиссарының адам құқықтары туралы Нұсқауы бағдарламаның контрактілердің жариялылығын белсенді түрде талап етуге ықпал жасайды. БҰҰ-ның (БҰҰДБ) Даму Бағдарламасы арқылы БҰҰ маңызды роль атқаруы тиіс, ол адам құқықтарын сақтау мәселесінде, оның ішінде, БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары турасындағы Арнаулы өкілі арқылы ықпал жасайды. Іс шараларының даму барысы мен ұлттық топтастырудағы жалпы ролімен қоса, БҰҰДБ мемлекет пен инвестордың, кен өндіруші бөлімдердің контрактілерге қатыстылығына байланысты мәселелерде де үлкен роль атқарды. Осы салаларда айтылғандай, БҰҰДБ-ның қызметі контрактілердің қозғалысы барысында ХВҚ дайындаған Нұсқаудың жалпы шартына сай көшбасшылық роль атқаруы тиіс.

- БҰҰ-ның бизнес пен адам құқықтары мәселесіндегі арнаулы өкілі заңдарды мұқият зерттеуі қажет. Өйткені, компаниялар заң тармақтарын көлденең тартып, жариялылықтың мақсатына кедергі келтіруге тырысады. Арнаулы өкіл мемлекет пен инвестордың адам құқығын сөз ететін өзаралық мәселелердің барысында көңіл аударарлық маңызды роль атқарды. Атап айтқанда, елдердің заңдылықтары «бөгеп тастайтын» мақалаларды қолдап, іске асуына жол ашады. Ол заңгерлерді, кәсіпкерлерді және кен өндіру салаларындағы үлкен тәжірибелері бар өкілдерді жинап, контрактілердің кең ауқымдағы мазмұндарын талқылауға салды. «Мемлекеттің қорғау саласын қамтамасыз етудегі міндеттерін» Өкілдік сынға алып, мемлекеттің адам құқығын қорғау саласында компаниялардағы бақылаушылық жұмыстарды кері тартатындығын мысалға келтірді. Бұл тұрғыда, қоғам өкілдерінің қатынасуларындағы стратегиялық талаптарын зерттеу ісі де сол Өкілдікке тиесілі, атап айтқанда, құқықтық тәжірибе мен заңдылықта компаниялар өздері қолданып отырған, белсенділер мен журналистердің жариялылықты дамыту барысындағы, жасалған мәмілелерді мұқият зерттеулеріндегі істеріне кедергі келтірушіліктерін бақылайды.

ҮЕҰ және азаматтық қоғам

- Халықаралық және жергілікті қоғамдық ұйымдар өздеріне қатысы бар жүзеге асырылып жатқан және келешекте жасалатын контрактілердің ашықтығын талап етіп отырулары қажет. Олар өз тараптарынан, прогрестің үздіксіз дамуында контрактілердің ролін анық бағалауы құнның өсуіне тиісетін ықпалын, контрактілердің орындалуындағы мониторингтік амалдың, тәжірибелік және саяси дәрежедегі баламалық жолдардың тарту істері де бірлестік, ынтымақ табуларына ықпал жасаулары қажет.
- Азаматтық қоғам контрактілердің жариялылығы ӨӨАБ-на енгізіліп, ол белгілі бір ел дәрежесінде қолданылуы қажет; үгітші-белсенділер, сондай-ақ Секретариат пен ӨӨАБ-на ықпал етіп, олар басқарушымен қамтамасыз етіп және контракт жариялылығы шарттарының ӨӨАБ-на енуін қамтамасыз етулері қажет.
- Азаматтық қоғам контрактілердің сауаттылығын арттыруға байланысты іс-әрекеттерді тез арада талап етулері қажет. Контрактілерді талдау барысында жіберілген өрескел қателіктер жариялылықпен қамтамасыз ету шараларының жүзеге асуына кедергі болып саналады.
- Азаматтық қоғам ӨӨАБ-ның тәжірибесінен үйренуі қажет, ал ақпараттарды талдау мен пайдалану, стратегиялық тұрғыдан алғанда, өзінің алғышарттық міндеті.
- Азаматтар мен қоғамдық ұйымдар контрактілерге жетуге мүмкіндіктер алу мақсатында жариялылық туралы заңдылықты пайдалануларына міндетті және контрактілердегі мәліметтер бойынша іс атқарулары жөн. Үкімет пен компаниялардың контрактілерге бөгет келтіретін іс-әрекеттерін «Төлемдерінді жарияла» бірлестігіне хабарлау қажет.

Одан ары зерттеу ісіне ұсыныстар

Кен өндіру салаларындағы контрактілерді талдау көптеген шешілмеген мәселелерді көлденең тартады. Осы есепті жасау авторлары құнды қағаздармен және ұлттық парламенттермен контрактілердің жариялылығына байланысты жасалған мәмілелердің ережелерін қалыпқа келтіру жолдарының ролін зерттеуді үнемі жалғастыруда. Алайда, жариялылық белгілі бір мүмкіндіктерді анықтайтын қадам ғана. Бұл жағдай контрактілерді, мониторингтерді және реформаларды меңгеруде терең біліктілікке жетуге талдауға әкелулері және оған жақсы таныс тұлғалар қатысулары қажет. Бұл ары қарайғы жұмыстың мақсаты болуға тиіс.

«Озық тәжірибеде» кездесетін құпиялылықты сақтау туралы мақалалар

Бірінші мысал

Бұл келісім-шарт үкіметтің бюллетенінде жариялануы / федеральдық реестрде немесе министрліктің сайтында ашық көрсетіледі, / министрліктің кітапханасында, парламенттің құжаттарында болады. Ақпараттардың іс-әрекетіне байланысты құпиялылығы контрактілердің жүзеге асуына қарай екі Жақтың біреуінің талабына тиісті сақталады, олардың талабы бойынша коммерциялық сипаттағы құпияны сақтау немесе өздеріне тән ақпараттар құпиясы жарияға шықпаулары керек. Мұндай құпиялылық ақпараттардың жариялылығы туралы тиісті заңмен реттелуі және заңдылықты, нормативтік актілерді қолдануды, оның ішінде, қор ережелерімен, құнды қағаздар туралы баптармен, сонымен қоса, кен өндіруші орындардағы жариялылықты жүзеге асыратын ынталылықтың талабын ескерумен жүзеге асады.

Екінші мысал

- a. Төмендегі шектеулерді есепке ала отырып және әрбір келісуші Тараптардың заңдылықтарының қолданылуына сәйкес ақпараттың жария болғандығынан бастап үш жыл өткенше құпияны сақтайды. Тараптардың келесі жағы құпиялық ақпараттарды сақтау ісін сол сәттен бастап жазбаша түрде белгілеп бекітеді. (бұдан арғыда «құпиялық ақпарат» делінеді), ал, Тараптың екінші жағы алдын ала жазбаша келісімсіз бірінші Тарап ұсынған ақпаратты қолданбайды. Ақпаратты «құпиялық ақпарат» дей отырып, екі Тарап та сенім келісімін мұндай ақпараттарды зерттегеннен кейін дәлелді түрде шешім қабылдап, мұндай ақпараттарды үшінші біреуге беруге келіскен Тараптарға өте қолайсыз әсер етіп, оның экономикалық жағдайына да нұқсан келтіреді. Қандай жағдайда да, құпия ақпараттар басқа хабар-ошарлар сияқты жалпыға бірдей немесе басқаша тұрғылармен екі Тарапқа да сыры ашылып қалғанға дейін құпиялылықты сақтау туралы міндеттеріне жатпаса; кейінірек жұртшылыққа жарияға айналып кеткен, бірақ екі Жақтың әсерінің немесе немқұрайдылығының қатысы жоқ ақпараттар; қандай да бір жолдармен екі Жаққа да белгілі болып қалған, бірақ оны екі Жаққа әлдебіреу хабарлап қоймаған ақпараттар; Үкімет ұсынған, қаржылық есеп беруге жататын немесе басқа жолдармен жариялылық арқылы тараған ақпараттар; коммерциялықтан көрі ғылыми құндылығы басым, мысалы, геологиялық немесе геофизикалық мағлұматтар тарап, егер ол мағлұматтар Компаниялар, одан арғы жерде кен орындарын барлау жұмыстарын жүргізуіне рұқсат алмаған және жоспарланған өңірде кенді өндіру ісі көрсетілмеген болып, шын лицензиялары жоқ жердегі ақпараттар; немесе жалпыға ортақ заңдылыққа орай құпиясы

ашылып қалса немесе істі болғандығы жөнінде шағымданып, сотталғандығы турасында соттың ақтық үкімі шыққан болса, құпиялылық ақпараттарға қосылмайды.

- b. Әрбір келісім жасаған Тарап құпия ақпараттардың құпиялылығын сақтайды, егер тиісті нұсқауға сай Тараптар өздерінің құпия мәліметтерін қорғау керек болса және мұндай Тарап құпияны беруге немесе құпия ақпаратты өзінің қаржылық, заңгерлік және басқа кәсіби кеңесшілеріне (егер мұндай жариялылық осы келісімнің міндеттерін орындауға негізделген болса) немесе жария қылу басқа Біреулерге қажеттілік немесе басқадай заңдылықтың, ережелердің, нормативтік актілердің немесе тиісті Тарапқа жұмсалатын бұйрықтардың, егер олар сот шақыртуы бойынша кез келген шақырту қағаздарына жауап қайтаруға немесе соттың талдау істеріне байланысты тиісті Тарап қатысуға міндетті болғанда, мұндай сот істерінде тиісті Тарап өз мүддесін қорғау үшін немесе орындалатын әлі де орындалуға тиісті оқиғалар кездесе немесе мұндай Тарап дәлелді деп шешіп, құпияны беру немесе ашып қою міндетті тұрса, әйтпесе жүзеге асыру ісіне сәйкес келетін немесе құқығын қорғайтын және осы Келісім негізінде құқықтық қорғаудың жолы жатса құпиялылық жарияланады.
- c. Осы Келісім шарт және кезкелген қосымша немесе оған қосылған түзетулер құпия болып есептелінбейді, және Компания ақпараттардың құпиялылығы туралы мерзімі мен роялти мөлшерінің, басқа да осы Келісім шарттың шарттарына орай белгіленген төлемдердің, немесе Компаниялар төлеуге тиісті салықтардың және баждың немесе ставка туралы хабар-ошарлары осы роялтилар, басқа да төлемдер немесе Салықтық пен Баждық төлемдерді төлейді, әйтпесе аударым жасалады немесе роялти мен төлеуге тиесілі төлемдердің хабарламалары хабарланады.

Құпиялықты сақтау туралы мақалаларды ғаламдық зерттеу

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Абу-Даби	1980 ж.	мұнайлық	Үкімет төрелік сотта тараптардың арасындағы келіспеушіліктерді шешуге бейімділерден басқа Компанияның берген қазіргі тармаққа сай барлық мәліметтердің, карталардың, құжаттамалардың және есептемелердің құпиялығын сақтауы тиіс.
Абу-Даби	1980 ж.	мұнайлық	Жоғарыдағыға сай.
Австралия	2006 ж.	минералды қорлар	Егер басқасы қатысушылар арасында келісілмесе, заңмен немесе ASX-тың (Австралияның қаржылық биржасы – аудармашының түсініктемесі) листингісінің ережелерімен қарастырылмаса, онда Бірлескен кәсіпорындарға қатысты алынған барлық мәлімет құпиялық болып саналады және ол қатысушыларға оны ашуға тыйым салынады. Егер мәліметті жариялау ASX листингісінің Ережелерінің орындалуына қажет болса және Қатысушылар бұл мәліметті нарыққа жариялау үшін ASX-ке беруге болады деп келіссе, мұндай жариялау тек хабарлау жобасы бойынша ASX-тың мекенжайына түсініктер беру үшін барлық Қатысушыларға нақты мерзім берілген жағдайда іске асады.
Австралия / Шығыс Тимор	2003 ж.	мұнайлық	Құпиялықты сақтау туралы мақала қарастырылмаған.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Албания	1998 ж.	мұнайлық	Келісім-шарт бойынша алынған барлық мәліметтерді Қатысушылар құпиялы түрде қарастыруы тиіс және басқа тұлғаларға осы келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы екінші Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз ашуға тыйым салынады, келесі жағдайларды ескермегенде: 1) бұл NPA-дің (мұнай саласындағы Албанияның Ұлттық басқаруы – аудармашының түсініктемесі) немесе Қорлық биржаның заңдарының, ережелерінің немесе нормативтік актілерінің орындалуына қажет болса; 2) мәлімет барлығына белгілі болғанда; 3) екінші Тарап құпиялықты сақтау жөнінде міндеттемені қабылдап, мұнай операцияларын тиімді өткізу үшін мәліметтер жұмысшыларға, Қосылма тұлғаларға, кеңесшілерге және басқа да тұлғаларға қажетті дәрежеде ашылған жағдайда; 4) егер Мердігер құпиялықты сақтау жөнінде міндеттемені қабылдаған адал потенциалды цессионерлерге мәліметті ашса; 5) егер NPA келісім-шартқа тиесілі аумақтардағы бос аймақтарға немесе соған кіретін аймақтарға қатысты жаңа ұсыныс алуға тырысса, ол Келісім-шарт мерзімі бойы бос аймақтар туралы мәліметтерді негізгі түрде және шифрды шешімдерсіз беруге құқылы; 6) қаржы ұйымдарының талаптарына сәйкес Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржыландыру алу мақсаты кезінде. Мердігер құпиялықты Келісім-шарт мерзімінің аяқталғанынан кейінгі бес жыл бойы сақтауы тиіс.
Албания	1994 ж.	мұнайлық	Келісім-шарт бойынша алынған барлық мәліметтер құпиялы болып табылады және Тараптарға осы келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы екінші Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз мәліметті ашуға тыйым салынады, мына жағдайларды ескермегенде: 1) бұл NPA-дің немесе қор биржалары заңдарының, ережелерінің немесе нормативтік актілерінің орындалуына қажет болса; 2) мәлімет барлығына белгілі болғанда; 3) егер басқа тұлғалар құпиялықты сақтау жөнінде міндеттемені қабылдап, мұнай операцияларын тиімді өткізу үшін мәлімет жұмысшыларға, Қосылма тұлғаларға, мердігерлерге немесе қосалқы мердігерлерге ашылған жағдайда; 4) Агенттіктерге келісім-шартқа тиесілі аумақтардағы бос аймақтарға қатысты жаңа ұсыныс алу үшін, бірақ мәліметтер негізгі түрде және шифрды шешімдерсіз берілуі тиіс; 5) қаржы ұйымдарына Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаржыландыру алу мақсаты кезінде; 6) Мердігердің адал потенциалды цессионерді іздестіруі үшін. Мердігер құпиялықты Келісім-шарт мерзімінің аяқталғанынан кейінгі төрт жыл бойы сақтауы тиіс егер Агенттіктің өзі мәліметті ашуға келіспесе.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Ангола	2006 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Операцияларды жүргізу кезінде игерілген техникалық сипаттағы мәліметтер «Sonangol» компаниясының меншігі болып табылады, және Мердігердің тобы мұндай мәліметті ішкі мақсаттарға қолдануға және көшіріп алуға құқылы. Келісім-шарттың әсер ету мерзімі уақытында және де аяқталғаннан кейінгі он жыл ішінде, мұнай операцияларын жүргізу кезінде игерілген барлық техникалық, экономикалық, бухгалтерлік немесе басқа да мәліметтер мен мағлұматтар құпиялы болып саналды және басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, үйреншікті ерекшеліктер немесе төрешілерге ашуды есепке алмағанда, басқа тұлғаларға ашылуына тыйым салынады. Құпиялықты сақтау туралы осыған ұқсас талап Келісім-шарттың өзі үшін жұмыс істейді, бірақ онда аяқталу мерзімі болмайды. «Sonangol» компаниясы Мердігердің тобына дерек бергеннен кейін мұнайды барлау және өндіру үшін жаңа Келісім-шарт жасасуына ұсыныс алу мақсатымен үшінші тұлғаларға геофизикалық және геологиялық мағлұматтарды (бір жылдан артық уақыт бұрын алынған) және мағлұматтардың шифрды шешулерін (бес жылдан артық уақыт бұрын алынған) беруге құқылы.
Ангола	2005 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Жоғарыдағыға сай.
Ангола	1998 ж.	мұнайлық	Жоғарыдағыға сай.
Ангола	1982 ж.	мұнайлық	Егер басқасы келісілмесе, «SONANGOL» компаниясының Мердігері берген барлық мағлұматтар, мәліметтер және мағлұматтардың шифрды шешулері қатал құпиялы болып табылады және басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз ашылуға тыйым салынады (қосылма тұлғаларды есепке алмағанда). Бірақ «Sonangol» Компаниясы жаңа ұсыныс алу мақсатымен басқа тұлғаларға геофизикалық және геологиялық мағлұматтарды (бір жылдан артық уақыт бұрын алынған) және Мердігердің мағлұматтарының шифрды шешулерін (бес жылдан артық уақыт бұрын алынған) беруге құқылы.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Ангола	1981 ж.	мұнайлық	Бұл жағдайдың тұжырымдамасы алдыңғы жағдайдың тұжырымдамасына ұқсас, бірақ өзгешелігі - мұнда Мердігер сонымен қатар мәліметтер мен мағлұматтарды, егер бұл қызметтің жүзеге асуына керек болса, құзырлы мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес, Келісім-шарт бойынша қызметті қаржыландыру мақсатында несие ұйымдарына, қор биржасының немесе тәуелсіз тексерушілердің, немесе мердігерлердің және қосалқы мердігерлердің талаптарына сәйкес ашуға құқылы. Бұл жағдайдың ішіне «SONANGOL» компаниясының кітаптарға, тізілімдерге және есептік құжаттарға, сонымен қатар Келісім-шарттық аумақтарға және қызметтің объектілеріне рұқсаты туралы ескерту кіреді; бұл ескертуде осы жағдайға сәйкес Үкіметтің алған барлық мәліметтері Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз құпиялы болып табылатыны туралы айтылады.
Ангола	1979 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Мердігердің «SONANGOL» компаниясына берген барлық мағлұматтары, мәліметтері және мағлұматтардың шифрды шешулері құпиялы болып табылады және оларды «SONANGOL» компаниясы немесе Үкімет Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз ашуына тыйым салынады (қосылма тұлғаларды есепке алмағанда). Бірақ Үкімет жаңа ұсыныс алу мақсатымен басқа тұлғаларға геофизикалық және геологиялық мағлұматтарды (бір жылдан артық уақыт бұрын алынған) және Мердігердің мағлұматтарының шифрды шешулерін (бес жылдан артық уақыт бұрын алынған) беруге құқылы. Бұл жағдайдың ішіне «SONANGOL» компаниясының кітаптарға, тізілімдерге және есептік құжаттарға, сонымен қатар Келісім-шарттық аумақтарға және қызметтің объектілеріне рұқсаты туралы ескерту кіреді; бұл ескертуде осы жағдайға сәйкес Үкіметтің алған барлық мәліметтері Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз құпиялы болып табылатыны туралы айтылады.
Ангола	1999 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Жоғарыдағыға сай.
Ангола	1986 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Бұл жағдайдың құпиялықты сақтау туралы тұжырымдамасы жоғарыдағы берілген тұжырымдамаға ұқсас, бірақ өзгешелігі – мұнда Келісім-шарттың өзінің құпиялылығына қатысты арнайы жағдай қарастырылмаған.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Антигуа	1981 ж.	мұнайлық	Мемлекет барлық Мұнай операциялары кезінде игерілген бастапқы деректерді және Мердігердің келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы жинаған кез келген басқа да деректерді көшіріп алуға құқылы, бірақ Мердігерге үшінші тараптағы тұлғаларға мәліметтің ашылуына дейін бұл туралы мағлұмат беруі қажет және оған мұндай ашылуды талқылауға және Мердігерге деректердің көшірмесін сақтап қалуға мүмкіндік беруі қажет.
Аргентина	1991 ж.	мұнайлық	Құпиялықты сақтау туралы мақала қарастырылмаған.
Аргентина	2006 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы және әсер ету мерзімінің аяқталуынан кейінгі екі жыл бойы мәліметті түзетуге қатысты кез келген деректерді Мердігер қатал құпиялы түрде қарастырады және Тиісті органның алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға ашуға тыйым салынады. Қызметкерлер, уәкілдер, өкілдер, сенімді өкілдер және қосалқы мердігерлер де құпиялықты сақтау туралы дәл осындай шарттарды орындауы тиіс. Келісім-шарттық аумаққа қатысты кез келген мәлімет бос жатқан аймақтарға қолданылатын, 3.2 бапта көрсетілген дәл сондай шарттарда еркін иелік етуге құқылы Шалғай аймақтарға тиесілі меншік болып табылады.
Аргентина	1991 ж.	мұнайлық	Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы қандай да сипаттағы Келісім-шартты түзетуге қатысты кез келген деректер құпиялы болып табылады және басқа Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға ашуға тыйым салынады, КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРМЕГЕНДЕ: құпиялықты сақтау туралы міндеттемені қабылдаған Қосылма тұлғаға немесе цессионерға ашылған жағдайда; Тараптың қаржылай көмек алған немесе алу мақсатында қарым-қатынас жасаған, құпиялықты сақтау туралы жазбаша міндеттемені қабылдаған кез келген банктік немесе қаржы ұйымдарына; мәлімет барлығына белгілі болғанда; немесе егер мәліметті ашу қолданылатын заңның немесе белгілі биржа қорының нормативтік актілеріне сай талаптармен қажет болса. Тараптар жұмысшылармен, өкілдермен, уәкілдермен және қосалқы мердігерлермен құпиялықты сақтауды қамтамасыз ететін қажетті шаралар жүргізуі тиіс. Келісім-шарт мерзімінің аяқталғанынан кейін де заңға және қадағалау органдарының талабына сәйкес мәліметтен басқа аймаққа қатысты мәлімет «Yacimientos Petroliferos Fiscales» (YPF) компаниясының меншігі болып табылады.
Аргентина	1991 ж.	мұнайлық	Құпиялықты сақтау туралы мақала қарастырылмаған.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Аргентина	1986 ж.	мұнайлық	Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы қандай да сипаттағы Келісім-шартты түзетуге қатысты кез келген деректер құпиялы болып табылады және ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ БОЛМАСЫН басқа Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға ашуға тыйым салынады. Егер бір Тарап Келісім-шартты іске асыру кезінде өзіне тиесілі технологияны қолдануы қажет болса, басқа тараптың мұндай технологияны алдын ала жазбаша келісімсіз қолдануға немесе ашуға құқығы жоқ. Егер мәліметті мемлекеттік органдар немесе қаржы ұйымдары сұраса немесе 19550 заңының 33 бабына сәйкес ассоциацияланған компанияларға берілсе, бұл шектеулердің біреуі де қолданылмайды. Тараптар жұмысшылармен, өкілдермен, уәкілдермен, заңгерлермен және қосалқы мердігерлермен құпиялықты сақтауды қамтамасыз ететін қажетті шаралар жүргізуі тиіс. «Yacimientos Petroliferos Fiscales» (YPF) компаниясына қайтарылған аймаққа қатысты барлық мәлімет компанияның меншігі болып табылады және YPF бұл мәліметпен еркін иелік ете алады, бірақ мердігер және оператор аймақтың қайтарылғанынан кейінгі екі жыл бойы өздерінің құпиялықты сақтау туралы міндемелерін орындауы тиіс.
Аргентина	1985 ж.	мұнайлық - бір үлгідегі	Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы қандай да сипаттағы Келісім-шартты түзетуге қатысты кез келген деректер құпиялы болып табылады және ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ БОЛМАСЫН басқа Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға ашуға тыйым салынады, КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРМЕГЕНДЕ: мәлімет мемлекеттік органдармен немесе қаржылық ұйымдармен сұратылған жағдайда, немесе оған 19550 заңның 33 бабы қолданылса. Тараптар жұмысшылармен, өкілдермен, уәкілдермен, сенімді өкілдермен және қосалқы мердігерлермен құпиялықты сақтауды қамтамасыз ететін қажетті шаралар жүргізеді. YPF компаниясына қайтарылған аймаққа қатысты барлық мәлімет компанияның меншігі болып табылады және YPF бұл мәліметпен еркін иелік ете алады, бірақ мердігер және оператор аймақтың қайтарылғанынан кейінгі екі жыл бойы өздерінің құпиялықты сақтау туралы міндемелерін орындауы тиіс.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Бангладеш	2008 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Тараптардағы бар деректер мен мәлімет Келісім-шарттың әсер ету мерзімі аяқталғаннан кейінгі бес жыл бойы құпиялы болып табылады, тек егер мәліметті ашуға басқа Тарап келісімін бермесе немесе ол заңға сәйкес болмаса немесе барлығына белгілі болмаса. Тараптар жұмысшыларға, Қосылма тұлғаларға, Кеңесшілерге және т.б. Операцияны тиімді жүргізу үшін мәліметті қажетті дәрежеде ашуға құқылы, бірақ бұл физикалық немесе заңды тұлғалар қаталдығы жағынан Тараптарға қолданылатын шектеулерден кем емес құпиялық туралы шартты орындауы тиіс. «Petrobangla» компаниясы Келісім-шарт жасалған аумақтарға немесе босатылған аймақтарға қатысты деректерді Келісім-шарттық аймақтарға немесе босатылған аймақтарға қатысты жаңа ұсыныстар алу мақсатында басқа компанияларға көрсетуге құқылы, тиісінше мәлімет ашылу мерзімінен 24 ай бұрын алынуы керек.
Бахрейн	1998 ж.	мұнайлық	Келісім-шарт, игерілген, алынған немесе Келісім-шартқа сай басқа әдіспен өндірілген барлық мәліметтер мен деректер құпиялы болып табылады және алдын ала жазбаша келісімсіз үшінші тұлғаларға ашуға тыйым салынады. «BANOCO» компаниясы (Бахрейн ұлттық мұнай компаниясы – аудармашы түсініктемесі) Келісім-шарттық аумаққа кіретін қайтарылған аймақтарға қатысты мәліметтер мен деректерді негізгі Келісім-шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін үшінші тұлғаларға ашуға құқылы. Кез келген төрелік есеп айырысудың және төрелік шешімнің мазмұны құпиялы болуы керек.
Бахрейн	1983 ж.	мұнайлық	Мердігер және оның жұмысшылары Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы және аяқталғаннан кейінгі уақытта Аумаққа және операцияларға қатысты барлық мәліметтердің құпиялылығын сақтайды, тек егер «BANOCO» компаниясынан алдын ала жазбаша келісім алынбаса. Мердігер, «BANOCO» компаниясы және оның жұмысшылары басқа Тарапқа қатысты, барлығына белгілі емес мәліметті Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы және аяқталғаннан кейінгі уақытта алдын ала жазбаша келісімсіз ашпайды.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Белиз	2003 ж.	мұнайлық	Егер тарап иелік еткен мәліметті «Құпиялы» деп бағаласа, ондай мәліметті аймақ қайтарылғанға дейін бұл мәлімет тиесілі болған Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз ашуға немесе жариялауға тыйым салынады, келесі жағдайларды ескермегенде: 1) мәлімет қоғамға немесе басқа Тарапқа (заң жүзінде) мәлім болған жағдайда; 2) Келісім-шартқа байланысты мәліметті құпиялықты сақтау туралы шарттарды орындауға келіскен үшінші тұлғаларға беру керек болған жағдайда; 3) ол Мемлекеттік мекемемен сұратылған жағдайда. Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы Мердігермен және кез келген мердігерлермен, қосалқы мердігерлермен, кеңесшілермен немесе қосылма компаниямен мұнай операциялары нәтижесінде жиналған барлық бастапқы деректер үкіметке тиесілі болып табылады. Үкімет өздеріне қатысты аумақ қайтарылғанға дейін немесе барлау мерзімінің аяқталуына дейін мұндай мәліметті кәсіби және заң кеңесшілерінен және т.б. есепке алмағанда үшінші тұлғаларға ашуға құқығы жоқ. Мердігер Үкіметтің алдын ала жазбаша келісімінсіз мұндай деректерді үшінші тұлғаларға ашуға құқығы жоқ, кәсіби және заң кеңесшілері және т.б. есепке алмағанда. Деректерді алушылар деректерге құпиялы мәлімет ретінде қарауы керек.
Белиз	1991 ж.	мұнайлық	Журналдар, есептік құжаттар, жоспарлар, карталар, есеп беру және Лицензия заңнамаларына сәйкес Лицензиаттың берген мәліметін тұрған жерлердің Мемлекеттік инспекторы құпиялы түрде қарастыруы тиіс, бірақ министр мен Лицензиаттың арасындағы төрелік және соттық тергеуде және құрама декларациялар мен ортақ есептеулерді әзірлеу кезінде қолданылуы мүмкін. Мемлекеттік инспектор он екі айдан кейін немесе Лицензияның әсер ету мерзімі аяқталғаннан кейін барлық мәліметтерді өз талғамына сай қолдануға құқылы.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Болгария	1991 ж.	мұнайлық	Тараптар барлық геологиялық және геофизикалық материалдарды және Лицензиялық аумаққа кіретін қызметке тікелей байланысты барлық басқа да мәліметтерді, сонымен қатар қызметке маңызды деректердің шифрды шешулерін Операторға және басқа Тараптарға беруі тиіс. Техникалық, ғылыми, экономикалық немесе коммерциялық қызметке қатысты мәлімет басқа Тараптардың келісімінсіз үшінші тұлғаларға берілуге тыйым салынады, келесі жағдайларды ескермегенде: 1) бұл қор биржасының немесе юрисдикциясы Тараптарға әсер ете алатын басқа мекеменің ережелерінің және талаптарының орындалуына қажет болса; 2) егер бұл жұмыс жасауға керек болып, Қосылма тұлғаларға немесе Тараптардың потенциалды адал цессионарларына, кеңесшілерге және басқа жабдықтаушыларға берілген жағдайда; 3) Тараптың Бірлескен қызметке қатысуын қаржыландыру мақсатында мәлімет қаржы ұйымдарына берілген жағдайда, тек басқа Тараптар бұл туралы алдын ала білуі керек. Оператор «COMMGEO» компаниясының рұқсаты мен сейсмикалық барлау деректерін, бұрғылаудың нәтижелерін және т.б. үшінші тұлғалардың пайдасына сатуға, айырбастауға немесе жариялауға құқылы. «COMMGEO» компаниясы Лицензиаттардың босатқан аймаққа қатысты деректерді сақтауға және иелік етуге ерекше құқыққа ие. Тарап ретінде жұмыс істеуін тоқтатқан Тарап құпиялықты сақтау туралы үздіксіз міндетті орындауға тиіс
Боливия	2006 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы Тараптар Келісім-шартқа қол қою кезінде алынған мәліметтердің, құжаттардың, карталардың және үлгілердің құпиялылығын сақтауға және үшінші тұлғаларға бермеуге келіседі. Егер Келісім-шарттың әсер ету мерзімі кезінде қазіргі Келісім-шартпен қарастырылған негіздер айқындалса, Құқық иеленуші Келісім-шартқа қол қою кезінде алынған жоғарыда аталған материалдардың кез келгенін үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Құқық иеленуші YPFB-ның алдын ала келісімімен және құпиялықты сақтау туралы құжаттарды ресімдеу жолымен жоғарыда аталған материалдарды үшінші тұлғаларға беруге құқылы, егер бұл Мұнайлық операцияларды тиімді жүргізуге қажет болса.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Боливия	1997 ж.	мұнайлық	«Yacimientos Petroliferos Fiscales Bolivianos» (YPFB) компаниясы, энергетиканың Ұлттық секретариаты және кез келген басқа Мемлекеттік мекеме Құқықиеленушіден алған техникалық мәліметтің құпиялығын сақтайды, және оны Құқықиеленушінің (оған орынды себептерсіз бетін қайтара алмайды) алдын ала жазбаша келісімінсіз мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын басқа тұлғаларға ашуға тыйым салынады, КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРМЕГЕНДЕ: а) мәліметті бухгалтерлік есеп беруді әзірлеу және ішкі есептеу нәтижелерін дайындау үшін қолдану; б) мәліметтің көзін нұсқаусыз есептеу нәтижелерін немесе жалпы немесе аймақтық сипаттағы зерттеулерді дайындау және жариялау. Құқық иеленушінің Келісім-шарттық аумақтың жартысын қайтарғанынан кейін немесе мәліметтің берілуінің екі жылы өткеннен кейін бұрын не болатынына байланысты YPFB және Ұлттық секретариат инвестицияларды тарту мақсатында геологиялық, ғылыми және техникалық мәліметті Ұлттық ақпарат орталығы арқылы жариялауға және беруге құқылы.
Боливия	1991 ж.	мұнайлық	Тараптар барлық техникалық мәліметтің құпиялығын сақтауы тиіс, тек егер YPFB компаниясының жазбаша рұқсаты алынған болмаса немесе заңға сәйкес Қадағалау кеңесінің талабы бойынша сұратылмаса.
Боливия	1992 ж.	мұнайлық	Жоғарыдағыға сай.
Боливия	1974 ж.	мұнайлық	Егер YPFB-дың жазбаша рұқсатында басқасы қарастырылмаса, Тараптар қазіргі Келісім-шартқа қатысты барлық техникалық мәліметтің құпиялығын YPFB-дың заңмен бекітілген міндеттері сақтау және орындау міндеттеріне қайшы келмей сақтауы тиіс.
Боливия	1973 ж.	мұнайлық	Жоғарыдағыға сай.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Бразилия	2001 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Концессионер қазіргі Келісім-шартты, Операциялар нәтижесінде жасалған, игерілген немесе алынған барлық деректер мен мәліметтерді қатал құпиялы түрде қарастыруы тиіс, және оларды мұнай сұрақтары жөніндегі Ұлттық агенттіктің алдын ала жазбаша келісімінсіз ашуға тыйым салынады КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРМЕГЕНДЕ: деректер мен мәліметтер барлығына белгілі болғанда; ашылу заңға немесе заң қаулысына сәйкес болғанда; фондылық биржаның ережелерімен және шектеулерімен сәйкес болғанда; 12.1 және 12.2 тармақтарына сәйкес келісім-шарт жасасу мақсатында мәлімет, құпиялықты сақтау туралы келісімді қадағалауды орындау шартымен және ереженің бұзылған жағдайында санкциялар қолданып, айыппұл салу шартымен, Қосылма тұлғаларға, кеңесшілерге немесе Концессионердің агенттеріне, мүмкін болатын цессионарийлерге және олардың кеңесшілеріне және Қосылма тұлғаларға, Концессионер мен олардың кеңесшілерімен тартылған қаржылық ұйымдарға, кірігіп тұратын аймақтың Концессионерлеріне және олардың кеңесшілеріне және Қосылған тұлғаларға ашылғанда. Концессионер Агенттікті 30 күн ішінде ашылу жөнінде хабардар етуі керек. Құпиялықты сақтау туралы міндеттеме шексіз мерзімге қабылданады. Агенттік Операциялар нәтижесінде алынған және Концессионерде қалатын Концессиондық аумаққа қатысты және аймақтарға қатысты деректер мен мәліметтерді ашуға құқығы жоқ, тек егер мұндай ашылу заңға сәйкес немесе Агенттікке керекті мақсатта ашылмаса
Бразилия	2004 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Жоғарыдағыға сай.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Бруней	2003 ж.	мұнайлық-бір үлгідегі	Келісім-шарт шарттары және деректер бес жыл бойы құпиялы болып табылады, тек егер: басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімі алынбаса; Мәлімет Мердігердің немесе «PetroleumBRUNEI» компаниясының кеңесшісіне, потенциалды құқық қолданушысына, Қосылма тұлғасына және т.б. берілмейді, тек, егер мұндай физикалық немесе заңды тұлға Мердігер немесе «PetroleumBRUNEI» компаниясы ұсынған құпиялық туралы келісімді орындауға міндеттенсе; Деректерді Мердігердің басқа мердігерлермен мұнайлық операциялар туралы деректер мен мәліметтерге айырбастауға тыйым салынады; Деректер белгілі болып табылмайды; Деректерді ашу төрешілерге/эксперттерге қажеті жоқ; Деректердің Мердігер босатқан аймақтарға немесе «PetroleumBRUNEI» компаниясы юнитизация әдісін қолдануға ниеттенген аймақтарға тікелей қатысы жоқ; мәлімет Үкіметтің және байланысқан Мемлекеттік мекемелердің (олар да құпиялықты сақтау туралы міндеттемені орындауы тиіс) талабына сай берілмейді; немесе егер «PetroleumBRUNEI» компаниясы Бруней-Даруссалам маңындағы өзендегі J Блокындағы мердігерлерге мәліметті ашу ұлттық мүддеге сай болады деп есептемесе, тек Операторға алты айға ескерту және осыған ұқсас Блок J туралы мәлімет берілу керек.
Венгрия	1995 ж.	мұнайлық	Құпиялықты сақтау туралы жеке мақала қарастырылмаған; бірақ Компанияның құпиялы түрде қарастыратын есептеу нәтижелерінің есеп беру туралы жағдайына сай үшінші тұлғаларға тек Компанияның жазбаша келісімімен ашыла алады.
Венгрия	1995 ж.	мұнайлық	Келісім-шарттың әсер ету мерзімі бойы компанияның министрге немесе Бюроға есеп беру, деректер беру және есеп берушілік заңнамаларына сай берілген барлық мәліметтер коммерциялық құпия болып саналады және Компанияның алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Венесуэла	1992 ж.	мұнайлық	Екі Тарап та құпиялы деп танылған және Тараптың пайдалану қызметіне қатысты жасаған немесе алынған мәліметтің құпиялығын сақтайды, және жұмысшылардың, Ассоциация компанияларының, қосалқы мердігерлердің және олардың жұмысшыларының мәліметті басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға ашпауын қамтамасыз ететін керекті шараларды қолданады, келесі жағдайларды ескермегенде (әрбір Тараппен құпиялықты сақтау туралы алдын ала келісім жасасқан жағдайда): мемлекеттік мекемеге, мемлекеттік немесе реттейтін органға: Келісім-шартты орындау үшін Мердігердің өзі тартқан кәсіпқой кеңесшіге немесе агентке ашылған жағдайда; Келісім-шартты орындау үшін Мердігерді қаржыландыратын банкке ашылған жағдайда; егер мәлімет барлығына мәлім болса немесе құпиялықты сақтау туралы міндеттемеге байланысты емес үшінші тұлғалардан алынса; егер Тарап мәліметке оның ашылуына дейін иелік еткен болса; егер мәлімет қабылдаушы Тараптың өзімен немесе Ассоциация компанияларымен жасалған болса. Құпиялықты сақтау туралы міндеттеме қазіргі Келісім-шарттың әсер ету мерзіміне тең қосымша мерзім бойы, Мемлекетпен тоқтатылу туралы Куәлік берілгенге дейін жұмыс істейді.
Венесуэла	2001 ж.	табиғи газ-үлгідегі	Лицензиат ұлттық аумақ шектеріндегі барлық Лицензиялық мәліметтің түпнұсқаларын қорғап, сақтап қалуы тиіс. Энергетика және кен өндіру өнеркәсібінің министрлігі Лицензиялық мәліметті кез келген мақсаттарға қолдануға құқылы, ал мұндай мәліметті лицензия мерзімі бойы ашу, беру немесе сату үшін Лицензиаттың рұқсаты керек. Лицензиат Лицензиялық мәліметті Операцияларды жүргізу үшін қолдануға құқылы, бірақ оны сату немесе басқа мақсаттарға емес. Лицензиат министрлікке түпнұсқаларды Лицензия аяқталғаннан кейін кідірмей береді.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Венесуэла	1997 ж.	мұнайлық	Тараптар немесе Оператор және кез келген Тарап қазіргі Келісім-шартқа байланысты айырбастайтын барлық деректер, есептік құжаттар және мәліметтер қабылдаушы Тараппен құпиялы мәлімет түрінде қарастырылады, КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРМЕГЕНДЕ: мәлімет қызметтік тұлғаға, директорге, жұмысшыға, Ассоциация тұлғаларына, агенттеріне, қосалқы мердігерлерге және кеңесшілерге ашылғанда. Оларға мәліметті пайдалану қызметін атқару үшін білуі керек және олар құпиялықты сақтау туралы міндеттемені орындауға келіседі; егер мәлімет Қабылдаушы тарапқа ашылған күнінде мәлім болса; егер мәлімет барлығына мәлім болса немесе бола бастаса; егер қабылдаушы Тараптың өзімен жасалған болса; егер үшінші тұлғаның өзінен қандай да құпиялықты сақтау туралы міндеттемесіз алынса; егер ашылу құзырлы органның қолданатын заңымен, нұсқауымен, нормативтік актісімен, ережесімен немесе талабымен қажет етілсе, тек Қабылдаушы тарап Ашатын тарапты тез арада мәлім етуі тиіс; немесе Мердігермен үшінші тұлғаларға потенциалды жіберуші үшінші тұлғаға, қаржыландыратын компанияға, сақтандырушыға немесе кеңесшіге міндетті болып табылатын құпиялықты сақтау туралы мәліметтер мен міндеттемелерге қатысты шектеулерді сақтау шартымен кез келген қызметті жіберу, қаржыландыру немесе сақтандыру үшін адал келіссөздер жүргізген кезде.
Венесуэла	1997 ж.	мұнайлық	Жоғарыдағыға сай.
Венесуэла	2006 ж.	мұнайлық – үлгілік келісім-шарттың жобасы	Барлық геологиялық, геофизикалық және басқа да техникалық сипаттағы Мақсаттық аумақтарда іске асатын, қызметтің негізгі түріне қатысты мәліметтер Мемлекеттің меншігі болып табылады, және Бірлескен кәсіпорын қызметтің берілетін түрлерін іске асыру үшін мұндай мәліметті қолдануға құқылы. Егер қызметтің негізгі түрлерін іске асыру қандай да бір себептермен тоқтатылса, Бірлескен кәсіпорын энергетика және мұнай министрлігіне мұндай мәліметі бар түпнұсқа материалдарды береді.
Виргиния аралдары	2000 ж.	мұнайлық	Үкіметтен алған осы шарт бойынша, мұнай және барлық мәлімет туралы есептеу нәтижелерінің барлық қысқаша шолулары, оңаша мәлімет ретінде қаралады және басқа тұлғаларға үкіметпен серіктестіктің жазбаша келісімінсіз ашылмайды. Егер үкімет, қысқаша шолулар барлау жұмыстарының бағдарламасымен мәнісі жағынан байланыса алады, жеке тұлғалардың жүзеге асырылған бірақ жақын орналасқан аумаққа, үкімет және серіктестікпен үйлесімді жасалған шарт туралы қысқаша мәліметтер ашуға құқықты.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Гана	2004 ж.	минералды қорлар	Кез келген мәлімет және материалдар, серіктестіктің үкіметке берген келісім шартқа сәйкес жағдайлары бойынша, үкімет тарапынан қаралады, оның шенеуніктері мен агенттерімен мәліметтің құпиялығы ретінде және серіктестіктің үкімінсіз тыс тұлағаларға мәлімет ашылмайды (келісімді айғақсыз беруге және қабыл алмауға рұқсат етілмейді) техникалық ақпараттардың ағымы бойынша 12 ай немесе осы ақпараттың берілуінен кейін қаржылай мәліметтер бойынша 36 ай. Үкімет және тұлға, үкімет уәкілдері, соған қарамастан, осыған ұқсас мәліметтерді қолдануға құқылы, Ганадағы минералды қорларды әзірлеу туралы және ортақ есептеу нәтижелерінің жариялануының мақсаттары серіктестіктерден алынған .
Гана	2001 ж.	минералды қорлар	Жоғарыда көрсетілгендей.
Гана	2001 ж.	минералды қорлар	Серіктестікпен жасалған келісім шарт бойынша үкімет барлық мәліметтерді құпия түрде сақтап, осы мәлімет берілген күннен бастап бес жыл ішінде немесе келісім шарттың үзілуіне дейін, қайсысының бірінші болуына байланысты; серіктестіктің жазбаша келісімі болмай мәліметтер ашылмауы тиіс; сонымен бірге уәжсіз бетін қайтаруға болмайды. Үкімет және тұлғалар, үкімет уәкілеттілері, серіктестіктен алынған мұндай мәліметті қолдануға құқылы, Ганадағы минералды қорларды әзірлеу және ортақ есептеу нәтижелерінің жариялануына үкімет және серіктестіктің тарапынан келіспеушілік болуы мүмкін.
Гана	1989 ж.	минерды қорлар	Жоғарыда айтылғандай
Гана	1989 ж.	минералды қорлар	Жоғарыда айтылғандай
Гана	2001 ж.	минералды қорлар	Жоғарыда айтылғандай
Гватемала	1993 ж.	мұнайлық	Мердігер министрліктен және директораттан нақты құпия мәліметтің алыну күнінен бастап екі жыл аралығында сақталуын сұрай алады. Құпиялықтың орындалуы мерзімі қысқартылады егер: 1) келісім шарт өзінің күшін белгілі себептермен жоғалтса; 2) мердігер барлауды немесе пайдалануға өз құқығынан бас тартса; 3) 131 бапқа сәйкес ережелердің бұзылуы жол алса.
Германия	1995 ж.	мұнайлық	Бапта құпиялықтың сақталуы туралы мәлімет орын алмайды.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Дания	1994 ж.	мұнайлық - үлгідегі	Барлық мәліметтер және ақпараттар, берілген келісім шарт бойынша екі жақтағы тараптардың біреуінен алынған болса, келісім шарттың күші жойылғаннан кейін мәліметтердің құпиялығы бес жылға дейін сақталады және жеке тұлғаларға алдын ала алынған жазбаша келісімінсіз ашылуға рұқсат етілмейді, КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРМЕГЕНДЕ: Қосылма тұлғаларға осындай міндеттемелерді толық қабылдағаннан кейін ашылуы; кәсіби кеңесшілерге құпиялықты сақтау міндеттемелері абсолюттік және шексіздік шамасында тартуға және басқа да Тараптарды хабардар етуге; банк және басқа қаржылық ұйымдармен қаржыландыруды алу мақсатында құпиялықты сақтау туралы міндеттемені қаржы ұйымының қабылдауы шарт; Лицензия талаптарына сәйкес, заңдар немесе Қор биржасының нормативтік актілері; егер олар белгілі болып табылса; немесе құпиялықты сақтауы туралы, адал потенциалды цессионерге ашылуларға ұқсас міндеттемені алғаннан кейін. Егер бір Тарап пайыздық бөлік құқығынан айырылса, дегенмен, ол жоғарыда айтылған міндеттемені сақтауға міндетті. Оператор мәліметтерді ашуға құқықты және тұлғаларға мәлімет, егер бұл құпиялық және басқа жағындағы ескертуді сақтау туралы бірлескен қызметтің жүзеге асыруымен байланысты болса, ұқсас міндеттеменің қабылдануы шартта айтылған. Оператор шарттардың анықталған құқығына байланысты және операциялық комитеттің келісімдері мәліметтер және басқа да ұқсас мәліметтерге және мәліметке мәліметті айырбастауға құқылы. Оператор Тараптарға келісім шартының көшірмесін, алынған ақпарат пен мәліметтерді жедел беруі керек.
Дания	2005 ж.	мұнайлық қорлар	Жоғарыда айтылғандай, келесі «сақтандыру компаниясы» сөздерді қоспағанда; банктер мен қаржы ұйымдарынан тыс ерекшеліктерде; монымен бірге «сот шешімімен немесе тиісті юрисдикция органымен» ашылуды қарастырады, ескертуге қосымша ретінде «нормативтік актілер немесе заңдарға сәкес болуы керек».
Дания	2003 ж.	мұнайлық қорлар	Жоғарыда айтылғандай

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Дания	2005 ж.	мұнайлық қорлар	Кез келген органдар және тұлға, «Жер қойнаулары туралы» заңына сәйкес міндетін атқарушылар, «Straffeloven» кодексінің (Қылмыстық кодексі – аударушының ескертпесі) 152 152f баптарына және құпиялықты сақтау ережелеріне сәйкес ақпараттарға және басқа да «Жер қойнаулары туралы» лизензия беретін органдардан алған лизензияттың басқа да мәліметтеріне қатысты деректерге міндеттемелерді сақтаулары керек. Мұндай ақпараттардың үлгілері мен деректері, «Жер қойнаулары туралы» заңның 34(1) тармақтарында қарастырылған, және де мемлекеттік орган болып есептелінбейтін органдар Тараптарына да, осы жоғарыда айтылған ақпарат туралы келісім жасалған күннен бес жылдан өткеннен кейін ашылуы мүмкін. Лицензияға берілген мерзім екі жылға дейін қысқарады, егер лицензияның мерзімі асып кетсе, Лицензия жарамсыз бола бастаса, қайтарылса және Лицензияға қатысы жоқ бөліктер бойынша ақпараттарға байланысты қайтарылады немесе шақыртып алынады. Алайда, көрсетілген органдар және тұлғалар мұндай мәліметті аша алады, егер: лицензияттың заңды мүддесіне сәйкес мәліметтің құпиялығын сақтау керек болады; ең маңыздысы қоғам мүдделері орындалуылығындағы лицензияттың мүдделерін қайта өлшейді; жылдық есептер немесе басқа ашық жария жасаушылар немесе мәліметті ашу туралы басқа елдердің органдарының шарттарына сәйкес осындай шарты бар әріптестік шеңберлері ұқсас міндеттеменің қабылдауы болып табылады.
Дания	1963 ж.	мұнайлық	Құпиялықты сақтау туралы бап кездеспейді.
Дания	1962 ж.	мұнайлық	Құпиялықты сақтау туралы бап кездеспейді.
Дания	1976 ж.	мұнайлық	Құпиялықты сақтау туралы бап кездеспейді, бірақ ережелер бар, Концессионерге «Danmarks Geologiske Undersogelse» ФЗИ-да білімін жетілдірген ғылыми қызметкерге және «Dansk Olie og Naturgas A/S» компаниясының инженерлерін концессиялық бөлімдерде іздеу, барлау және скважиналарды пайдаланудағы бұрғылау жұмыстарының қорытындысы бойынша материалдарды бағалауға қатысуға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда, мүдделі тараптар бәсекелестік шарттарын қабылдайды, оның мазмұнына келетін болсақ белгілі бір уақыт өткеннен кейін бұл алған білімдер тек қана Мемлекетпен пайдаға асырылады.
Конго демократиялық республикасы	2003 ж.	минералды қорлар	«OKIMO» компаниясымен ұсынылған барлық құжаттар, ақпараттар мен мәліметтер немесе олармен қол қою барысында алынған осы контракті құпиялы болып табылады және де үшінші тұлғаға берілмейді немесе үшінші тұлғаға Мердігердің жазбаша келісімінсіз кеңес алуына жол берілмейді Мердігер осы ағымдағы контракті бойынша құжаттарға және ақпараттарға қатысты міндеттемелерді орындайды.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Конго демократиялық республикасы	2005 ж.	минералды қорлар	Барлық мәліметтер және ақпараттар, тараптардан берілген немесе соларға қатысты келісімдерді алған, басқа тараптар және (немесе) Тауарлар, құпия ретінде қаралады және мәліметтің ашылуы басқа Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария болуына жол берілмейді (бұл келісімнің берілуінде орынды себептерсіз тұлғалардың бетін қайтара алмайды) тек Қосылма компанияларды есептемегенде ғана, егер мұндай мәліметтердің ашылуы үшінші бір тараптарға сату мақсатында жүзеге асырылса, басымды баптардың орындалуы шартта керек болады, берілген келісімде алдын ала қаралған қаржыландыруды алу мақсатында заңға сәйкес қаралады немесе реттеуші құзырлы органдардан сұраныс алады. Егер ашылу заңға сәйкес келсе немесе реттеуші органдардан сұраныс алады, мәліметтің көшірмесі, ашылу қажет етілгенде, мыналарды қоса, шексіз, барлық пресс-релиздерге арналған жазбалар, нақты мерзім ішінде басқа Тараптағыларға мүмкіндігінше, ашылуға дейін ескертілуі керек. Егер де, ашылу үшінші Тарапқа жобаға қатысты қаржы алуға өте қажет болса, оны алу үшін, үшінші Тарап қаржыландырушы ұйым ретінде міндетті түрде құпиялықты сақтау турлы келісімге қол қоюы керек. Түсіндірме үшін ешқандай тарап өзіне жауапкершілік алмайды, қорытынды шешімді немесе нақтылы емес басқа мәліметтерді немесе басқа да құжаттарды есеп беруге байқаусызда қосып жіберген жағдайларда Тараптардың ешқайсысы да жауап бермейді.
Конго демократиялық республикасы (ҚДР)	2006 ж.	минералды қорлар	Жаңа компаниядағы басқарушы кеңестің алдын ала келісімінсіз Тараптардың еш қайсысы да компанияға қатысты ашық жарияланым жасауына жол берілмейді. Жаңа компанияның Тараптар жағы немесе Тараптың бір жағы ақпараттармен алмасқанда, шахтаны барлау және барлық басқа да ақпараттарды өте қатаң құпияда ұстауға міндеттенеді. Тараптар мәліметті тағы басқалармен шахталық барлау туралы барлық мәліметті қатал құпиялықты сақтауға міндетті, которой жаңа серіктестікпен бір тарап немесе тараптар ауысуы мүмкін. Бірде бір тарап жаңа серіктестіктің бағдарлаушы кеңесінің келісімінсіз оған қатысты ашық арыз айтуға құқығы жоқ.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Конго демократиялық республикасы (ҚДР)	2004 ж.	минералды қорлар	<p>17.2 бапты есепке ала отырып, барлық есеп берулер, тізілімдер, мәліметтер немесе басқаша сипаттағы ақпараттар немесе Мердігермен құрастырылған немесе Мердігердің ҚДР жобасының шеңберінде тараптармен жүзеге асырылатын қызметтері туралы ақпараттардың барлығы да құпиялы ақпараттар болып табылады, тараптардың ешқайсысы да мұндай құпия ақпаратты ашуға немесе Тараптардың екінші жағының келісімінсіз үшінші тұлғаға ашуға құқығы жоқ.</p> <p>17.2 Мыналарға жоғарыда айтылған шектеулер қолданылмайды: а) компаниялармен бір топтағы Тараптарға құпиялықтың ашылуы, Мердігердің немесе Тараптардың қазіргі кездегі немесе болашақ жеке немесе мемлекеттік қаржыландыру органдарымен, немесе акционерлермен бір топтағы мүшелеріне; Мердігерлерге немесе қосалқы мердігерлерге; жұмысшыларға немесе тараптардың кеңесші - сарапшыларына немесе бірлескен «DCP» (ҚДР мыс және кобальт олжасы бойынша БК –аудармашының ескертпесің), кәсіпорындардың бірлесу немесе бір ізге түсіру, тарату немесе тараптардың бір жағы немесе оның акционерлері жобалаған қайта топтастырылуы, бір тараптың акциялары немесе оның акционерлері немесе бір тобтың мүшелерімен активтердің бір бөлшегін сату немесе; б) барлық құзырлы органдарға мәліметтің ашылуы, құпия мәліметтің ашылу құқығына ие болған, немесе ашылуы, мердігердің сұранысы бойынша немесе оның акционерлерімен, немесе сол топтың мүшелері заңға сәйкес, ережелермен немесе нормативтік актілермен, шығарылған құзырлы органдармен немесе қор биржасымен; с) құпиялы ақпараттар жалпыға бірдей қолы жетімді болғанда, құпия мәлімет, кейбір жағдайларды қарастырмағанда, бір тараптың кесірінен болған жағдайларда.</p> <p>17.3 Құпиялықтың сақталуы туралы міндеттеме осы келісімнің бұзылуы тоқтатылуынан кейінгі бес жыл бойы сақталады. Ақпараттардың құпиялық мерзімі «GECAMINES» компаниясы контрактісінде қарастырылғандағыдай болады.</p>
Доминикан Республикасы	1977 ж.	мұнайлық	<p>Мұнай операцияларына қатысты барлық құпия мәлімет нәтижесінде шарт бойынша мемлекетке берілген құпия мәлімет ретінде қарастырылады, кейбір жағдайларды қоспағанда, заңға сүйенген немесе қаржыға ашық арыздар жасау керек болады немесе қаржылық биржамен танылған мемлекеттік мекеменің сұраныс салуын орындау керек. Бақылау органдарының шенеуніктері мен инспекторлары жұмыстарды тексеру барында барлау және қадағалауға байланысты алынған барлық мәліметтері, сонымен бірге олардың түсініктеме беру және есептеу нәтижелері, құпия болып сақталады.</p>

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Доминикан Республикасы	1991 ж.	мұнайлық	Барлық геофизикалық және ортақ геологиялық мәліметтер, скважиналар туралы мәліметтер, ноу-хау және меншікті технологиялар және басқа техникалық мәліметтер де шарттың әсерлі мерзімінде құпия түрде сақталады және алдын ала жазбаша келісімсіз үшінші тараптағы тұлғаларға мәліметтерді ашуғы тыйым салынған, мына жағдайларды қоспағанда: 1) қолданылатын заңға сәйкес болған жағдайда немесе қор биржасы ережелерімен танылған болса; 2) мәліметтер жұртшылыққа белгілі болып табылған кезде; 3) қызметкерлерге ашылу, Қосылма тұлғаларға және егер бұл мұнай операцияларына керек болған жағдайда мұндай тұлғалардың құпиялықты сақтау туралы жазбаша келісімі керек; 4) мемлекеттік агент талаптарына сәйкес. Геофизикалық және ортақ геологиялық мәліметтер бес жыл ішінде құпиялығын сақтайды, скважиналар туралы мәліметтер – екі жыл ағымында; ноу-хау және меншікті технологиялар – жеке келісіммен белгіленген мерзімге; басқа техникалық мәліметтер – бес жыл мерзімге құпиялығы сақталады. Қоршаған ортаны қорғау және қызметкерлердің денсаулығы мәліметтер құпиялы түрде сақталады.
Дубай	1979 ж.	мұнайлық	Ақпараттар, карталар және есеп берулер жүргізілген операциялардың қорытындылары негізінде Басқармаға және оның кеңесшілеріне берілген барлық ақпараттар құпиялы ақпарат болып табылады, тек мынадай жағдайларда ашылады, арбитраждық сотта дау-шарларды шешуге қатысты іс жүргізілуі керек болған жағдайда.
Дубай	1978 ж.	мұнайлық	Жоғарыда айтылып кеткендей
Дубай	1975 ж.	мұнайлық	Жоғарыда айтылып кеткендей
Дубай	1974 ж.	мұнайлық	Жоғарыда айтылып кеткендей

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Замбия	1986 ж.	мұнайлық үлгідегі	Келісім шарт және кез келген тараптың кез келген құпия мәліметі (мәлімет сияқты нақтылы, тараптың «құпия» белгісі қойылған ретінде, онымен бастапқыдан таныс болып, екінші жаққа ашса, келесі мәліметті қоспағанда, жалпыға мәлім болған немесе екінші жаққа белгілі болған) жариялай алмайды немесе бірінші тараптың жағынан жазбаша келісімінсіз үшінші тараптарға мәліметті таратуға болмайды, заң кеңесшілеріне құпиялықтың ашуын ескермегенде, бухгалтерлерге, басқа кәсіби кеңесшілерге, несие берушілерге, агенттерге, мердігерлерге немесе көлік серіктестіктеріне, егер бұл келісім шартпен байланысты болса шартқа сәйкес, егер екі тарап жағынан да құпиялық сақталса; мемлекеттік агенттіктерге. Құпиялықтың сақталу мерзімі осы мәліметтерге сәйкес аумақты босатқаннан кейін ғана өз күшін жоғалтады.
Замбия	2000 ж.	минералды үлгідегі	Замбия мемлекетінің үкіметі кез келген Құпиялық ақпараттарға қатысты (барлық өзіне қатысы бар қызметкерлер мен лауызымды тұлғалар осы құпиялықты қамтамасыз етеуіне) кепілдік береді. Замбия мемлекеті республикасының үкіметіне берілген барлық құпия мәліметтер тек қана белгілі бір мақсаттарда ғана қолданылады, басқа мақсаттарда емес; барлық мәліметті қатаң құпиялықта сақтайды; және тиісті және барлық құпия мәліметті қауіпсіз сақтауды қамтамасыз етеді. «Құпия мәлімет» кез келген есеп беру нәтижелері, есептік құжаттар немесе басқа да мәліметтер, 10 бапқа сәйкес түсініктеме ретінде немесе Замбия мемлекетінің үкіметі тексерулері үшін берілген [есептік құжаттар туралы бап және өндірістік есептеу нәтижелері] (жазбаша немесе электронды түрде, дискте, ауызша немесе келісім жүргізіліп жатқан уақытта, және кез келген түрде немесе кез келген сақтағыштарда, жазылған немесе сақталған кез келген осындай ақпарат) барлық ақпараттар «Құпиялық ақпарат» болып табылады.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Замбия	2000 ж.	минералды қорлар	Замбия Республикасы Үкіметі және Министрліктер өздерімен ұсынылатын 10 бапқа сәйкес барлық ақпараттар [есептік құжаттар және өндірістік есеп беру] құпиялы ақпараттар болып есептеледі, осы ақпарат бойынша құпиялық сақталуы тиіс, оны кез келген жағдайларда да ашуға, мұндай ақпараттарды және ол ақпараттар Келісім шарттардың іс-әрекеттері мерзіміне және заң талаптарына сәйкес келсе оны кез келген жағдайларда да ашуға, мұндай ақпараттарды қолдануға жол берілмейді; қандай да бір жағдайларда Келісім-шарт бұзылғаннан кейін Замбия Республикасы үкіметі Компанияға барлық жұмыс құжаттарын, компьютер дискілерін және магниттік ленталарын немесе басқа да, осы Келісім негізінде Компаниямен дайындалған және ұсынылған құжаттардың барлығын оған қайтарып береді. Заңға сәйкес, күдікті болдырмау үшін барлық құжаттар, есеп берулер, есептік құжаттар немесе Замбия Республикасы Үкіметіне және Министрлігіне берілген ақпараттар Компанияның меншігі болып қалады, және осы Келісім шарттың ережелері Замбия Республикасы Үкіметінің осындай ақпараттарды, мемлекеттік статистикалық есеп берулерді және статистикалық түрдегі деректерді баспа сөз беттерінде жариялауларына кедергі келтірмейді.
Индия	2007 ж.	мұнайлық үлгідегі	Мердігермен дайындалған немесе алынған, барлық мәліметтер, ақпарат және есептеу нәтижелері, оның тапсырмасы бойынша немесе оның атынан шартпен сәйкес, құпия болып табылады және алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етілмейді, тек келесі жағдайларды қоспағанда: Қосылма тұлғаларға ашылуы немесе мұнайлық операциялармен үшінші тараптарға (алушымен құпиялықтың орындалуы туралы талаптардың орындалу шартында); қолданылатын заң талаптармен сәйкес немесе қор биржасының нормативтік актілерімен немесе сотта іс қарау жағдайларына байланысты; мемлекеттік мекемелердің талаптарымен сәйкес; немесе егер мәліметтер немесе мәлімет жалпыға мәлім болған жағдайда. Мердігердің келісімімен үкімет мәліметтерді ашуға құқықты, мәлімет және есеп беру нәтижелері, шартты аумаққа қатысты, үшінші тараптарға аумақтар туралы ұсыныс жасаған кезде белгілі мәні және жақын тұрған аумақтарға барлау жұмыстарының бағдарламалары туралы Үкімет мәліметтерді Үш жыл өткеннен кейін, [немесе аумақтар босатылғаннан кейін] ашуға құқықты және барлық мәліметтерді тек, Мердігердің жеке өзінің деректерінен басқаны, өз бетінше еркін пайдалана алады.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Индия	1998 ж.	мұнайлық	<p>Мердігермен дайындалған, барлық мәліметтер, ақпараттар және есеп беру нәтижелері, оның өзінің тапсырмасы бойынша немесе оның атынан Контактіге сәйкес, құпия болып табылады және алдын ала жазбаша келісімсіз басқа тараптарға ашылуға рұқсат етілмейді, тек Қосылма тұлғаларға немесе мұнай операцияларына қатысты басқа үшінші тұлға ұсынулуы (алушымен құпиялық туралы талаптардың орындалуы шартымен) мүмкін; егер бұл қолданылатын заңғы сәйкес немесе қор биржасының нормативтік актілермен немесе сотта қаралатын істерге байланысты; мемлекеттік мекемелердің талаптарына сәйкес; немесе ақпараттар немесе мәліметтер баршаға мәлім болған жағдайда. Мердігерлердің келісімімен үкімет ақпараттарды ашуға құқылы, мәліметтер және есеп беру нәтижелері, шартты аумақтарға қатысты, үшінші тараптағы тұлғалардың талаптарымен ұсыныстарынан және жақын аумақтағы программалардың барлау жұмыстары көмек бола алады.</p>

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Индия	2009 ж.	Мұнайлық-үлгідегі	<p>26.1 Мердігер үкіметке төлем ақысыз Контракті бойынша мұнай операцияларының қорытындысы бойынша алынған барлық деректерді, шектеусіз көлемде геологиялық,, геохимиялық, петрофизикалық, инжинирингтік деректерді, скважиналар, карталар, магнит таспалары, тасбағанды материалдар, бұрғыланған жыныстар және табылған кен орындары туралы мәліметтерді, сонымен қатар шифрды шешу және (ары қарай (Деректер) өндірістік деректерді, атап айтқанда есеп берулер, мұнай операцияларына қатысты мәліметтерді, соның ішінде есептеу нәтижелері, талдауларды, шифрды шешу және бағаға қатысты мәліметтерді Индияға береді. Бұл деректер, Үкіметтің меншігі болып табылады, тек Мердігер осы Контракті бойынша жасалған қолданыстағы Келісімнің тәртібінде қарастырылған Мұнай операцияларын жүргізуге қажетті деректерді тегін пайдалануға құқылы.</p> <p>26.2 Мердігер Үкіметтің рұқсатымен Мұнай операцияларына қатысты деректер құжаттарының немесе материал үлгілерін немесе мәліметтердің, өзі ұсынатын мәліметтердің көшірмелерін сақтауға құқылы, және құжаттардың түпнұсқасын алуға құқылы. Кейбір жағдайларда құжаттарды қайта қайталау жағдайларында Мердігер Үкіметтің тексеру жүргізу тәртібін сақтай отырып, лабораториялық зерттеу немесе сұрыптау жұмыстарына сәйкес нормативтік актілерді қолданғандағы типтік үлгілердің баламалы сандары, көлемі және сапасы туралы өзі берген өзімен бірге мәліметтер көшірмелерін алып жүруге құқылы.</p> <p>26.3 Мердігердің барлық мәліметтер туралы үкіметке мәлімет береді, мұнай операцияларының өткізілуінің болып жататын, жүрістері бойынша, және жұмыстардың жүрісі туралы толық және дәл мәліметті және есеп беру нәтижелерін береді, мұнайлық операцияларға сәйкес (күнделікті, әр ай сайын, әр жыл сайын немесе басқа мерзімділікпен) үкіметтің қисынды талаптары бойынша, осы шартта көрсетілген міндеттеме мердігердің меншікті технологияларына таралмайды. Мердігер барлық істелген геологиялық және геофизикалық жұмыстардың нәтижелерін және барлық инжиниринг және бұрғылама жұмыстардың нәтижелерін көрсету үшін осындай деректермен Тараптардың Индия аумағында Үкіметпен кездесуді ыңғайлығы өткізеді</p> <p>26.4 Мердігермен алынған немесе дайындалған барлық деректер, ақпараттар және есеп беру нәтижелері, немесе оның тапсырмасы немесе оның аты бойынша, осы Контракті ережелерінің шарттарына сәйкес құпиялы болып есептеледі және төменде көрсетілген осы шарттың орындалуы бойынша шартта келтірілгендей, екі Тарап та жазбаша келісімсіз үшінші тараптарға мәліметтерді ашуға құқықтары жоқ.</p> <p>26.5 26.4 бапта келтірілген міндеттеме бойынша, мәліметтердің ашылуына бөгет болмауы керек: (a) Қосылма тұлғаларға, мердігерлерге немесе қосалқы мердігерлерге мұнайлық операциялардың көздеген мақсаттарына; (b) қызметкерлерге, кәсіби кеңесшілерге, деректерді өңдеу орталықтары және лабораторияларға, керек болған жағдайда, тараптардың қандай болмасын мұнай операцияларын өткізуге байланысты функцияларының орындалуы үшін мердігерлердің құрамына кіретін арналған мұнай операциялары мен банктарға немесе қаржы ұйымдарына; (c) мұнай операциялары мен банктарға немесе қаржы ұйымдарына байланысты жағдайларда; (d) адал цессионерлерге шамаланған немесе тараптардың еншілерінен алушыларға қатысушылардан, мердігерлер қатарына кіретін, немесе тараптардың акцияларының сатылуына байланысты, мердігерлер қатарына кіретін; (e) Мердігерлер қатарына кіретін қай тараптың акциясына тіркелгенге немесе тараптардың Қосылма тұлғаларына байланысты қолданылатын заңның талаптарына сәйкес немесе сотта іс қаралу жағдайлармен байланысты немесе қор биржасының актілерімен сәйкес; (f) мұндай әзірлеумен немесе үкіметтің әзірлеулері үшін мемлекеттік мекемелерге немесе мұндай әзірлеумен мұнай операцияларының статистикалық есептеу нәтижелерінің қатынастарында, немесе осы шарттың орындалуына байланысты немесе тиісті заңның орындалуына немесе мұнайлық операциялармен байланысқан басқа да мақсаттарға; (g) Тараппен ашылмаған кез келген жалпыға мәлім мәліметтердің қатынасында немесе мәліметтерде.</p> <p>26.6 Кез келген мәліметтер, мәлімет және есеп беру нәтижелері, ашылатын Тараптармен, мердігерлердің қатарына кіретін, басқа тараптарға 26.5(a)-(d) бабына сәйкес, мәліметтер немесе есеп беру нәтижелері, осындай мәліметтерді алушылардың құпиялықты сақтауға байланысты шарттарымен ашылады. Компаниялар ақпараттардың ашылуы туралы 26.5-ші бапқа сәйкес үкіметке жедел мәлімет беруі керек.</p> <p>26.7 Контракт жүргізілетін аймаққа қатысты кез келген деректер, ақпараттар және есеп берулер Үкіметтің ойынша өте маңызды, себебі Үкіметпен ұсынылған жер теліміне қатысты ақпараттардың мақсатты ашылуы мүмкін. Сонымен бірге үкімет мұндай мәліметтерді немесе мәліметтерді ашуға құқықты аймақтың геологиялық құрылымын жақсы түсінуге арналған Мердігердің келісімі бойынша оған үшінші тараптардың жақын аумақтарына барлау жұмыстарын іске асыру үшін; мұндай келісімде мердігер уәжсіз бетін қайтара алмайды.</p> <p>26.8 Егер аумақ бұдан-бұлай Контракті ауданының бөлігі болып табылмаса, Мердігер барлық түп нұсқаларды және мәліметтердің көшірмелерін және ақпараттарды үкіметке 1 (жыл) ішінде босатуға не жер телімдерін қайтару үшін берілуіне тиісті. Мердігерлерге дегенмен меншікті пайдалануға арналған мәліметтердің бір көшірмесін сақтауға рұқсат етіледі, керек болған жағдайда; мердігерлер мәліметтерді сату мақсатында немесе басқа жағдайларда қолданбауға міндет артады. Мердігерлер осы бап жағдайларының орындалуы шартта барлық мәліметтер мен ақпараттардың құпиялығын сақтайды (берілген мәтінде түпнұсқада – түсінік ескерту: 26 бапқа сәйкес, және шарттың жағдайлары керісінше болса да, Үкімет барлық мәліметтер және ақпараттарды кез келген тұлғаларға ашып және меншікті қарастыруға еркін пайдалануға құқықты, мердігердің меншікті мәліметтерін қоспағанда, шифрды шешулері және есептік нәтижелер сияқты, сатып алынғаннан кейін немесе кен орындарын барлауға және табуға 3 (үш) жылдан кейін мемлекетке қажетті мәліметтерді алуға жәрдемдесуі керек болғанда. Үкімет босатылған бөлімшелердің қатынасында барлық, барлық мәліметтерді ашып және оған тікелей көрсетілген босаудан кейін еркін пайдалануға құқықты.</p>

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Индонезия	1996 ж.	Минералды қорлар	Келесі жағдайларды қоспағанда, осы 6 тармақта ескерілгендей, үкіметтің барлық мәліметтер және есептеу нәтижелеріне құқығы бар, компанияларға берілген мекеме немесе үкіметке осы келісім шарттың жағдайларынмен байланысты. Мұндай мәліметтер және есептеу нәтижелері, бір шартпен, бәріне белгелі мәліметтерге жоғарыда айтылған шектеулер таралмайды (мысалы, белгілі әдебиеттегі жариялаулары салдарынан немесе, немесе геологиялық және геофизикалық мәліметтер негізінде, қарағанда коммерциялық ғылыми ақпараттар арқасында) және мәліметтер, заңмен және Индонезия нормативтік актілерімен жариялауына сәйкес немесе акционердің тұратын жеріне байланысты шет мемлекетте (мысалы, мемлекеттік органдардың немесе компаниялардың жылдық есептері сияқты); сонымен қатар «деректер» термині жоғарыда айтылған мәнге сәйкес, шектеусіз болады, барлық құжаттар, карталар, жоспарлар, хаттамалар, және басқа да техникалық мәліметтерге сәйкес ақпараттар, сонымен бірге қаржы және коммерциялық сипаттағы мәліметтер. Жоғарыда айтылған мәліметтер мен шектеулерге көп қолданылмайды, тек қана бөлімшелердің шартты аумақтарына қатысты, босатылған компаниялар, 4-бапқа сәйкес мұндай бөлімшелер босатылғаннан кейін. Бұдан басқа, 20 немесе 22-баптарда жоғарыда айтылған шектеулер осы Контрактінің тоқтатылуына байланысты. Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, эксклюзивті ноу-хау компаниялары, оның қосалқы мердігерлері немесе Қосылма тұлғалары, туралы деректер немесе есеп берулер компаниямен берілген ұйымдарға немесе үкіметке осы келісімшарттың жағдайларымен сәйкес, компаниялармен анықталатын осы контрактының орындалуымен байланысты үкіметпен қолданылуы тиісті, және компанияның алдын ала жазбаша келісімінсіз Үкімет үшінші тұлғаларға мәліметтерді ашпауы керек. Мұндай ерекше ноу-хаулар ерекше компаниялар меншіктері болып табылады, оның қосалқы мердігерлері немесе Қосылма тұлғалары, нақты жағдайға байланысты, мерзім ағымында, олар компанияның эксклюзивтік ноу-хаулары болып қала береді. Осы (с) тармағында көрсетілген Ереже ой-ақыл меншігі туралы заңмен және нормативтік актілермен сәйкес осы Келісім-шарттың тоқталуынан кейін де күшін жоғалтпайды, осы немесе басқа уақытта жұмыс істейді. Егер мұндай эксклюзивтік ноу-хауларды заңға сәйкес патенттей алмаса, компаниялар Үкіметтен кемінде үш жыл мерзімінге ноу-хаулар туралы мәліметті Келісім шарттың тоқталуынан кейін ашпауды сұрауға құқығы бар.
Индонезия	1994 ж.	минералды қорлар	Жоғарыда айтылғандай
Индонезия	1991 ж.	минералды қорлар	Жоғарыда айтылғандай

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Ирак	1972 ж.	мұнайлық	Осы шарт бойынша операциялармен сабақтас ұқсас мәліметтер мәліметті тағы басқа барлық жоспарлар, карталар, профильдер, есеп беру нәтижесі, есептік құжаттар, ғылыми-техникалық және экономикалық мәліметтер құпия мәлімет ретінде мердігерлермен қаралады және INOC-тың жазбаша келісімінсіз ақпараттың ашылуына жол берілмейді.
Ирак (Курд ауданы)	2007 ж.	мұнайлық – бір үлгідегі	Шартпен және операциялармен сабақтас, барлық мәліметтер және шарттар құпиялығы, шарттың әсерлі мерзіміне дейін сақталуы керек, және бұл ақпарат пен мәліметтер сырт адамдарға келісім шарт жасасып отырғандардың келісімінсіз айтылмауы керек, кейбір жағдайларды қарастырмағанда, мәліметтер немесе ақпараттар ашылып қалғанда, олардың ашылуына дейін алушыларына белгілі болса немесе қолданылатын заңмен сәйкес болуы керек немесе үкіметтің нормативтік актілері ережелерімен немесе қор биржасымен танылған болуы тиіс. Сонымен бірге Мердігер мәліметтермен ақпараттарды Қосылма тұлғаларға, жұмысшыларға, лауазымды тұлғаларға, директорларға, немесе мәліметтер мен ақпараттарға баға беру; банк немесе қаржылық ұйымдарға ұйымдарда, адал потенциалдық цессионерларға немесе мердігерлердің потенциалдық немесе нақты қосалқы мердігерлерге және жабдықтаушы тұлғалары алдымен құпиялықты сақталуы туралы міндеттемелерін қабылдайды. Үкімет және мердігерлер мәліметтерді пайдалануға құқықты, осыған орай босатылған бөлімшелер кез келген мақсаттарға пайдалануға құқықты.
Ирак (солтүстік аудан)	2002 ж.	Мұнайлық-бір үлгідегі	Қандай да бір мемлекетпен мұнайлық қатынастарда алынған барлық мәліметтер мен ақпараттар, құпия түрде сақталып, келісім шарттың уақыты кезінде үшінші тұлғаға айтылмауы керек, Қосылма тұлғаларды айтпағанда, сонымен бірге құпиялықты сақтау туралы міндеттемемен; келісім шарттың талаптарына байланысты мемлекеттік мекемелер; заң талаптарына сәйкес, нормативтік актілер немесе сот шешімімен; потенциалдық немесе нақты мердігерлер, сенімді өкілдер кеңесшілер, егер жұмысқа тиісті жағдай туындағанда; адал потенциалды цессионерлерге; тараптарды қаржыландыру үшін банктерге немесе басқа қаржы ұйымдарына; немесе мәліметтер бәріне белгілі болған жағдайда Мердігерлер, консультанттар, сенімді өкілдер, потенциалдық алушылар және қаржы ұйымдары кемінде үш жылдық мерзімдегі құпиялық сақталуы туралы жазбаша міндеттеме қабылдауы керек .

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Иран	1997 ж.	мұнайлық	Осы контрактімен қаралған барлық жоспарлар, карталар, есеп беру нәтижелері, есептік құжаттар, ғылыми-техникалық мәліметтер және басқа ұқсас мәліметтер, осы келісім шарт бойынша Мұнайлық операциялар, құпия мәлімет ретінде мердігерлермен қаралады және мағлұматтың ашылуына алдын ала жазбаша келісімсіз берілмейді, кейбір жағдайларды ескермегенде, келесі: бұл заңмен сәйкес қарастырғанда; әзірлеулер және есептеулер нәтижесі және жалпы сипаттық зерттеулерінің жариялануына; немесе потенциалдық жабдықтаушылар мен қосалқы мердігерлердің іздестіруіне. Мердігер және NIOC (Иран ұлттық мұнайлық серіктестігі – аудармашының ескертпесі) меншікті технологияларға қатысты, осындай лицензияның мерзімінің ағымында лицензиялық шектеулерді сақтауға келісеміз.
Иран	2003 ж.	мұнайлақ-үлгідегі	Барлық жобалар, карталар, профилдер есептеу нәтижелері, есептік құжаттар, ғылыми-техникалық мәліметтер және басқа ұқсаса мәліметтер, операциямен байланысты, Контракт бұзылғаннан кейін де құпия түрде сақталады, және мердігер немесе оның Қосылма тұлғасы NIOC олардың алдын ала жазбаша келісімсіз ашпауы керек, егер бұл әзірлеу заңмен сәйкес керек болмаса, немесе есеп беру нәтижелерінің жариялануы болмаса. Екі жақ та, меншікті технологияларға қатысты, лицензиялық шектеулерді толық мерзімінің аяғына дейін сақтайды.
Иран	1973 ж.	мұнайлық	Қызмет көрсету компаниясы мәліметтерді үшінші тұлғаларға ашуға құқығы жоқ, NIOC келісіміне байланысты операциялар құпия ретінде сақталады, кейбір жағдайларды қарастырмағанда, мысалы қосалқы мердігерлерге немесе кеңесшілерге керек жағдайлардан басқа, бірақ Тараптардың екі жағы да міндетті түрде құпиялықты сақтауы керек, және NIOC бұл жағдайдан хабардар болуы тиіс.
Иран	1971 ж.	мұнайлық	Барлық жобалар, карталар, профильдер есеп беру нәтижелері, есептік құжаттар, ғылыми-техникалық мәліметтер және басқа ұқсас мәліметтер, жасалған шартқа сәйкес техникалық операциялар, құпия түрде сақталады және қай Жақ болмасын келісімсіз ашуға болмайды; сонымен бірге себепсіз бас тартуға немесе тоқтауға рұқсат етілмейді.
Иран	1969 ж.	мұнайлық	Барлық жобалар, карталар, профильдер есеп беру нәтижелері, есептік құжаттар, ғылыми-техникалық мәліметтер және басқа ұқсас мәліметтер, берілген шартқа байланысты техникалық операциялар, құпия мәлімет ретінде мердігермен қарастырылады және NIOC келісімсіз қай жақтың болмасын мәліметтің ашылуына жол берілмейді; мұндай келісімнің берілуіндегі сонымен бірге айғақсыз ақау немесе тоқтауға рұқсат етілмейді.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Қазақстан	2001 ж.	минералды қорлар	<p>Контрактінің орындалуы барысында Тараптардың кез келген жағымен алынған немесе өз бетімен алынған ақпараттар құпиялы болып есептеледі. Мемлекет заңымен қарастырылған Тараптардың екі жағы да есеп беру нәтижелерін жобаны әзірлеуге арналған құпия мәліметті қолдануға құқықты. Тараптар құпия ақпараттарды үшінші тұлғаға Тараптың келесі жағының келісімінсіз беруіне құқылы емес, тек мынадай жағдайларда: мұндай ақпараттар бойынша сот-сараптамасы немесе арбитраждық дау-шарлар бойынша іс қаралғанда; мұндай ақпараттар үшінші тұлғаға берілген кезде, Мердігерге қызмет көрсететін үшінші тұлға осы ақпараттың құпиялығын сақтауға жауапкершілікте болады және оны тек мақсатты іске ғана Тараптардың бекіткен мерзіміне шейін пайдаланады; егер осындай ақпараттар банкке немесе басқадай ұйымдарға, Мердігерге шарт бойынша қаржыландыруды ұсынатын банк болсын немесе басқадай ұйым болсын, осы ақпарат бойынша құпиялықты сақтауға жауапкершілікте болады және және оны тек мақсатты іске ғана пайдаланады; немесе Мемлекеттің заңына сәйкес Контракті бойынша барлау және игеру жұмыстарына қатысты барлық құжаттар, ақпараттар және есеп берулер жүргізітін аймақтарда Тараптар құпиялықты сақтау шарттарын анықтайды.</p>
Кайман аралдары	1985 ж.	мұнайлық	<p>Үкімет осы Контракт бойынша Мердігермен ұсынылған барлық ақпараттардың құпиялығын бір жыл аралығында (техникалық ақпараттарға қатысты) сақтайды немесе үш жыл (қаржы мәліметтер қатысты) көрсетілген уақытына байланысты. Осы мерзім аралығында үкіметтің үшінші тұлғаға ақпаратты ашуға құқығы жоқ, тек келесі жағдайларда: 1) мұнай туралы жалпы есеп берулерді дайындау және жариялау мақсатында; 2) юнитизация мақсатында; 3) үкімет пен мердігердің арасында даудың пайда болуына байланысты; 4) қызметтің мониторингіне байланысты. Мердігермен алынған патенттер немесе ноу-хау, мердігердің рұқсатынсыз ашылуға рұқсат етілмейді. Мердігер техникалық және қаржылай мәліметтердің құпиялығын сақтауы керек, тіпті шартқа қатысты аумақтың мәлімет немесе есеп беру нәтижелері бойынша контрактіні бұзудан кейін де, тек қана үкіметтің келісімі болмаса. Үкімет пен Мердігер тиісті мәліметті және қаржы ұйымдары Бірлескен басқару комитетінің қаржылық ұйымдарымен, қосалқы мердігерлермен немесе потенциалды цессионерлермен жасалған шартқа сәйкес, үшінші тұлға ақпараттың құпиялығын сақтаса.</p>

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Камбоджа	2004 ж.	Мұнайлық - үлгідегі	Контракт жүргізілетін аумақтардағы мұнай операцияларына қатысты Тараптармен деректердің және басқадай ақпараттардың алынуы немесе бірінен біріне жіберілуі, Контракт және оған түзетулер енгізу, сонымен бірге Контрактіге қатысты Тараптар арасындағы хат алысулар, келісім шарт үзілгеннен кейін екі жыл бойы құпиялығын сақтап тұрады, келесі жағдайларды қоспағанда: егер бұл Контрактімен рұқсат етілсе немесе басқа Тараптың келесі жағының алдын ала жазбаша келісімі болса; егер Тараптардың біреуі мұндай ақпараттарды үкіметке, министрлікке, Агенттікке немесе шенеунікке, қосалқы мердігерге, мердігердің қосылма тұлғасына, үлесті алушыға, кеңесшіге, банкке немесе қаржылық ұйымдарға [соңғы төрт жыл жағдайында тұлғалармен құпиялықты сақтау туралы келісім жүргізілуі керек]; егер бұл заңға сәйкес нормативтік актілермен немесе қор биржаларының ресми ережелерімен талап етілсе; егер бұл ақпараттар жұртшылыққа белгілі болып табылса.
Камбоджа	2002 ж.	мұнайлық	Жоғарыда көрсетілгендей, Типтік контрактіде.
Камбоджа	1991 ж.	Мұнайлық	Камбоджа үкіметімен Мердігерге Контракт жүргізілетін ауданға және мұнай операцияларын жүргізу қорытындысына сәйкес жүргізілген жер бөлімшелері аумақтары туралы деректер осы келісім мерзімі біткенше құпиялы болып саналады. Министрлік Контрактілі аумақтың бөлімшелерінің қатынасындағы мәліметтерді, Мердігер босатқан Контрактілі аумақтың бөлімшелері туралы ақпаратты басқа потенциалды мердігерлерге ашуға құқылы. Мердігер қосалқы мердігерге, Қосылма тұлғаларға, өздеріне құқық және міндеттеме қабылдаушы, ішкі кеңесшіге, банкке немесе қаржылық ұйымдарға (соңғы үш жағдайда тараптардың арасындағы құпиялық туралы келісім жасау керек болады). Сонымен бірге Мердігер заң талаптарына сәйкес мәліметтер жариялауға құқықты, Ресми қор биржасының нормативтік актілері немесе ережелері туралы, және де егер берілген мәлімет бәріне белгілі болса, онда мұндай деректерді жариялауға құқылы.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Камбоджа	2009 ж.	Мұнайлық-бір үлгідегі	<p>27.1 Осы жасалған Келісім мақсаттарына жататын құпиялық мәліметтер: (а) барлық берілген және басқа да мәліметтер, мұнайлық операцияларға және Контрактілік ауданға сәйкес, бір жақ Тараптан ғана алынып екінші жақтың Тарабына жария етілмейтін деректер; (b) Тараптардың өз ара байланысы туралы Келісім мәтініне түзетулер немесе ұштастырулар енгізу; (c) Бір жақ Тараппен ғана талап етілген барлық деректер 26-бапқа сәйкес құпиялы ақпараттар болып қаралады.</p> <p>27.2 (а) Егер де Тарап міндетті түрде ақпараттарды қарастыратын болса, мәліметті немесе басқа құжаттарды немесе материалдарды құпия мәлімет ретінде қарастырса, немесе Тараптардың екінші жағынан құпия ақпаратты алып тұрса, бұл Тарап құпиялықты сақтауға міндетті, Құпиялы ақпараттың ашылуы тек осы жасалған Келісімде белгіленген жағдайларда немесе Тараптардың келесі жағының алдын ала жазған келісімі бойынша ашылады; соған қарамастан, мұндай келісімдерді себепсіз ұстауға болмайды, егер ақпаратты алушы өзіне ақпараттың құпиялылығын сақтау туралы міндеттеме алатын болса және ол Тарапты қанағаттандырса; (b) 27.2(a) бапта көрсетілген бапта осы Келісім бойынша шарт үзілігеннен кейін екі жылға дейін өз күшін жоғалтпайды.</p> <p>27.3 Тарап келесі қызметкерге және келесі жағдайларда құпия ақпараттарды ашуға құқықты: (а) министрлікке, мемлекеттік органға немесе шенеунікке тиісті, (Камбоджа мұнайының ұлттық басқармасы), CNPA ойы бойынша жағдайларда; (b) мұнай операцияларына қатысқан қосалқы мердігерлерге; (c) Мердігердің кезкелген Қосылма тұлғасына; (d) Мердігер осы келісім шартқа сәйкес өз үлесінің бір бөлігін кез келген заңды тұлғаға беруге ниет еткен, сондай тұлғамен құпиялылықты сақтау туралы шарт жасасады; (e) CNPA немесе оның Мердігеріне ішкі кеңесшінің қызмет көрсетуі қажет болған жағдайларда, мұнай кеңесшімен құпиялылықты сақтау туралы Келісім шарт жасалады; (f) Мердігер қаржы алу мақсатымен банкке немесе қаржылық ұйымдарға өтініш білдірсе, мұндай банкпен немесе қаржылық ұйымдармен құпиялылықты сақтау туралы келісім жасалады; (g) Мердігердің, міндеттеріне қатысты осы Келісім шартпен қойылған шектеулерге сәйкес заңмен немесе Мердігермен қолданылатын нормативтік актілеріне, немесе ресми қор биржасы ережелеріне сәйкес тіркелген Мердігердің немесе оның Қосылма тұлғасының акциялары; (h) егер құпиялылық ақпараттар және (i) Мердігердің немесе оның Қосылма тұлғасының, директордың, немесе лауазымды тұлғаларына жалпыға бірдей ортақ болып табылса;</p>

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Камерун	1995 ж.	мұнайлық - бір үлгідегі	Операцияға қатысты Контракт мәтіні және ақпараттар Тараптардың қарсы жағының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаға беруге құқығы жоқ, тек мынадай жағдайлардан басқа: Камерун билік органдарының ресми сұраныстары; Қосылма компанияларға; мемлекеттік немесе муниципалдық органдардың бұйрықтары негізінде қызмет атқаратын үшінші тұлғаға; Тараптардың кеңесшілеріне; заң немесе нормативтік актілер, қор биржасының ережелерінің талаптарына, потенциалды цессионарларға; егер бұл ақпарат енді жұртшылыққа белгілі болып қалса; осындай үшінші тұлғалар осы ереженің шарттары бойынша құпиялықты сақтауға міндетті. Егер Тараптардың бірі Жобадан шығып кеткен немесе аумақты қайтарған болса, онда олар ақпараттардың құпиялығын Келісім шарт бұзылғаннан кейін бес жыл мерзім ішінде сақтаулары қажет. Оператор осы Контрактіге қатысты немесе Бірлесіп қызмет атқаруда шарттарға сәйкес берілетін барлық хабарламалар мен мәлімдемелердің дайындалуына және жарық көруіне жауапты болады, хабарламалардың көшірмелері алдымен барлық Тараптарға беріледі және Операциялық комитетпен бекітіледі, егер де адамдардың өміріне қауіп төніп тұрмаса, адамдардың өлімі, мүліктік шығындар немесе қоршаған ортаны ластау секілді жағдайлар орын алмаса (қосымша келісім талап етілмейді).
Камерун	2002 ж.	минералды қорлар	Камерун Республика қазір Мердігерден барлықө есеп берулер, талдау қорытындылары, журналдар, геофизикалық деректер, карталар және басқа ақпараттар, тексеру барысында немесе басқа әдіспен қарағанда «Өндірістік құпия» болып танылады. Мемлекет Мердігерге, Камерун Республикасы және оның агенттері немесе шенеуніктері мұндай Өндірістік құпияларды Мердігердің алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаға берулеріне кепіл болады.
Канада	2006 ж.	минералды қорлар	Келісім мерзімі кезіндегі әрекет және ол бұзылғаннан кейін он екі ай көлемінде Мердігер «өте құпиялы» ақпараттарды сақтайды және Компанияның келісімінсіз ресми түрде жұртшылыққа жария болмаған оның қызметі, мүлкі туралы ақпараттарды пайдаланбайды, тек бұл Компанияның мүддесі үшін талап етілмесе.
Қытай	2002 ж.	минералды қорлар	Геологиялық және басқа техникалық ақпараттар, сандық деректер, жедел және өндірістік ақпараттар құпиялы болады және тек қана тиісті жобаларда ғана пайдаланылады. Егер Тараптар бұл ақпараттар туралы егжей-тегжейлі жұртшылыққа жария жасағылары келсе, онда ол, егер мұндай ақпарат шығып кетпеген болса қарсы Тараптың келісім алуы қажет.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Қытай	2006 ж.	минералды қорлар	Тараптар, Тараптың екі жағы да қолданыстағы заңға сәйкес таукен кен орындарын табу және барлау бағдарламаларының басталуының жедел қорытындылары бойынша жария жасалуы заң жүзінде талап етілген жағдайларда орын алатынын мойындайды. Барлық ақпараттар Компанияның меншігі болып табылады және Тараптардың әр қайсысы да құпиялылықты сақтаулары керек.
Қытай	2004 ж.	минералды қорлар	Осы Контрактінің әрекет етуі мерзімінде және Контрактінің әрекет ету мерзімі біткенде немесе басқа себептерге байланысты тоқтатылғанда, Құпия ақпараттарды алған Тараптар құпиялықты сақтауға қатысты Құпиялы ақпараттарды 5 (бес) жыл бойы сақтауға, басқа тұлғаларға ашпауға; тек, ақпаратты ашатын Тараптың жазбаша келісімі немесе 9.2 және 9.2 баптарына сәйкес келсе; Құпиялы ақпараттарды Контрактілердің міндеттемелерінен басқа мақсатқа пайдалануларына болмайды. Контрактінің әрекет етуі уақытында Құпиялы ақпараттарды алған Тараптар жағы (ары қарай Алушы) контракті мақсатына қажет болса және негізді болса, онда ондай ақпараттарды кезкелген қызметкерге ашуға болады. Алушы тараптар жағы ақпараттардың құпиялылығын сақтау туралы міндеттемелерді сақталуын қамтамасыз ететіндіктері туралы ақпаратты береді. 9.1-9.3, баптары міндеттеме бойынша Құпиялы ақпарат болып есептелінбейді; Мүмкін Алушы тараптар жағымен ашушы тараптар жағының дәлелдемелерімен қанағаттанғаныры белгілі болған шығар, себебі; бұл туралы ақпараттар ашылмай тұрып-ақ алушы тараптарға белгілі болған; немесе Алушы тараптардың иеліге үшінші тұлғалар арқылы беріледі. Осы Ережедегі 11-бапқа сәйкес Контракт өз қызметін тоқтатқаннан және Бірлескен кәсіпорынды жойылуынан немесе таратылуынан кейін де өз күшінде қала береді. [Еркертү: Контракті түнұсқасында қате кеткен, құпиялылық 11-бапта емес, 9-бапта көрсетілген.]

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Қытай	1985 ж.	мұнайлы	Контракт жүргізілетін аумақтардағы мұнай операцияларына қатысты құжаттар, ақпараттар, деректер және есеп берулер, Мелекеттік компанияның анықтауы бойынша Қытайдың қолданыстағы заңдарына және нормативтік актілеріне және халықаралық тәжірибесіне сәйкес белгілі бір мерзімге шейін құпиялы болып табылады, тек мына жағдайларды қоспағанда: Мемлекеттік компанияның жазбаша келісімі ұсынылғанда; Мұнай операцияларын қатысты үшінші тұлғалар немесе Қосылма тұлғаларға қажеттілік туындағанда; немесе заң талаптарына, ресми қор биржаларының ережелері немесе тәртібіне сәйкес болғанда; Мемлекеттік компания патенттелген, өз иелігіндегі немесе Мердігермен берілген құпия технологиялар бойынша ақпараттарды, Мердігердің жазбаша келісімінсіз ашуға құқығы жоқ, тек патенттің әрекет ету мерзімі аяқталғанда немесе бұл технологиялар бойынша ақпараттар жұртшылыққа мәлім болғанда.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Қытай	2002 ж.	мұнайлы	<p>22.1 CNPC құпиялылықты сақтау мерзімін Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Контракті бойынша Мұнай операциялары жүргізілетін аумақтарда, барлық құжаттарды ақпараттарды, деректерді және есеп берулерді қолданыстағы заңдарына және нормативтік актілеріне және халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, соған сәйкес белгілейді.</p> <p>22.2 Контракті бойынша Тараптың бір жағы, келесі Тараптың жазбаша келісімінсіз, Контракті шартында көрсетілген құпиялылығы көрсетілген мерзімінсіз ашуына болмайды. Осы Контрактінің 22.1 бабында көрсетілгендей құжаттар, ақпараттар, деректер және есеп берулер немесе Бірлесіп басқару комитетімен қаралатын құпиялылықты кезкелген Үшінші тұлғаға ашуына болмайды, тек осы Контрактінің 22.5 бабына сәйкес Үшінші тұлғаның және Контрактіні орындау бойынша байланысы бар кезкелген Қосылма тұлғаның, және Контракті Тараптарының ешқайсысының да құпиялықтың сақталуы мерзімінде осы деректерді беруге, сыйлауға, сатуға немесе баспасөзде жариялауына болмайды. Алайда, егер Департамент немесе Бөлім Контракті жүргізілетін аумақтағы мұнай тұнбасы бассейнін бірлесіп барлауға және игеруге Үшінші тұлғаны шақыруға шешім қабылдаса және (немесе) басқа қосымша аумақтарда, CNPC Үшінші тұлғаға келесі шығыс құжаттарын және ақпараттарды немесе олардың расшифровкаларын беруге құқылы: (a) шығыс деректері, ақпараттар және олардың шифрларын ашу, CNPC 2 (екі) жыл бойы сақталады және ол осы Контрактінің 5-бабына қатысы бар босаған жер бөлімдеріне сәйкес болады; (b) шығыс деректері, ақпараттар және олардың шифрларын ашу, барлаудың екінші сатысының аяғында табылған орындарға қатысты болады, егер Мердігер осы Контрактінің 6.4(a) бабына сәйкес таңдау жасаса немесе аяқталуына байланысты құны белгіленсе, онда CNPC Үшінші тұлғадан жоғарыда көрсетілген шығыс деректері, ақпараттар және олардың шифрларын ашу туралы өздерімен ұсынылған деректер бойынша құпиялылықтың сақталуына Міндеттеме қабылдауды талап етеді. CNPC Қытай Халық Республикасы қолданыстағы заң ережелеріне және нормативтік актілеріне және мемлекеттік ведомствалар және олардың бөлімдерінің сұранымдарына сәйкес, оларға барлық құжаттарды, ақпараттарды, деректерді және есеп берулерді осы Контрактіде көрсетілген барлық құжаттарды береді.</p> <p>22.3 Контрактінің әрекет жасау мерзімі және оның аяқталуынан кейін де CNPC үшінші тұлғаға Контракт бойынша, қандай да бір патент, ноу-хау және Мердігермен берілген меншікті технологиялар туралы Мердігердің жазбаша келісімінсіз ашуына болмайды, тек патенттің әрекет ету күші аяқталғанда, және иелігіндегі құпиялы технология көпшілікке бірдей белгілі болғанда.</p> <p>22.4 Контракті бұзылғаннан кейін немесе құқықтан бас тартқаннан кейін және (немесе) Контракті міндеттемесінің 23-бабына сәйкес Мердігер және кезкелген цессионер осы Контрактінің 22.2 бабында көрсетілген құпиялықты сақтау мерзімі уақытында құжаттардың, ақпараттардың, деректердің және есеп берулердің құпиялылығын сақтауға міндетті, тек, Тараптардың келісімімен баспа сөз беттерінде жарияланған ресми құжаттар және ақпараттардан басқа.</p> <p>22.5 CNPC Контрактіні орындау мақсатында және Мердігердің құрамындағы әр компаниялар, Бірлесіп басқару комитетінің және CNPC тексеруінен кейін, Мұнай операцияларына байланысты қажетті құжаттарды, ақпараттарды, деректерді және есеп берулерді Үшінші тұлғаларға және Қосылма тұлғаларға береді. Үшінші тұлғаларға және Қосылма тұлғаларға жататындар:</p> <p>22.5.1. Контрактіні орындау мақсатында қаржы алуға байланысты Контракті Тараптарының бірі Банктерге немесе несие беретін мекемелерге өтініш білдірсе;</p> <p>22.5.2. Мұнай операцияларын жүргізуде қызмет көрсетуге қатысты Үшінші тұлға және Қосылма тұлға, сонымен бірге қосалқы мердігерлер және басқа да сервистік қызмет көрсететін мердігерлер;</p> <p>22.5.3. Цессионерлер цессионер, Контракт бойынша міндеттеме құқығы және (немесе) берілуі мүмкін.</p> <p>22.6. Тараптармен қажетті ақпараттар, деректер және есеп берулер Үкіметке және қор биржаларына Мемлекеттің заңдарына сәйкес берілуі мүмкін, сол елдердің иелігіндегі компаниялардың шарттары бойынша Тараптар бұл туралы Бірлесіп басқару комитеттеріне алдын ала хабарлап қояды.</p> <p>22.7 Құжаттарды, ақпараттарды, деректер мен есеп берулерді Үшінші тұлғаларға және Қосылма тұлғаларға бергеннен кейін, осы Контрактінің 22.5-бабына сәйкес CNPC Мердігердің құрамындағы әр компаниялар Контрактіні орындау мақсатында, осы Контрактімен қарастырылған құпиялылықты қамтамасыз ету бойынша міндеттеме қабылдауды талап етеді, немесе мұндай талаптарды бұзғандығы үшін толықтай жауапкершілікте болады.</p>
Қытай	2002 ж.	мұнайлы	Жоғарыда көрсетілгендей, дегенмен, көмір кен орындарындағы метанды игеруге қатысты аздаған өзгертулер бар.
Қытай	2002 ж.	мұнайлы	Жоғарыда көрсетілгендей.
Қытай	2002 ж.	мұнайлы	Жоғарыда көрсетілгендей.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Қытай	2002 ж.	мұнайлы	Жоғарыда көрсетілгендей.
Қытай	2002 ж.	мұнайлы	Жоғарыда көрсетілгендей.
Қытай	1998 ж.	мұнайлы	Жоғарыда көрсетілгендей, дегенмен, құрғақ тағы және таяз сулардағы кен орындарын игеруге қатысты аздаған өзгертулер бар.
Қытай	2002 ж.	минералды қорлар	Барлық геологиялық және басқа техникалық ақпараттар, сандық деректер, жедел және өндірістік ақпараттар құпиялылықта сақталуы керек және тек қана тиісті жобаларда ғана пайдаланылуы қажет. Егер Тараптардың бір жағы белгілі бір ақпараттың жариялануын талап етсе, оның баспасөзде жарияланған ақпаратқа ешқандай қатысы болмаса да, онда Тараптардың келесі жағынан алдын ала келісім алғандары дұрыс болады.
Колумбия	2004 ж.	мұнайлық – бір үлгідегі	Тараптар, егер де операция қорытындысына сәйкес алынған, құрастырылған немесе талданған барлық деректер және ақпараттар, өте құпиялы болып құрылған күнінен бастап күнтізбелік бес жыл аяқталғанша саналады. НЕМЕСЕ Контракті аяқталғанша немесе осы ақпараттарға қатысы бар бөлімшелер ертерек аздап қайтарыла бастаса. Деректерді ашу құпиялы болып саналады және ол жиырма жыл бойы сақталады немесе Контракті аяқталғанға дейін, немесе бөлімшелер ертерек аздап қайтарыла бастаса. Мыналарға шектеулер қойылмайды: заңға сәйкес ақпараттардың ашылуы талап етілсе; немесе Қосылма тұлғаларға, кеңесшілерге, мердігерлерге, аудиторларға, заң кеңесшілеріне, қаржылық ұйымдарға, құзырлы органдарға, юрисдикцияларға қажетті деректер бұлардың барлығы да Тараптарға таратылады немесе олардың Қосылма тұлғаларына, немесе қор биржаларына мынадай шартпен Тараптың келесі жағын мұндай жарияланым болатыны туралы хабардар етеді. Мердігер потенциалды цессионариға деректер немесе ақпараттарды беруге құқылы, мынадай шартпен, мұндай тұлға құпиялылықты сақтау туралы келісімге қолын қояды.
Колумбия	2005 ж.	мұнайлық	Жоғарыда көрсетілгендей, ештеп аздаған өзгерістер бар.
Колумбия	2006 ж.	мұнайлық	Жоғарыда көрсетілгендей, ештеп аздаған өзгерістер бар
Колумбия	1987 ж.	мұнайлық	Құпиялылықты сақтау туралы бап жоқ.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Колумбия	2005 ж.	мұнайлық	Барлық деректер және ақпараттар операция қорытындысына сәйкес алынған, құрастырылған немесе талданған барлық деректер және ақпараттар, өте құпиялы болып құрылған күнінен бастап күнтізбелік бес жыл аяқталғанша саналады. НЕМЕСЕ Контракті аяқталғанша немесе осы ақпараттарға қатысы бар бөлімшелер ертерек аздап қайтарыла бастаса. Деректерді ашу құпиялы болып саналады және ол жиырма жыл бойы көмірсутекті кен орындары мәселесімен айналысатын Ұлттық агенттікке тіркелгеннен бастап контракті аяқталғанша немесе осы ақпараттарға қатысы бар бөлімшелер ертерек аздап қайтарыла бастаса. Құпиялықты сақтау туралы міндеттеме келесі жағдайларда қолданылмайды: заңға және нормативтік актілерге сәйкес деректерді және ақпараттарды беру талап етілгенде; еншілес кәсіпорындарға, кеңесшілерге, мердігерлерге, аудиторларға, заң кеңесшілеріне, қаржылық ұйымдарға ақпараттарды беру талап етілгенде; құзыретті органдарға, Тараптарға қатысты юрисдикцияларға олардың еншілес кәсіпорындарына ақпараттарды беру талап етілгенде; қор биржаларына ақпараттарды беру талап етілгенде; потенциалды цессионериларға шартқа сәйкес құпиялықты сақтау туралы міндеттемеге қол қойғаннан кейін ақпараттарды беру. Алайда, Тараптардың келесі жағы ақпараттардың ашылғандығы туралы міндетті түрде хабардар болуы керек. Көмірсутекті кен орындары мәселесімен айналысатын Ұлттық агенттік Мердігермен іске асырылған операциялардың қорытындысы туралы кез келген деректерді және ақпараттарды үшінші тұлғаларға бермеуге ықыласты, тек, мына жағдайлардан, өз қызметіне байланысты заң ережелерін сақтау қажеттілігі туындағанда. Басқадай жағдайларда Агенттік Мердігерден алдын ала рұқсат алуы керек.
Колумбия	1998 ж.	мұнайлық	Құпиялықты сақтау туралы бап жоқ.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Либерия	2008 ж.	Минералды қорлар	<p>Төмендегі шектеулерді есепке ала отырып және қолданыстағы заң талаптарына сәйкес Тараптардың әр жағы [үш жыл] бойына Тараптардың қарсы жақтарынан алынған ақпараттың ашық болуынан бастап, жазбаша түрде ақпараттардың құпиялылығын жария етуге болмайтынына міндетті болады, (ары қарай «Құпиялы ақпарат»), басқа тұлғаларға ақпаратты берген Тараптардың жазбаша келісімінсіз ештеңе бермейді. Ақпаратты құпиялы деп белгілеген Тарап, мұндай ақпаратты зерттеп білгеннен кейін, нық сеніммен шешкен, мұндай ақпараттың үшінші біреуде болғаны оның Тарабы жағына да және экономикалық жағдайына да кері әсері болады деп есептейді. Қандай жағдайда да, құпиялы ақпарат: белгілі бір жағдайларда жұртшылыққа Тараптар оның ашықтығын жарияламастан бұрын тарап кеткен болса, онда құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме жасалмайды; Тараптардың әрекетінен немесе әрекетсіздігінен ақыр соңында, бөтен тұлғадан тыс, ақпараттар жұртшылыққа жария болса; Үкіметке 17.5, бабымен ұсынылған ақпарат бұл қаржылық есептер болып табылады және жұртшылыққа басқа жолдармен тараған ақпараттар, бұлар негізінде коммерциялық емес, ғылымға негізделген құндылықтар, Компания жоспарланған аумақтағы жер бөлімдеріндегі кен орындарын игеру жұмыстарын барлауға және жүргізуге қатысты лицензияларының жарамсыздығын көрсетпеген, мысалы, геологиялық немесе геофизикалық деректерді көрсетпеген; немесе жалпыға бірдей заңға сәйкес ашылған істер бойынша немесе соттың соңғы қорытынды шешіміне шағым беруге жатпайтыны соттың ақтық үкімі. Әрбір Тарап Құпиялы ақпараттың құпиялылығын сақтайды, ал құпиялар ережеге сай жағдайлар арқылы ашылған, өйткені, әрбір Тарап жағы өзінің ақпараттық құпиялылығына орай қабылдаған. Сондықтан, мұндай Тарап жағы Құпиялылық ақпаратын беруге немесе жария етуге ерікті: өзінің қаржыгеріне, заңгеріне және басқа да кәсіби кеңесшілеріне (егер мұндай жариялау осы Контрактінің орындалуына негізді болатын болса) немесе басқа тұлғаға беру, әйтпесе, жария ету аса қажеттілік тудырса, немесе, басқадай заңдардың, ережелердің, нормативтік актілер мен бұйрықтардың сақталу барысы Тараптарға қажеттілік тудырса; Соттың шақыру қағазына жауап қайтару, әйтпесе, соттың басқадай шаралы жұмыстары; сот ісінде қаралып жатқан іс барысына тиісті Тараптар қатынасып, өздерінің мүдделерін қорғауға аса қажетті болса; немесе, жүзеге асырылмай қалған, әлі де жүзеге асырылуға тиісті жағдайлар кездесіп қалса, бірақ тиісті Тараптар ерекше шешімге келіп, мұндай ақпаратты беру немесе жариялау міндетті деп, әйтпесе, Осы Контрактіге сай іске асыруға, немесе, құқықты қорғау және құқықты қорғаудың жолдарын шешуді жөн деп ұйғарса келісім сақталады. Бұл Келісімшарт құпиялылыққа есептелмейді, Компания ақпараттардың сақталуына құқылы емес, егер роялти мерзімі мен мөлшеріне және басқа да төлемдеріне, осы Келісімшарттарында көрсетілгендей Салық пен Баж алымының немесе ақпараттың осындай роялти мен тиісті төлемдері ставкалары Компаниямен міндетті болса, құпиялылықты сақтамауға құқылы.</p>
Либерия	2009 ж.	минералды қорлар	Жоғарыда көрсетілгендей.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
Либерия	2006 ж.	минералды қорлар	Тараптардың осы Келісімшартта көрсетілген бір-бірімен алмасатын ақпараттарының барлығы осы Келісімнің негізінде, VII СОМ-ның 2-бабына сәйкес құпиялылығы сақталатын болса, онда құпиялы ақпарат деп танылады. Осы Келісім бойынша Тараптар алдын ала Тараптардың бірінің жазбаша келісімі болмаса, басқа тұлғаға мұндай ақпараттарды ашпауға келіседі, дегенмен, себепсіз қарсылық жасауға және (немесе) мұндай келісімдерді беруді кешкіруге жол берілмейді. Алайда, жоғарыда айтылғандардың мыналарға қатысы жоқ: банк ұйымдарына, КОНЦЕССИОНЕР немесе ҮКІМЕТ кеңесшілеріне және де жүргізілген Операциямен байланысы бар барлық тұлғаларға. Құпиялылықты сақтау туралы VII-баптың 1-тармағында белгіленген осы Міндеттеме Тараптар арасындағы алмасатын жұртшылыққа белгілі ақпараттарға немесе, қолданыстағы заңға сәйкес КОНЦЕССИОНЕР басқа тұлғаға ашуға міндетті болғанда қолданылмайды.
Мальта	2003 ж.	мұнайлы	Үкіметпен алынған Қарастыру-барлау іздестіру жұмыстары бойынша барлық ақпараттар және техникалық, геологиялық немесе коммерциялық сипаттағы деректер өте құпиялы болып есептелінеді және үшінші тұлғаға Үкіметтің жазбаша келісімінсіз жария етуіне жол берілмейді, тек мынадай жағдайларда: қызметкерлерге, кеңесшілерге, мердігерлерге, заң кеңесшілеріне немесе аудиторларға құпиялылықты сақтау туралы шартпенен жол беріледі; Қажет болған жағдайда заңға сәйкес Үкіметтің немесе қор биржасының талаптары мен ережелеріне; деректер жұртшылыққа белгілі болғанда; қарастыру-барлау іздестіру жұмыстары бойынша арбитрларға, потенциалды цессионарларға, қаржылық кеңесшілерге немесе инвесторларға; Үкіметтің Мердігерден алынған ақпараттарға қатысты өзара міндеттемелері бар. Құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме Контракті қызметі атқарылатын мерзімге дейін сақталады, дегенмен, Мердігер Үкіметке өзінің тілегі бойынша өнімдерді бөлу жөніндегі тілегін білдірген Контрактіге қолын қойған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуы тиіс.
Мексика	1991 ж.	мұнайлық – бір үлгідегі	Мердігермен контрактіге қатысты операцияларды жүргізу кезіндегі алынған ақпараттардың барлығы да құпиялы болады және «Ретех» компаниясынан тыс, басқа тұрғаларға не компанияларға жариялауға рұқсат берілмейді.
Мексика	2004 ж.	минерал-дны қорлар	Құпиялылықты сақтау туралы бап жоқ.

Ел	Дата	Келісім-шарт түрі	Құпиялықты сақтау туралы мақала немесе мақалаға қысқаша шолу
